Сонымен қатар, педагогикалық университетте биология мұғалімінің кәсіби дайындығының негізгі бөлігі әрдайым оның әдістемелік дайындығы болып саналады, ол студенттерге биологиялық оқу материалын таратудың тиімді әдісін мақсатты түрде оқытудан тұрады. Педагогикалық

университеттегі биология мұғалімін әдістемелік даярлаудың қолданыстағы жүйесінің тиімділігін талдау нәтижесінде болашақ биология мұғалімдерінің педагогикалық университетте кәсіби даярлау нәтижелері білім беру жүйесінің қызметкерлері тарапынан да, осы дайындықпен айналысатын мұғалімдер тарапынан да көңілдері толмайтыны анықталды. Әдістемелік дайындықтың сипаты мен сапасына студенттер де толық қанағаттанбайды [8].

Биология мұғалімінің ақпараттық әрекеті Н. Д. Андрееваның зерттеуінде сипатталған [9]. Н. Д. Андрееваның анықтамасы бойынша биолог студенттерді әдістемелік даярлаудың мақсаттары:

– әдістемелік теорияларды меңгеру, әдістемелік заңдылықтар туралы білімді қалыптастыру: биологиялық ұғымдардың мазмұнына байланысты оқыту әдістері мен құралдарын таңдау;

– мұғалімнің кәсіби әрекеті мен еңбегінде ойлауды, қарым-қатынас мәдениетін, педагогикалық қабілеттерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамыту;

– кәсіби маңызды практикалық дағдыларды дамыту: биология бойынша оқу-тәрбие процесін жобалау, ұйымдастыру, іске асыру, бағалау [9].

Осыған байланысты біз генетика бойынша жобалардың (кесте 1) оңтайлы тақырыптарын ұсынамыз. Сонымен қатар, кейбір тақырыптар болашақ кәсіби әрекетінің бағытына сәйкес етіп алынды, яғни бір жағынан, студент білім алушы ретінде пән бойынша оқу тақырыбын игере алатындай, екінші жағынан болашақ мұғалім ретінде әдістемелік мәселені қойып, шеше алатындай етіп таңдалды.

Кесте 1 – Генетика пәнінен жобалық жұмыстардың тақырыптары

Генетиканың негізгі мәселелері	Жобалар тақырыптары
Генетикалық ақпаратты сақтау мәселесі	1 Моногибридтік және дигибридтік будандастыруда белгілердің тұқымқуалауын методикалық зерделеу проблемалары 2 Генетикалық зерттеу әдістерін қолдану мәселелері 3 Генетика тарихының даму мәселелері 4 Тұқымқуалаушылықтың молекулалық негіздерін зерделеу мәселелері 5 Генетикалық ұғымдардың қалыптасу және даму методикасы
Генетикалық ақпаратты өткізу мәселесі	1 Жеке дамудың генетикалық негіздерін зерделеу мәселелері 2 Гендердің әрекеттесуі кезіндегі белгілердің тұқымқуалауына қатысты есептерді шығару мәселелері 3 Т. Морганның тұқымқуалаушылықтың хромосомалық теориясын зерделеу мәселелері 4 Жасушалардың бөліну тәсілдерін зерделеу мәселелері

Генетикалық ақпаратты жүзеге асыру мәселесі	5 Тұқымқуалайтын және тұқымқуаламайтын өзгергіштікті оқытуда интерактивті көрнекіліктерді қолдану мәселелері
Генетикалық ақпараттың өзгеру мәселесі	1 Мутагенез және мутация механизмдерін оқытуды методикалық қамтамасыз ету мәселелері 2 Адамның тұқымқуалайтын аурулары 3 Клондаудың ғылыми және этникалық мәселелері 4 Н. И. Вавилов бойынша селекцияның ғылыми генетикалық негіздері 5 Қазіргі генетиканың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары

Қорытынды

Студенттердің заманауи кәсіби дайындығының негізгі бағыттарына сәйкес оқу пәні мазмұнының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тұлғаның қандай қасиеттерін дамыту және қалай дамыту керек екеніне ерекше назар аударғанымыз жөн. Атап айтқанда, оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін жандандыруды қамтамасыз ететін оқу сабақтарын ұйымдастырудың жаңа әдістері мен формаларын шығармашылық іздеуге дайындау, шығармашылық қабілеттерін, сыни ойлауын дамыту; студенттердің оқу және ғылыми әдебиеттермен өзіндік жұмыс жасау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Студенттің өзі мақсат, гипотеза қалыптастыратын және орындау әдісін таңдайтын жұмыстарды орындау қажет. Дәл осындай жобалық қабілеттерінің арқасында болашақ мұғалім әлеуметтік тапсырыстың өзгеруіне, биологиялық білім мазмұнының өзгеруіне, педагогикалық теория мен практикадағы инновацияларға тез жауап бере алады [10].

Пайдаланған деректер тізімі

1 Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988. [Электронный ресурс]. – <https://iqa.kz/normativno-pravovye-dokumenty-rk/gosudarstvennye-programmy>.

2 Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 10 января 2018 г. «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» [Электронный ресурс]. – https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazhastana-10-yanvary-2018-g

3 **Темина, С. Ю., Портнова, Т. А.** Общее и особенное в концепциях проблемного и проектного обучения // Научно-методический журнал «Педагогика и психология». – № 2(15). – 2013, маусым. – С. 42–47.

4 **Ильин, Г. Н.** Проектное образование и становление личности // Высшее образование в России. – 2001. – № 4. – 22 с.

5 **Инфанте, Д., Кузнецова, Ю. А., Любимова, А. К.** Руководство по внедрению проектно-ориентированных методов в образование : Учебно-методические материалы. – Н. Новгород : ННГУ, 2007. – 124 с.

6 **Чанова, М. В.** Методика использования метода проектов в обучении географии России : Автореф. – Нижний Новгород, 2009.

7 **Крюков, В. И.** Генетика. Часть 1. Введение в генетику. Молекулярные основы наследственности : Учебное пособие для вузов. – Орел : Изд-во ОрелГАУ, 2006. – 176 с.

8 **Стенякова, Н. Е.** Профессиональная подготовка будущего педагога в процессе изучения дисциплин педагогических циклов [Текст] : автореф. дис. ... канд. пед. наук : 13.00.08 / Н. Е. Стенякова. – Пенза, 2007. – 19 с.

9 **Андреева, Н. Д.** Методологические подходы к модернизации биологического образования в общеобразовательной школе // Методология и методика научных исследований в области биологического и экологического образования : Сборник материалов III методологического семинара, 11-13 ноября 2003 года, Выпуск 2, Санкт-Петербург. – СПб. : Изд-во «ТЕССА», 2003. – С. 13–15.

10 **Орлова, Л. Н.** Основные направления методической подготовки учителей биологии/ Академическая интеграция. – № 1/2. – 2005. – С. 29–33.

References

1 Gosýdarstvennaia programma razvitiia obrazovaniia i nauky Respyblikii Kazahstan na 2020–2025 gody. Ýkaz Prezidenta Respyblikii Kazahstan ot 27 dekabria 2019 goda № 988. [State program for the development of education and science of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019 No. 988] [Electronic resource]. – <https://iqa.kz/normativno-pravovye-dokumenty-rk/gosudarstvennye-programmy>.

2 Poslanie Prezidenta Respyblikii Kazahstan N. Nazarbaeva narodu Kazahstana. 10 yanvaria 2018 g. «Novye vozmojnosti razvitiia v ýsloviiah chetvoroj promyshlennoj revoliýtsii» [Message of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev to the people of Kazakhstan. January 10, 2018 «New development opportunities in the context of the fourth industrial revolution»] [Electronic resource]. – https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazhastana-10-yanvary-2018-g.

3 **Temina, S. Iy., Portnova, T. A.** Obshee i osobennoe v kontsepcziakh problemnogo i proektnogo obycheniya. [General and special concepts of problem-based and project-based learning]. In Scientific and methodological journal «Pedagogy and psychology». – № 2(15). – 2013, June. – P. 42–47.

4 **Ilyin, G. N.** Proektivnoe obrazovanie i stanovlenie lichnosti. [Projective education and formation of personality]. In Higher education in Russia. – 2001. – No. 4. – 22 p.

5 **Infante, D., Kyzneczova, Iy. A., Lybimova, A. K.** Rykovodstvo po vnedreniyu proektno-orientirovannykh metodov v obrazovanie. [Guidance for implementation of project-oriented methods in education]. In Educational and methodical materials. – N. Novgorod : UNN, 2007. – 124 p.

6 **Chanova, M. V.** Metodika ispolzovaniya metoda proektov v obychenii geografii Rossii. [Method of using the project method in teaching geography of Russia] . Abstract. – Nizhny Novgorod, 2009.

7 **Kriykov, V. I.** Genetika. Chast I. Vvedenie v genetiky. Molekulyarnye osnovy nasledstvennosti : Ychebnoe posobie dlia vyzov. [Genetics. Part 1. Introduction to genetics. Molecular basis of heredity : Textbook for universities]. – Orel : OrelGAU Publishing house, 2006. – 176 p.

8 **Stenyakova, N. E.** Professionalnaya podgotovka bydyshhego pedagoga v protsesse izycheniya ditsiplin pedagogicheskikh tsiklov. [Professional training of future teacher in the process of studying of disciplines of pedagogical cycles] [Text] : Author. Dis. Kand. Ped. Sciences : 13.00.08 / Ed. N. E. Strakova. – Penza, 2007. – 19 p.

9 **Andreeva, N. D.** Metodologicheskie podhody k modernizatsii biologicheskogo obrazovaniya v obsheobrazovatelnoi shkole [Methodological approaches to the modernization of biological education in secondary schools] // In Methodology and methods of scientific research in the field of biological and environmental education : proceedings of the III methodological seminar, 11-13 November 2003, Issue 2. – St. Petersburg : Publishing house «TESSA», 2003. – P. 13–15.

10 **Orlova, L. N.** Osnovnye napravleniya metodicheskoi podgotovki uchitelei biologii. [Main directions of methodical preparation of teachers of biology] / In Academic integration. – No. 1/2. – 2005. – P. 29–33.

Материал 29.12.20 баспаға түсті.

G. U. Abishova

Определение функций проблемного подхода в формировании проектной деятельности студентов-биологов

Международный казахско-турецкий университет
имени Ходжа Ахмеда Ясави,
Республика Казахстан, г. Туркестан.
Материал поступил в редакцию 29.12.20.

G. U. Abishova

Defining the functions of the problem approach in the formation of project activities of biology students

Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University,
Republic of Kazakhstan, Turkestan.
Material received on 29.12.20.

В этой статье рассматривается процесс формирования готовности студентов-биологов к проектной деятельности. Известно, что основой профессиональной подготовки учителя биологии в вузе всегда считалась его методическая подготовка, способствующая обучению студентов эффективным способам трансляции учебного биологического материала. В своем исследовании мы показали, что метод проектов является одним из способов реализации проблемного обучения, поскольку в основе и проблемного обучения и метода проектов лежит возникновение и формирование проблемы. Следует отметить, что тема и проектные задания выполняют ведущую роль в реализации метода проектов, поскольку именно в них заключается проблема, именно на их основе разворачивается дальнейшая проектная деятельность обучающегося. В связи с этим нами предложены примерные темы проектов по генетике, которые оптимальны для реализации метода проектов. Кроме того, некоторые темы подобраны так, чтобы проблема была поставлена и решена с учетом направления их будущей профессиональной деятельности, то есть как студенты они могли осваивать учебную тему по дисциплине и как будущие учителя они могли ставить и решать методическую проблему.

Ключевые слова: проект, проектная деятельность, метод проектов, проектное обучение, исследование.

This article discusses the process of forming the readiness of biology students for project activities. It is known that the basis of professional training of a biology teacher at a University has always been considered his methodological training, which contributes to teaching students effective ways to translate educational biological material. In our research, we have shown that the project method is one of the ways to implement problem-based learning, since both problem-based learning and the project method are based on the emergence and formation of a problem. It should be noted that the topic and project tasks play a leading role in the implementation of the project method, since they are the problem, and it is on their basis that the further project activity of the student unfolds. In this regard, we have proposed sample topics of projects on genetics that are optimal for the implementation of the project method. In addition, some topics are selected so that the problem was posed and solved taking into account the direction of their future professional activity, that is, how students they could master the educational topic in the discipline and how future teachers they could set and solve the methodological problem.

Keywords: project, project activity, project method, project training, research.

FTAMP 34.01.45

<https://doi.org/10.48081/NKBF8791>**М. Б. Абишева¹, О. Г. Тавстуха², Т. Ы. Кеншінбай³**

^{1,3}Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.;

²Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университет,
Орынбор қ., Ресей Федерациясы

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҮШТІЛДІЛІК БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл мақалада қазіргі таңда қоғам алдында жаһандану үдерісінде бәсекеге қабілетті көптілділік құзыреттілігі әсетілген маман даярлау мәселесі жайында айтылған. Орта мектептерде көптілділікті қалыптастыру үшін сол жерде білім беретін мамандардың кәсіби дайындығы маңызды екендігі сөзсіз. Осы тұрғыда қазіргі таңдағы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті педагог мамандардың көптілділік құзыреттілігін дамыту, қоғам қажеттілігіне сай кәсіби тұлғаны дайындау еліміздің білім беру жүйесіндегі шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелердің бірі айтылғын. Биологиялық білім беру мәселелерімен айналысқан ғалымдардың еңбектеріне жасалған кейбір талдаулар жайында ақпараттар көрсетілген. Көп мәдениетті және көпұлтты ортада белсенді және еркін өмір сүруге қабілеті мол, өзге мәдениеттерді түсініп құрметпен қарайтын, толерантты өмір сүруге дағдыланған, құзыретті маман иесін тәрбиелеу мақсатында көптілді білім беру өте маңызды мәселелердің бірі көрсетілген. Заманауи технологиялардың қарыштап дамыған қоғамында көптілділік кеңінен таралған феномен болып табылады. Ғаламдағы халық санының айтарлықтай бөлігі күнделікті өмірде тарихи, қоғамдық немесе экономикалық жағдайларға байланысты екі немесе бірнеше тілдерде сөйлейді. Көптілді білім беру-көпмәдениетті индивидті қалыптастырудың нақты қадамы. Аудармасыз оқыту көптілділікті қалыптастырудың содан кейінгі сатысы.

Кілтті сөздер: білім, дамыту, құзыреттілік, көптілділік.

Кіріспе

ЖОО-дағы білім берудегі негізгі мақсаты бүгінгі таңда болашақ маманның кез-келген жағдайда ұтымды шешім таба білетін, базалық білімін

жетілдіре отырып жүйелі және мақсатты түрде дамытын, құзыреттілігі қоғамдық қажеттілікке сай тұлғаны қалыптастыру болып келеді.

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында: жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жана әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқыту бағдарламаларын өзгертуді сондай-ақ студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейді, – деп көрсетілген [1]. Мұның өзі жоғары оқу орнында болашақ мамандардың көптілдік құзыреттілігін қалыптастыруда қазіргі қоғам сұранысына жауап беретін, нарық бәсекесіне түсе алатын, жан-жақты дамыған білімі мен білігі толық қалыптасқан маман дайындауды міндеттейді.

Зерттеудің нысаны: үштілділік білім беру мәселелері

Зерттеудің пәні: Оқытудың теориясы мен әдістемесі

Мақсаты: Студенттерінің үштілде білім беру жағдайында жоғары оқу орнында биологияны оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін дамыту жолдарын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан айқындау және эксперимент негізінде дәлелдеу.

Міндеттері:

– ғылыми-әдіснамалық әдебиеттерге талдау жасау негізінде көптілді білім берудің, болашақ маманның көптілділік құзыреттілігінің философиялық, психологиялық-педагогикалық аспектілерін айқындау және факторлерін нақтылау;

– Үштілде білім берудің теориялық-әдіснамалық негізін айқындау

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Зерттеу мәселелері бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге, сонымен қатар биология пәні бойынша тұжырымдама, білім беру стандарттына, оқулықтар мен әдістемелік құралдарға теориялық талдау жасау. Замануи тілдік жағдаятты педагогикалық талдау негізінде үштілді білім беруде болашақ педагогтарды оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін айқындауға болады [2].

Жалпы алғанда «білім» терминінің мағынасы әлеуметтік маңыздылығы бар жүйе ретінде төрт аспектіде қарастырылады.

1) білім құндылық есебінде; 2) білім жүйе есебінде; 3) білім үдеріс есебінде; 4) білім қорытынды ретінде. Барлық осы аталған аспектілер бір-бірімен тығыз байланысты және тұтас бір ұғымды береді. Білім берудегі қоғамдық тапсырыс термині алғаш рет 1970 жылдары ғылымға ене бастады. Қоғамдық тапсырыс ұғымын қоғамның қажеттілігін өтеуге негізделген

белгілі бір білім беру қызметінің қоғам үшін толықтай немесе белгілі бір өлшемде өзектілігін көрсетуге қолданды. «Қоғамдық тапсырыс» және «Оқыту мақсаты» ұғымын тану теориялық талдама мен практикалық жүзеге асыруды логикалық тұрғыдан сараптау қажет болғандықтан 1990 жылдары қолданысқа енді. Осыдан бастап қоғамдық тапсырыспен мемлекеттік тапсырыс ұғымы білім беру жүйесінде қалыптасты, дегенмен қоғамдық тапсырыс ұғымы білім берудің сапалық деңгейіне мән беретін қажеттілік ретінде қаралды [3].

Білім философияның маңызды міндеті – ұзақ перспективаға есептелген білім беру стратегиясының базалық принциптерін жасау. Білім беруді құндылық ретінде қарастырудың өзі үш блоктан тұрады: 1) білім бері мемлекеттік құндылық ретінде; 2) білім беру қоғамдық құндылық ретінде; 3) білім беру тұлғалық құндылық ретінде. Білім беру мен тұлғаның дамуын ұштастыру тәжірибелері бар. 1) Біз нені оқып үйренуіміз керек? 2) Біздің қалай оқып үйренуіміз тиімді? 3) Нені оқып жатқанымызды қалай біле аламыз? деген сұрақтар төңірегінде ұйымдастырылғаны тиімді болады. Білім философиясының арнайы ғылыми сала ретінде бөлініп шығуына себеп болған маңызды негіздерге мыналар жатады: 1) білім берудің технологияларының өзгеруі; 2) білімнің көлемінің өсуі; 3) қоғам мен оқу-білім саласы арасындағы қайшылықтардың тереңдей түсуі. Білім философиясында білімділік идеясы, білім берудің мақсаты, білім беретін жүйелердің тарихы сияқты маңызды педагогикалық сұрақтар талқыланады. Жаһандық адамзаттық құндылықтарды білім саласына трансформациялау – оқу-білім философиясының негізгі міндеттерінің бірі [4]. Білім философиясының зерттеу объектісі ретінде «Білім беру – бұл құндылық» және «оқу-білім саласындағы құндылықтар» деген екі доктринаның ара салмағы мен байланысы мәселесін де алуға болады. Сондай-ақ, социум және білім беру салаларының даму параметрлерінің түйілістіруі мәселесі де - білім философиясының зерттеу нысаны. Білім берудің мазмұны қоғамның негізгі салаларымен детерминацияланады. Мәдени-әлеуметтік орта оқу-білім жүйесіне прогностикалық фон бола алады, әрі мәдени-әлеуметтік орта білім жүйесінің нәтижелерін тұтынушы да бола алады [5].

Қазіргі таңда қоғам алдында жаһандану үдерісінде бәсекеге қабілетті көптілдік құзыреттілігі жетілген маман даярлау мәселесі көтеріліп отыр.

Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең өзекті бағыттарының бірі де бірегейі болып табылады. Тіл мәселелерін оңтайлы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы екені анық [6].

Елбасы Н. Ә. Назарбаев ұсынған «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының негізгі басымдықтары бар. Оларды Елбасы өзінің 2012 жылғы Жолдауында бекітіп берді: «Қазақ тілі – рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынның тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екендігі айқын. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі». Елбасымыз елдің болашағы жасампаз ұрпақ қолында екенін баса айта отырып, дүниежүзілік білім кеңістігінде еркін самғайтын ұрпақ тәрбиелеуіміз үшін кемінде үш тілді толық меңгерген тұлға қалыптастыру қажеттігін өз жолдауында баса айтты [7].

Көпұлтты және көпмәдениетті ортада өзін толыққанды тұлға ретінде қалыптастыра білетін, еркін өмір сүруге мүмкіндігі мол, көпмәдениеттілікке құрметпен қарай білетін, бейбітшілікте және ынтымақтастықта өмір сүруге дағдыланған, нарықтық бәсекеде құзыреттілігі дамыған маман дайындау мақсатында көптілді білім беру өзекті мәселелердің бірі де бірегейі болып отыр [8–9].

Ғылыми әдебиеттерде «үштілді білім беру - білім ошақтарында оқыту пәндерін екі немесе одан да көп тілде аудармасыз игерту. Дегенмен де, жаратылыстану білім негіздерін игеру келешектегі басты мақсат болғандықтан, көптілділіктің маңыздылығын кеңінен насихаттап, білім беру стандартының мазмұнын түгелдей түсіндіру, нәтижеге бағытталған алдыңғы қатарлы оқыту әдістемелерін қалыптастыруды қажет етсе тәжірибеде аудармасыз оқыту түгелімен оң нәтиже беріп отыр деп айту қиын. Аудармасыз оқыту көптілдікті қалыптастырудың содан кейінгі сатысы [10]. Яғни бұл жөнінде айтпағымыз, егер бірден аудармасыз оқытудан бастайтын болсақ, білімде де, көптілділік үрдісінде де ілгері жылжи алмауымыз мүмкін. Осы төңіректе төмендегідей іргелі зерттеулерге сүйенуге болады, олар:

- таным теориясы мен логиканың, диалектиканың бірлігі (Әбділдин М. Ж., Кедров Б. М., Копнин П. В. т.б.);
- материалистик диалектика категориясының жүйесі (Нысанбаев А. Н., Георгиев Ф. И. т.б.);
- тарихи және логикалық өзарақатынас (Алексеев М. Н., Спиркин А. Г. т.б.);
- теориялық жүйені құру ұстанымы (Голованов В. Н., Хасанов М. Ш. т.б.).

ҚР Жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай, қазіргі бітіруші коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі жетілген, рухани адамгершілік, полимәдениетті, халықаралық қатынастар мәдениетінің жоғарғы деңгейін қалыптастырған, өз елінің құндылықтарын бағалайтын, көптілділікті меңгеруге деген қызығушылық танытқан, сана-сезімі толық қалыптасқан индивид. Отанымыздың білім ошақтарындағы білім беру процесінде үштілдікті дамытудың негізгі тұжырымдары еліміздің нарықтық бәсекедегі адами капиталының үштұғырлы тілді қолдана алатын ел болып қалыптасуы. Осы тұрғыда білім беру жүйесінде де атаулы өзгерістер орын алуда. Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде жүргізу жұмыстарының кезеңдері жоспарланып, материалдық-техникалық базасы жасақталып, болашақ мамандар даярлау жұмыстары жүргізілуде. Негізгі мәселе орта мектептерде осы жоспарды жүзеге асыратын ЖОО бакалавр педагогтардың шетел тілін меңгеруін қалыптастыру факторы болып табылады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі мақсат ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, ЖОО бітіруші түлектерінің бойында негізгі кәсіби құндылықтарды халықаралық стандарттармен сәйкестендіре мемлекеттік тілдермен қатар шетел тілін меңгеру құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Орта мектептерде жүргізілетін әрбір пән қалыптастырумен қатар оның шығармашылық өрісін кеңейтуді мақсат тұтады. Заман талабына сай қазіргі кезеңдегі білім алушының қанатын қомдайтын ұстаз мәдениеттілік, шығармашылық және инновациялық тұрғыдан сын тұрғысынан ойлау қабілеті қалыптасқан, бірнеше тілде сөйлей білетін құзыреттілігі қалыптасқан маман болуы қажет. Қарыштап дамыған технология мен жаһандану қоғамында болашақ ұрпақты көпмәдениеттілікке бейімдеу үдерісі белең алғанын аңғаруға болады.

Осы күні үштілді білім беру – оқу ошақтарындағы пәндерді бірнеше тілдерде ұштастыра білім беру, болашақ ұрпағымыздың дүниежүзілік білім ғаламында қарыштап қанат қағуына кепіл болатын, ғаламдық білім құпияларына терең зейін аударып, өз қабілетін кеңінен көрсетуге мүмкіндік беруші басты механизм. Көптілділік-жан-жақты жетілген өресі биік көп мәдениетті тұлғаны дайындаудың басты шарты. Бүгінде тұлғаның нарықтық қатынаста бейімделу көрсеткіші индивидтің өзін-өзі тұлға ретінде дамуына, нарықтық бәсекелестікке қабілеттілігіне және өзіне сенімділігі мен ұтқыр ойлығына тәуелді.

Заманауи технологиялардың қарыштап дамыған қоғамында көптілділік кеңінен таралған феномен болып табылады. Ғаламдағы халық санының айтарлықтай бөлігі күнделікті өмірде тарихи, қоғамдық немесе экономикалық

жағдайларға байланысты екі немесе бірнеше тілдерде сөйлейді. Бұлар отаршылдықтың салдарынан көпұлттық жағдайда өмір сүріп жатқан елдер немесе экономикалық тығыз қарым- қатынас яғни, жаһандану себебінен тілдік орта қалыптасу салдарынан орын алып отыр. Көпмәдениетті және көпұлтты ортада белсенді және еркін өмір сүруге қабілеті мол, өзге мәдениеттерді түсініп құрметпен қарайтын, толерантты өмір сүруге дағдыланған, құзыретті маман иесін тәрбиелеу мақсатында көптілді білім беру өте маңызды мәселелердің бірі [11].

Қорытынды

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі негізгі мақсаттардың бірі Елбасымыздың жолдауларында алдымызға міндет етіп қойған қоғам қажеттілігі болып отырған үштұғырлылықты меңгеру болып отыр. Орта мектептерде көптілділікті қалыптастыру үшін сол жерде білім беретін мамандардың кәсіби дайындығы маңызды екендігі сөзсіз. Осы тұрғыда қазіргі таңдағы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті педагог мамандардың көптілділік құзыреттілігін дамыту, қоғам қажеттілігіне сай кәсіби тұлғаны дайындау еліміздің білім беру жүйесіндегі шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелердің бірі. Мұның негізгі себебі қазақ тілді оқу топтарына арналған оқулықтардың жеткіліксіздігі және мамандықтар бойынша «Кәсіби бағытталған шетел тілі» пәнінен оқулықтардың тапшылығы. Оқулықтар болғанмен де Россия баспаларынан шыққан көне жылдардағы уақыт ағымынан қалып қойған оқулықтар. Сонымен қатар, ЖОО-дағы «Жаратылыстану» бағыты бойынша оқытушылардың тілдік құзыреттілігінің жетіспеушілігі де тұсау болуда. Биологиялық білім беру мәселелерімен айналысқан ғалымдардың еңбектеріне жасалған талдаулар биологияны оқытуды жетілдіруді, оқытудың инновациялық тәсілдерін қарастыруды қажеттеді.

Жаһандану және киберкөңістікке шыққан заман болашақ педагог мамандарға тілдерді білуді талап етеді. Көптілділік- нақтылы коммуникативтік жағдайдың өсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш тілді меңгеру немесе одан да көп тілде сөйлей білу. Көптілді білім беру-көпмәдениетті индивидті қалыптастырудың нақты қадамы. Заманауи қоғамда көптілділік қажеттілігінің маңыздылығын орнықтыруда ЖОО болашақ педагогтардың ақпараттық-коммуникативтік біліктілігімен қатар көптілділік құзыреттілігіне машықтандыру мәселелері өзекті болып отыр.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Құнанбаева, С. С.** Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования : Монография. – Алматы, 2014. – 208 с.
- 2 **Cenoz, J. and Gorter, D.** The modern language journal. – 2011. – 95(3). – P. 339–343.
- 3 Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
- 4 **Кемп, С.** Defining multilingualism. – 2009. – P. 11–26.
- 5 **Буланкина, Н. Е.** Полиязыковое информационно-образовательное пространство. Методология. Проблемы. Технология. – Новосибирск : СО РАН, 1999.
- 6 **Майгельдиева, Ш. М., Калманова, А. К.** Полиязычие как инновационная идея и система обучения // Materials of the XI International scientific and practical conference, «Trends of modern science – 2015» – Volume 13.
- 7 **Казахбаева, Д. М., Карбаева, Ш. Ш., Жумагулова, К. А.** Ключевые компетенции как ожидаемые результаты по образовательной области «Естествознания» // Білім-Образование. – 2005. – № 5. – Б. 59–63.
- 8 **Мынбаева, А. К.** Современное образование в фокусе новых педагогических концепций, тенденций и идей : Монография. – Алматы, Раритет, 2005. – 90 с.
- 9 **Құнанбаева, С. С.** Современное иноязычное образование : методологии и теории. – А., 2005. – 262 с.
- 10 **Равен, Джон.** Компетентность в современном обществе : выявление, развитие и реализация. – М., «Когито-Центр», 2002.
- 11 **Таубаева, Ш. Т., Лактионова, С. Н.** Дидактическая характеристика инновационного обучения и перспективы развития образования / Теоретические основы развития школьного образования в Казахстане. – Алматы, 1999. – 215 с.

References

- 1 **Kunanbaeva, S. S.** Komponentostnoe modelirovanie profissionalnogo inoiazychnogo obrazovania : Monografia. [Competence modeling of professional foreign language education : Monograph]. – Almaty, 2014. – 208 p.
- 2 **Cenoz, J. and Gorter, D.** The modern language journal. – 2011. – 95(3). – P. 339–343.

3 N. A. Nazarbaevtyń 2012 jylǵy 14 jeltoqsandaǵy «Qazaqstan-2050» strategiasy qalyptasqan memlekettiń jańa saiasi baǵyty atty Qazaqstan halkyna Joldaýy.

4 Kemp, C. Defining multilingualism [Defining multilingualism]. – 2009. – P. 11–26.

5 Bulankina, N. E. Poliazekovye informacionno-obrazovatelnoe prostranstvo [Multilingual information and educational space. Methodology. Problems. Technology]. – Novosibirsk : SO RAN, 1999.

6 Maigeldieva, Sh. M., Qalmanova, A. K. Poliazichie kak innovacionnaia idea i sistema obuchenia. [Multilingualism as an innovative idea and training system]. In Materials of the XI International scientific and practical conference, «Trends of modern science – 2015». – Volume 13.

7 Qazahbaeva, D. M., Qarbaeva, Sh. Sh., Jumagulova, Q. A. Kliuchevye kompetencii kak ojidamyje rezýltaty po obrazovatelnoi oblasti «Estestvoznania» [Key competencies as expected results in the educational field of «Natural Science»]. In Bilim-Education. – 2005. – No. 5. – P. 59–63.

8 Mynbaieva, A. K. Sovremennoe obrazovanie v fokýse novyh pedagogicheskich koncepcii, tendencii i idei [Modern education in the focus of new pedagogical concepts, trends and ideas : Monograph]. – Almaty : Rarity, 2005. – 90 p.

9 Kunanbaeva, S. S. Sovremennoe inoiazychnoe obrazovanie [Modern foreign language education : methodology and theory]. – Almaty, 2007. – 262 p.

10 Raven, John. Kompetentnost v sovremennom obshestve; vyjavlenie, razvitie i realizacia. [Competency in modern society – identificasion, development and implementation]. – Moscow : «Kogito-Center», 2002.

11 Taubaeva, Sh. T., Laktionova, S. N. Didakticheskaja karakteristika innovacionnogo obyčhenia i perspektivy razvitia obrazovania [Didactic characteristics of innovative teaching and prospects for the development of education] / Theoretical foundations of the development of school education in Kazakhstan. – Almaty, 1999. – 215 p.

Материал 15.12.20 баспаға түсті.

М. Б. Абишева¹, О. Г. Тавстуха², Т. И. Кеншинбай³

Проблемы образования при трехязычном обучении

^{1,3}Кызылординский университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан, г. Кызылорда;

³Оренбургский государственный педагогический университет,
Российская Федерация, г. Оренбург.

Материал поступил в редакцию 15.12.20.

М. В. Абишева¹, О. Г. Тавстуха², Т. И. Кеншинбай³

Problems of trilingualism in education

^{1,3}Korkyt Ata University,

Republic of Kazakhstan, Kyzylorda;

²Orenburg State Pedagogical University,
Russia Federation, Orenburg.

Material received on 18.12.20.

В данной статье говорится о подготовке специалистов с развитой полиязычной компетентностью, конкурентоспособной в процессе глобализации. Для формирования полиязычия в средних школах, несомненно, важна профессиональная подготовка специалистов, предоставляющих образование на местах. В связи этим на современном рынке труда, развитие полиязычной компетентности конкурентоспособных педагогических кадров, подготовка профессиональной личности в соответствии с потребностями общества, является одной из актуальных проблем в системе образования страны. В данной статье авторы рассматривают новейшие научные и философские концепции проблемы сознания. В целях воспитания компетентного специалиста, обладающего способностью к активной и свободной жизни в поликультурной и многонациональной среде, уважительного отношения к другим культурам, привития толерантного образа жизни, воспитания компетентного специалиста, показана одна из важнейших проблем полиязычного образования. Многоязычие – широко распространенное явление в стремительно развивающемся обществе современных технологий. Значительная часть населения мира в повседневной жизни говорит на двух или более языках, в зависимости от исторических, социальных или экономических обстоятельств. Многоязычное образование – это конкретный шаг в формировании мультикультурной личности. Обучение без перевода – следующий этап становления многоязычия.

Ключевые слова: знание, развитие, компетенция, полиязычие

This article refers to the training of specialists with developed multilingual competence, competitive in the globalization process. For the formation of multilingualism in secondary schools, of course, the training of specialists providing education on the spot is important. In this regard, in the modern labor market, the development of multilingual competence

of competitive teaching staff, the training of a professional person in accordance with the needs of society, is one of the urgent problems in the country's education system. In this research the authors consider the latest scientific and philosophical concepts of the problem of consciousness. In order to educate a competent specialist with the ability to live an active and free life in a multicultural and multinational environment, to respect other cultures, to instill a tolerant lifestyle, to educate a competent specialist, one of the most important problems of multilingual education is shown. Multilingualism is a widespread phenomenon in the rapidly developing society of modern technology. A significant proportion of the world's population speaks two or more languages in everyday life, depending on historical, social or economic circumstances. Multilingual education is a concrete step in the formation of a multicultural personality. Learning without translation is the next stage in the development of multilingualism.

Keywords: knowledge, development, competence, multilingualism.

FTAMP 14.01.85

<https://doi.org/10.48081/YWZR7341>

**Б. Т. Абыканова¹, Н. Қ. Тоқжігітова²,
Г. Мырзагерейқызы³, Д. Қ. Садырбекова⁴**

^{1,3}Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Қазақстан Республикасы, Атырау қ.;

²Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

⁴Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР ЖҮЙЕСІНДЕ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Білім беру мекемелері дамудың әрбір кезеңінде оң педагогикалық тәжірибе ұсынған заманауи жаңалықтарды игеруге, енгізуге ғана дайын және инновациялық қызметтің жоғары сатысында тұр, яғни педагогикалық инновацияны өз бетімен даярлауға қабілетті. Ұйымдастырылған, коммуникативтік және гностикалық кәсіби құзыреттіліктер инновацияларды енгізу кезінде аса талап етіледі, ал инновацияларды әзірлеу кезінде, ең алдымен, конструктивтік және жобаланған құзыреттер қажет.

Бұл мақалада қазіргі білім беру тәжірибесінде талап етілген педагогикалық мамандықтар оқытушыларының инновацияны даярлау кезеңіне тоқталған және осы ұстанымдардан әдістемелік құзыреттілікті көрсете отырып, педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымы қарастырылады. Сонымен қатар педагогикалық мамандықтар педагогтарының кәсіби құзыреттілік деңгейін бағалау диагностикасыдайындалып, кәсіби құзыреттілік белгілері көрсетілген. Аталған белгілердің сипаттамаларына (айқындық деңгейі) тоқталып әрқайсысына мінездеме берілген. Когнитивтік қызмет, оқытуға жауапты қатынас, оқу тапсырмаларын шығармашылық іске асыру, рефлексия, оң нәтижеге жету талабы жаттығу нәтижесінде болатынын көрсетеді. Білім беру мекемелерінің негізгі құзыреттілігін қалыптастыру, яғни заманауи білім беру ортасы студенттердің

білімін және ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, педагогикалық үдерістің қатысушыларымен қарым-қатынас жасауға кәсіби құзыреттіліктің ықпал ететіндігі айтылады.

Кілтті сөздер: заманауи, инновация, кәсіби құзыреттілік, педагогикалық технология, жобалау.

Кіріспе

Қазіргі білім беру мекемелерінің білім беру тәжірибесі педагогикалық жаңашылдықтар мен инновацияларды меңгерумен, енгізумен және әзірлеумен ерекшеленеді. Дамудың әрбір кезеңінде білім беру мекемелері оң педагогикалық тәжірибе ұсынған заманауи жаңалықтарды игеруге, енгізуге ғана дайын және инновациялық қызметтің жоғары сатысында тұр, яғни педагогикалық инновацияны өз бетінше даярлауға қабілетті.

Инновациялық қызметтің әрбір кезеңі педагогтардан тиісті кәсіби құзыреттілікті талап етеді. Инновацияларды енгізу кезінде ұйымдастырылған, коммуникативтік және гностикалық Кәсіби құзыреттіліктер аса талап етіледі, ал инновацияларды әзірлеу кезінде, ең алдымен, конструктивтік және жобаланған құзыреттер қажет.

Зерттеудің нысаны: білім беру жүйесі

Зерттеудің пәні: білім берудегі инновациялық үдерістер

Мақсаты: Қазіргі білім беру тәжірибесіндегі инновациялық үдерістер жүйесінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымын қарастыру;
- Кәсіби құзыреттілік белгілері мен сипаттамаларына айқындау;
- интерактивті оқыту әдістеріне тоқталу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Қазіргі білім беру тәжірибесінде талап етілген педагогикалық мамандықтар оқытушыларының инновацияны даярлау кезеңіне тоқтала отырып, педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымын қарастыру.

Кәсіби-педагогикалық қызметтің бір бөлігі ретінде анықталатын инновациялық әдістемелік жұмыс жүйесін құру үшін педагогтардың кәсіби және әдістемелік құзыреттілік деңгейі жөнінде объективті деректер болу керек. Мұндай деректерді алу үшін педагогтарының кәсіби құзыреттілік деңгейін бағалау диагностикасын дайындауға болады.

Кәсіби құзыреттілік-педагогтар қызметінің негізі. Біз оны әлеуметтік-кәсіби мәртебенің және кәсіби-педагогикалық (басқарушылық). Біліктіліктің жай-күйін, сондай-ақ тиімді кәсіби қызмет туралы өзекті жиынтық

ұғымдарға қатысты тұлғалық кәсіби маңызды ерекшеліктердің жиынтығы мен айқындылығы (көлемі) ретінде анықтаймыз [1].

Өз зерттеулеріміздегі қазіргі білім беру тәжірибесінде талап етілген педагогикалық мамандықтар оқытушыларының инновацияны даярлау кезеңіне тоқталсақ; осы ұстанымдардан әдістемелік құзыреттілікті көрсете отырып, педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымын қарастырғымыз келеді.

Әдістемелік құзыреттілікті біз педагогтардың дайындығын анықтайтын кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің бір бөлігі ретінде түсінеміз:

– дәстүрлі педагогикалық қызметті жүзеге асыру;

– педагогикалық инновацияны жобалау және құрастыру, яғни:

- 1) инновацияның мазмұнын кәсіби таңдау;
- 2) Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы оны іске асыруды жобалау;
- 3) инновацияны іске асыру барысында алынуы мүмкін күтілетін нәтижені болжау;
- 4) жобаланған инновацияның тиімділігін бағалау критерийлерін сипаттау.

Педагогтардың кәсіби қызметтің жаңа тәсілдерін меңгеруіне бағытталған кәсіби-педагогикалық қызметтің бір бөлігі ретінде анықталатын инновациялық әдістемелік жұмыс жүйесін құру үшін педагогтардың кәсіби және әдістемелік құзыреттілік деңгейі туралы объективті деректер қажет.

Мұндай деректерді алу үшін арнайы әзірленген құрал қажет. Біз педагогикалық мамандықтар педагогтарының кәсіби құзыреттілік деңгейін бағалау диагностикасын дайындадық.

Кәсіби құзыреттілік белгілері:

- 1 Кәсіби-педагогикалық дайындық;
 - 2 Кәсіби-педагогикалық қызмет;
 - 3 Кәсіби-педагогикалық іздеу немесе зерттеу белсенділігі;
 - 4 Ақпараттық-коммуникативтік функция;
 - 5 Реттеушілік-коммуникативтік функция;
 - 6 Кәсіптік-педагогикалық қызметтің гностикалық компоненті;
 - 7 Кәсіби-педагогикалық қызметтің коммуникативтік компоненті;
 - 8 Кәсіби-педагогикалық қызметтің ұйымдастырушылық компоненті;
 - 9 Кәсіби-педагогикалық қызметтің құрылымдық-жобалау компоненті [2].
- Белгілердің сипаттамасы (айқындық деңгейі)

1) оңтайлы:

1 Қазіргі мектепке дейінгі білім беру мазмұнын терең білу және түсіну. Педагогикалық және психологиялық білімді тәжірибеде қолдана білу. Білім берудің қазіргі парадигмасына сәйкес балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдері мен құралдарын білу және меңгеру;

2 Авторлық материалдардың (бағдарламалардың, әдістемелік әзірлемелердің) болуы. Инновациялық педагогикалық қызметке қосылу. Озық педагогикалық тәжірибені әзірлеу;

3 Педагогтың ақпаратты жеткізуі, тәрбиеленушілерді қызықтыру қабілеттілігінің арқасында балалардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру үшін жағымды эмоционалдық жағдайлар жасалады;

4 Баламен жеке тұлғаға бағытталған өзара іс-қимыл моделін білуі;

5 Өз кәсіби қызметінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалауда өзін-өзі сыншылдықтың жоғары дәрежесі;

6 Ақпаратты меңгеру барысында балалардың іс-әрекеттері мен іс-қимылдарына қатысты реттеу (түзету) жұмыстарының тиімділігінің жоғары деңгейі [3].

7 Педагогтың қарым-қатынас үдерісін реттей білуі. Қарым-қатынас жеке тұлғаға бағытталған модельге құрылады. Балалармен іскерлік және эмоционалдық қарым-қатынас жасай білу. Кәсіби маңызды ақпарат алмасуды ұйымдастыру қабілеті;

8 Әр түрлі жағдайларда балаларды, әріптестерді, ата-аналарды ұйымдастыра білу. Өз міндеттерін терең түсіну, олардың орындалуын талдау және өзін-өзі бақылау, жағдайға байланысты нормативтік қарастырылған қызметті реттеу және түзету. Білім беру міндеттерін шешудің оңтайлы жолдарын пайдалана отырып, педагогикалық қызметті ұйымдастыра білу;

9 Білім беру үрдісіндегі басымдықтарды ескере отырып, білім беру іс-шараларын жобалай білу [4].

2) жеткілікті:

1 Кәсіби маман ретінде білім беру жүйесіне белсенді енгізу. Білім беру процесін жүзеге асыруда жаңа тәсілдер мен құралдарды іздестірмей алған білімді тәжірибеде саналы түрде қолдану;

2 Білім беру қызметінің бағыттарының бірі бойынша әдістемелік нұсқаулардың болуы.

3 Озық педагогикалық тәжірибені қолдану (бейімдеу);

4 Танымдық ақпаратты жеткізудің әртүрлі тәсілдерін меңгеру;

5 Қарым-қатынас педагогтің бастамасы бойынша жиі жүреді, баланың тілегі әркез ескеріле бермейді [5];

6 Өз қызметін бағалауға жеткілікті сыни көзқарас;

7 Білім беру процесіне қатысты адамдармен қарым-қатынас жасай білу, әріптестермен іскерлік байланыс жасай білу, балалармен эмоционалдық және іскерлік байланыс жасай білу. Кәсіби маңызды ақпаратпен алмасуға қатысу;

8 Балалар мен ата-аналарды ұйымдастыра білу. Өз міндеттерін білу, педагогикалық қызметке талдау жасау, өзінің педагогикалық қызметін ұйымдастыра білу;

9 Білім беру шараларын жобалай білу. Өзіндік педагогикалық қызметінің даму перспективасын көре білу [6].

3) сыни:

1 Алынған білім тәжірибеде әрдайым саналы түрде қолданылмайды. Жұмыс бұрын алынған үлгі бойынша жүреді. Заманауи педагогикалық технологияларды меңгерудегі қиындықтар;

2 Балалардың жеке және жас ерекшеліктері бойынша білім мәселелері;

3 Инновациялық педагогикалық қызметтегі пассивтілік. Инновациялық тәжірибені қолданудағы қиындықтар;

4 Танымдық ақпаратты жеткізудегі қиындықтар, берілген ақпаратпен алалардықызықтыра алмау;

5 Қарым-қатынас тұрғысынан оқыту, сөгу. Қарым-қатынастың тәртіптік моделінің жиі болуы;

6 Өзін-өзі жоғары бағалау. Өзін-өзі талдау қызметінде объективтіліктің болмауы [7];

7 Әріптестермен және балалармен қарым-қатынастың авторитарлық стилі. Жеке тұлғаға бағытталған өзара іс-қимылдың болмауы. Балалармен іскерлік байланыстар тиімділігінің аздығы;

8 Балалар мен ата-аналарды ұйымдастыру деңгейінің төмендігі. Өз міндеттерін білу, бірақ оларды орындауда салғырттық таныту. Өз қызметін ұйымдастыруда өзін-өзі бағаламау және бақылаудың болмауы;

9 Жобалау біліктерінің нашар көрсеткіші. Өзіндік педагогикалық қызметіндегі білім жүйесінің қалыптасуында перспективалық көзқарасының болмауы [8].

4) жарамсыз:

1 Алған педагогикалық білімдерін меңгеру деңгейінің төмендігі. Алған білімді практикада қолдану және ұмтылу күзіреттілігінің болмауы;

2 Білім беру үдерісін ұйымдастырудағы пассивтілік. Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану күзіреттілігінің болмауы. Педагогикалық диагностиканы меңгермеуі;

3 Білім берудегі инновация жағымсыздығы. Оңтайлы педагогикалық тәжірибені пайдалана алмау;

4 Балалардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудағы немқұрайлылық. Оларға танымдық ақпаратты жеткізе алмау;

5 Баламен қарым-қатынас жүргізе алмау, болып жатқан жағдайды салғырт бақылау, жеке баланың немесе жалпы топтың теріс көзқарасын қалыптастыру;

6 Өз қызметіне есеп беруге ұмтылмау;

7 Педагогтың балалармен, әріптестерімен және ата-аналармен байланыс орната алмауы. Білім беру үдерісіне қатысты адамдармен өзара байланыс деңгейінің төмендігі. Тұрақты іскерлік байланыстардың болмауы;

8 Ұйымдастырушылық қабілеттерінің болмауы. Өз міндеттерін терең білмеу. Өзін-өзі талдаудың, өзін-өзі бағалаудың болмауы, педагогикалық қызметте басымдықты айыра алмау;

9 Жобалау біліктерінің болмауы. Даму үшін жұмыс жүргізеу [9]. Білім беру мекемелерінің қазіргі білім беру ортасындағы студенттердің негізгі құзыреттілігін қалыптастыру - «студент-студент», «мұғалім-студент», «студенттік топ» жүйесінің жұмыс істеуі педагогикалық үдерістің субъектілерінің интерактивтілігімен сипатталатын мақсатты түрде ұйымдастырылған үрдіс деп айтуға болады. Когнитивтік қызмет, оқытуға жауапты қатынас, оқу тапсырмаларын шығармашылық іске асыру, рефлексия, оң нәтижеге жету талабы жаттығу кезінде болады.

Педагогикалық процесте интерактивті оқыту әдістерінің кешенін енгізу сабақтар құрылымында студенттердің белсенді дербес жұмысының үлесін ұлғайтуға, белсенді оқу іс-әрекеттері үшін қызығушылықты дамытуға және ынталандыруға, сондай-ақ олардың белсенділігін арттыру және таңдап алынған көңіл-күймен сипатталатын көрсеткіштердің артуына ықпал етеді.

Заманауи білім беру орталықтарында оқытудың әдістері мен құралдары ерекше рөл атқарады. Оқудың интерактивті формаларын, әдістемелерін және құралдарын қолдануға арналған заманауи білім беру ортасы студенттердің білімін және ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, педагогикалық үдерістің қатысушыларымен қарым-қатынас жасауға, әртүрлі қабілетін қалыптастыруға, яғни, коммуникативтік және проблемаларды шешу құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді [10].

Қорытынды

Педагогикалық қызметтің тиімділігін, педагогтардың кәсіби және әдістемелік құзыреттілік деңгейін бағалау бүгінгі таңда өзекті мәселе болып табылады. Егер әдістемелік жұмысты ұйымдастырушының қолында теориялық негізделген және іс жүзінде жарамды құрал болса, онда педагогтарға қажетті жеке тұлғаға бағытталған әдістемелік көмек және қолдау көрсету мүмкіндігі пайда болады, бұл инновациялық педагогикалық қызмет деңгейіне және білім сапасына әсер етеді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Андреев, В. И.** Педагогика : Учебный курс для творческого саморазвития. – Казань, 2000. – С. 440–441.

2 **Балыхин, Г. А.** Федеральная целевая программа развития образования : новаторские решения на перспективу // Профессиональное образование. – М., 2006. – № 4. – С. 14–15.

3 **Кзаков, В. Г.** Новое время – новые технологии профессиональной подготовки // Профессиональное образование. – М., 2006. – № 1. – С. 12.

4 Болонский процесс : Результаты обучения и компетентностный подход (книга-приложение 1) / Под науч. ред. д-ра пед. наук, профессора В. И. Байденко. – М. : Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2009.

5 **Лисицына, Л. С.** Методология проектирования модульных компетентностно-ориентированных образовательных программ : метод. пособие. – СПб. : СПбГУ ИТМО, 2009. – 50 с.

6 **Байденко, В. И.** Концептуальная модель государственных образовательных стандартов в компетентностном формате (дискуссионный вариант) // Матер. ко 2-му заседанию методолог. семинара. – М. : Исслед. центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – С. 20.

7 **Эманов, С. Л.** Диагностика формирования уровня компетентности студентов по инженерной графике // Матер. междунар. заочн. науч.-практ. конф. «Актуальные проблемы современной педагогики». – Новосибирск, 2010. – С. 165–169.

8 **Абдиев, К. С.** Формирование ИТ-компетентности как основа подготовки будущих специалистов-статистиков : автореф. ... док. пед. наук : 13.00.02. – Алматы, 2010. – 42 с.

9 **Нотин, Д. Г.** Концептуальные элементы про активного управления знаниями в университете // Экономика и современный менеджмент: теория и практика : сб. ст. по матер. XXXIX междунар. науч.-практ. конф. – Новосибирск : Сибак, 2014. – № 7(39). – С. 40–46.

10 **Правдюк, В. Н., Тенетилова, В. С., Губарева, Л. И.** Бизнес-ориентированная подготовка будущих учителей профессионального образования в инновационном образовательном пространстве ВУЗа // Известия Тульского государственного университета. Серия Гуманитарные науки. – 2012. – № 1–2. – С. 72–80.

References

- 1 **Andreev, V. I.** Pedagogika : Uchebnyj kurs dlja tvorcheskogo samorazvitija [Pedagogy: A Training course for creative self-development]. – Kazan, 2000. – P. 440–441.
- 2 **Balyhin G. A.** Federal'naja tselevaja programma razvitija obrazovanija: novatorskie reshenija na perspektivu [Federal target program for education development : innovative solutions for the future]. In Professional education. – Moscow, 2006. – No. 4. – P. 14–15.
- 3 **Kazakov, V. G.** Novoe vremja – novye tehnologii professional'noj podgotovki [Novoe Vremya – new technologies of professional training]. In Professional education. – Moscow, 2006. – No 1. – P. 12.
- 4 Bolonskij protsess : Rezul'taty obuchenija i kompetentnostnyj podhod (kniga-prilozhenie 1) [The Bologna process : learning outcomes and competence approach (Book-Appendix 1)]. – Scientific ed. by Doctor of Pedagogical Sciences, Professor V. I. Baydenko. – Moscow : Research center for quality problems of training specialists, 2009.
- 5 **Lisitsyna, L. S.** Metodologija proektirovanija modul'nyh kompetentnostno-orientirovannyh obrazovatel'nyh programm [Methodology of designing modular competence-oriented educational programs : method. guide]. – St. Petersburg : ITMO State University, 2009. – 50 p.
- 6 **Bajdenko, V. I.** Kontseptual'naja model' gosudarstvennyh obrazovatel'nyh standartov v kompetentnostnom formate (diskussionnyj variant) [Conceptual model of state educational standards in the competence format (discussion version)]. In Mater. of the 2nd meeting of the Committee. Seminar. – Moscow : Research center for quality problems of training specialists, 2004. – P. 20.
Құзыреттілік тәсілді іске асыру аясында білім берудің екі деңгейлі үлгісіне көшу-көп жағдайда жоғары оқу орындарының түлектері сай келуі тиіс бірқатар талаптарды белгілеп берді. Сондай талаптардың бірі ретінде нормативтік құжаттарда толыққанды тілдік білім алу қажеттігі атап өтілген. Әлемдік қоғамдастықта халықаралық қатынастарды қарқынды түрде кеңейту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономика, саясат және әлеуметтік даму салаларындағы сапалы түрленулер аясында, кәсіптік сипаттағы коммуникативтік міндеттерді шешу үшін шет тілінің қажеттілігі қарқынды түрде өсіп отырғаны байқалады (Н. И. Алмазова, В. А. Болотов және А. В. Хуторской т.б). Соған байланысты шет тілін оқытудың қолданыстағы әдістемелерін қайта қарау және білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сай келетін инновациялық құралдарды, әдістерді және оқыту формаларын енгізу қажеттілігі өте маңызды. Бұл тұрғыдағы революциялық бағыт шет тілін оқыту процесіне заманауи ақпараттық және коммуникативтік технологияларды (АКТ) кіріктіруді көздейтін тілдік білім беруді ақпараттандыру процесі болып отыр.

АКТ-ны пайдаланудың артықшылықтары олардың оқытушының күші азырақ жұмсалатын және оқу процесін қарқындылауға және оңтайландыруға қажетті аудиториялық уақыт үнемделетін әмбебап педагогикалық құрал ретінде пайдаланылатындығында жатыр [1]. Соңғы жылдары ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың негізінде шеттілдік коммуникативтік құзыреттің әртүрлі аспектерін қалыптастыруға арналған өте көптеген әдістемелік жұмыстар пайда болғанын айта кету керек. Оларда авторлар АКТ

және мультимедиялық технологияларды пайдаланудың басымдығын атап өтеді [2; 3; 4; 5; 6; 7]. Бұл ретте білім алушыларда ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға бағдарланған тұрақты компонент ретінде, сол сияқты шет тілінің мәдениетаралық және шеттілдік коммуникативтік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған оқу пәні ретіндегі ерекшелігін ескере отырып, вариативті компонент ретінде ұсынылған оқу мазмұнын іріктеу мәселесі аса маңызды болып қала бермек (Н. Д. Гальскова, Н. И. Гез, В. В. Сафонова, Е. Н. Соловова, И. И. Халеева, және А. Н. Щукин т.б).


Біздің ойымызша, қазіргі кезде шет тілін оқыту әдістемесінің ең бір өзекті проблемаларының бірі білім алушыларда компенсаторлық құзыретті қалыптастыру болып табылады. Құзыреттіліктің осы түрі туралы айта келе, И. Л. Бим оны қалыптастыру қабілетінің дамытуға және өзінің шет тілі білімінің жеткіліксіздігін жеңуге дайын болуға, тиісті қабілеттер мен дағдыларды дамытуға тікелей байланысты екеніне баса назар аударады. Бұл орайда, бірінші кезекте, айтылған сөзді қайта құрылымдау қабілетін дамыту, қандай да бір сөзді (білмеген жағдайда) оның синонимімен немесе сол ұғымның сипаттамасымен ауыстыру, сондай-ақ бейтаныс сөзге «қадалып қалмау» қабілеттерін дамыту қажеттігі туралы сөз болуда [8].

Компенсаторлық құзыреттің мазмұнын құрайтын қабілеттер блогы негізгі үш бағытты құрайды: тілдік және экстралингвистикалық болжамдарды пайдалану, тілдік жетіспеушіліктің орнын толтыру және сан алуан ақпараттық-анықтамалық ресурстарды пайдалану. Осылайша, мәселен, тілдік жеткіліксіздіктің орнын толтыруды ауызша және бейсезімдік құралдардың көмегімен жасауға болады. Ауызша құралдар субституция, редукция және перифраз болса, бейсезімдік құралдар – отыру не тұру қалпы, ишара, көзқарас және ым болып табылады. Жазбаша сөйлеуде сан алуан графикалық құралдарды пайдалану кеңінен таралған: жоспар, сурет, санмен белгілеу және т. б. Компенсаторлық қабілеттерді дамыту әдістемесін құру Интернет-дискурста жүзеге асырылатындықтан, ең алдымен, «дискурс» және «Интернет-дискурс» деген ұғымдарға толығырақ тоқталу қажет.

«Дискурс» ұғымын зерттеумен тек теориялық лингвистика шеңберінде ғана айналысып қоймай (Н. Д. Арутюнова, В. И. Карасик, Н. В. Попова, А. Н. Хомский және басқалар), одан бөлек көптеген басқа ғылыми-зерттеу бағыттары арқылы да өз тәсілдерін ұсынушы ғалымдар жетерлік. Лингвистикада дискурсті зерттеумен көптеген отандық және шетелдік ғалымдар айналысқан. Бұл орайда «дискурске», көбінесе, шынайы қарым-қатынас жағдайындағы мәтін деген анықтама береді және оның көптеген өлшемдері бар деп саналады. Мәселен, егер дискурс туралы прагмалингвистика тұрғысынан айтар болсақ, онда ең алдымен,

коммуникативтік процесс қатысушыларының интерактивтік қызметін, ақпарат алмасуды, өзара ықпал етуді, коммуникативтік әдеттің сан алуан стратегияларын пайдалану мүмкіндігін баса көрсететінін айту қажет. Мұнда маңызды рөлді олардың шынайы қарым-қатынас жағдайына ауызша және бейсезімдік түрде енуі маңызды рөл ойнайды [9]. Кез келген табиғи феномен секілді, дискурсті де терең зерттеу барысында, оны жіктеу: типтерін және сан түрлі көріністерін анықтау туралы мәселе туындайды. Бұл жерде, функционалдық тәсіл тұрғысынан, дискурс оның функциясын талдау арқылы, тілдің әлеуметтік-мәдени мәнмәтіндегі функционалдылығын зерттеу арқылы қаралады. Дискурсті лингвостилистика тұрғысынан талдау тілдесу регистрлерін, жазбаша және ауызша сөйлеуді, олардың жанрлық түрлерімен бірге бөліп қарастыруға, сондай-ақ әртүрлі функционалдық стильдердің сипаттамаларын зерделеуге мүмкіндік береді. Алайда түбегейлі шектеулердің бірі ауызша және жазбаша дискурсті қарсы қойып салыстыру болып табылады. Әдетте, бұлайша шектеу ақпараттық хабарламаны жіберудің сан алуан арналарын анықтау есебінен жүргізіледі: ауызша дискурсте – акустикалық, жазбашада – визуалдық. Жазбаша дискурсті коммуникативтік процестің бір-бірінен кеңістіктік және уақыттық шектермен ажыраған және визуалды байланыс жасай алмайтын қатысушыларының арасында визуалды ақпаратты беру құралы ретінде қарау барысында, коммуниканттардың тілдесудің эмоциялық, мәнерлілік, интонациялық қырларын сипаттап беруге деген талпынысының себебі шығады. Заманауи АКТ-ні шет тілін оқыту процесіне кіріктіру ғылыми-техникалық прогрестің жылдам даму қарқындарына тікелей байланысты.

Интернет желісінің қазіргі дауының негізгі ерекшеліктерінің бірі адамдар арасындағы сөйлесіп-тілдесуді ұйымдастыруға бағытталған әлеуметтік сервистер мен қызметтердің (Веб 2.0) пайда болуы ғана емес, кеңінен таралуы болып табылады. Бұл ерекше типтегі жазбаша дискурсті, атап айтқанда синхронды және асинхронды Интернет-коммуникациялардың құралдары бар жазбаша сөйлеуді, пайдалануды білдіреді. Когнитивті лингвистика саласындағы, дискурсті және оның тіл жүйесіндегі мәртебесін анықтау мәселесі бойынша зерттеулерді талдау дискурсті процестік құбылыс – «шын мәнінде, сөйлеу әдеті, дискурс авторының сөйлеудегі ниеттерін өзектендіру және белгілі бір сөйлеу жағдайында реципиенттің/реципиенттердің сол ниеттерді ашып түсіндіру процесі, ал бұл процестің нәтижесі мәтін болып табылады» деп қарау қажеттігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді [10]. «Дискурс» процесс ретінде қаралатындықтан және екі позициядан – автор мен реципиент позициясынан анықталатындықтан, дискурсивті-бағдарлы жазу, айтылым, тыңдалым және оқу туралы айтқан жөн [11; 12].



Сурет 1 – Дискурсивті-бағдарлы коммуникативтік процестер.

Бұл тұрғыдан негіз ретінде Интернет-дискурске И. В. Горбунованың берген анықтамасын алған жөн. Ол Интернет-дискурс дегенде когнитивті-желілік коммуникативтік кеңістікті түсінеді. Онда электронды беру арнасы және оларды вербалды құралдардың көмегімен құрылымдаудың және бағыттаудың гипермәтіндік механизмі және коммуникативтік ықпал ету арқылы, пайдаланушылардың бір-бірімен, сол сияқты пайдаланушылардың аталған кеңістікте ұсынылған кез келген типтегі мәтіндермен және хабарламалармен тілдік байланысы жүзеге асырылады [13]. Интернет ғаламдық желісінде өзіндік коммуникативтік жанрлар пайда болып, дамуын жалғастыруда, олардың негізгі тілдік белгісі жазуды және ауызша сөйлеуді синтездеу болып табылады. Интернет-коммуникациялардың таралуы сөйлеу типтерінің – ауызша және жазбаша сөйлеудің ең терең қарсылықтарының бейтараптануына алып келді және сөйлеудің жаңа ерекше түрін – Интернет-дискурс сөйлеуін тудырды. Чаттар, блог пен микроблог, вебфорум мен вебинарлар, электронды хаттар мен әлеуметтік желілерде сөйлеудің екі типінің де қасиеттерін өзіне біріктірген мәтіндер өндіріледі. Интернет-дискурстің әлеуметтік желілерде сөйлесу деген жанры бөлек қарастыруды қажет етеді.

Қорытынды

Қазіргі филология саласындағы басты бағыттардың бірі – интернет лингвистика. Бұл өз кезегінде әлеуметтік желінің тілдесімдік ортасымен тығыз байланысты. Сөйлеу әрекетінің түрлері қарым-қатынасқа түсіп отырған адамдар арасындағы байланыс негізінде бір мезетте жететін хабарламалар алмасу немесе ішкі пошта сервिसінің көмегімен жүзеге асырылады. Сондықтан әлеуметтік желілердегі қарым-қатынастық процестерді зерттеу маңызды. Әлеуметтік желі арқылы тілдесім кезінде туындаған проблемаларды анықтау қажет-ақ. Мәселен, әңгімелесіп отырған адамның сөйлемдерін түсінбей қалу немесе сөйлем құрудағы, өз эмоцияларын жеткізу және тағысын тағы. Әдетте, осы тектес туындайтын проблемалар бейтаныс сөзді ауыстыра алмауға немесе оқиғаны таныс сөздермен сипаттай алмауға негізделеді. Біздіңше, сөйлесудің өнімді жағына

бағдарланған компенсаторлық қабілеттердің дамуын бақылауға болады. Төмендегі 1-кестеде сөйлесудің өнімді жағына бағдарланған компенсаторлық қабілеттер көрсетілген (сөйлеу қызметінің айтылым, жазу сияқты түрлері).

Кесте 1 – Тілдесудің өнімді жағына бағдарланған компенсаторлық қабілеттер

Электронды пошта	Чат (форум, ICQ)	Блог	Микро-блог	Әлеуметтік желілер	Қабілеттер
жазылым				айтылым	
+	+	+	+	+	синонимдерді пайдалану
+	+	+	+	+	субституттерді пайдалану
+	+	+	+	+	ассоциацияларды пайдалану
+	+	+	+	+	қайта сөйлем құруды пайдалану
+	+	+	+	+	аналогияны пайдалану
-	+	-	-	+	вербалды емес қатынас құралдарын пайдалану

Әлеуметтік желілердің пайдаланушылары Интернет-дискурсте шынайы тілдесу жағдайында қолданылатын дауыс тембрі, дикция, ым, ишара, эмоционалдық реңк беру сияқты қосалқы құралдардан мүлдем айырылған. Компенсаторлық құралдардың мұндай үлкен жеткіліксіздігін бейтаныс сөзді Интернет-дискурс аясында басқа бірдемемен толықтай ауыстыру мүмкіндігі көбінесе бола бермейтінімен түсіндіреді. Алайда бұлайша тілдесуде орнын толтыратын мимикалық құралдарсыз қиын болады. Эмоциялар тапшылығы бірінші кезекте эмоционалдық реакцияларды білдіретін құралдардың – «смайликтердің» (ағыл. Smile – «жымю») көмегімен жүзеге асырылып, кейіннен олар Интернет желісінде кеңінен таралды. Қазіргі таңда қолданысы ауқымды. Әріптерден, сандардан және символдардан құралған мұндай пиктограммалардың көмегімен эмоциялар ғана емес, көптеген ым, ишара да білдіріледі. Бұдан бөлек, тембр және сөйлемнің бір бөлігіне баса назар аударту үшін Интернет-дискурсте «капс» (ағыл. «Caps Lock» – пернетақтаның жоғарғы регистрін бұғаттау) құралы бар, онымен сөйлем немесе оның бір бөлігі бірыңғай бас әріптермен жазылады (дауыс тембрін көтеру ретінде бағаланады). Әлеуметтік желідегі дискурстің өзіне тән тағы бір ерекшелігі жалғаулық етістіктердің жиі түсіп қалуы болып табылады. Мысалы: «No I talking» немесе «How u doing?». Мұның себебі – ана тілінде мұндай жалғаулық етістіктердің болмауы. Бұған қоса, компенсаторлық құралдардың тағы бір айқын мысалы сөйлемдердің

ерекше құрылуы болып табылады. Мәселен, ағылшынша шақ түрлерінің ішінен ең жиі қолданылатыны «Simple» тобындағы уақыт жүйелері, тіпті грамматикалық тұрғыдан бұл қате болса да: «I met him today» (I have met him today) – «Мен оны бүгін кездестірдім». Мұның себебі, коммуниканттар сөйлеуді «қарапайымдандырып», түсінілуін жеңілдету үшін, қарапайым грамматикалық конструкцияларды пайдаланады.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, шет тілін оқыту процесіне заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды кіріктіру, білім беру мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтетінін, ал олардың әдістемелік потенциалы оқу процесінің қарқындылығын арттыруға мүмкіндік беретінін атап өту қажет, бұл өз кезегінде, тиісті оқу әдістемесін жасауды талап етеді [14; 15].

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Евстигнеева, И. А.** Формирование дискурсивных умений студентов посредством современных интернет-технологий [Текст] // Журнал «Вестник». – М., 2013. – С. 3.

2 **Евстигнеева, И. А.** Методика развития дискурсивных умений студентов на основе современных информационных и коммуникационных технологий [Текст]: дис. ... канд. пед. наук. – М., 2013. – С. 14–15. [Электронный ресурс]. – <http://www.mggu-sh.ru> ВАК РФ <http://vak2e.gov.ru>

3 **Попова, Н. В.** К вопросу о развитии дискурсивной компетенции [Текст] // Журнал «Иностранные языки в школе». – М., 2011. – С. 74–80.

4 **Горбунова, И. В.** Функционально-стратегический потенциал англицизмов в Интернет дискурсе [Текст]: автореферат дис. ... канд. филол. наук. – Иркутск, 2011. – С. 14.

5 **Аязбаева, М. Ә.** Интернеттегі интерактивті қарым-қатынас [Текст] // «Жаңа Қазақстанға-бәсекеге қабілетті жастар» Студенттердің ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Семей, 2009. – 487 б.

6 **Сысоев, П. В., Евстигнеев, М. Н.** Формирование компетентности преподавателя иностранного языка в области использования информационных и коммуникационных технологий // «Высшее образование сегодня». – 2014. – С. 59–62.

7 **Сысоев, П. В.** Блог-технология в обучении иностранному языку // «Язык и культура». – 2012. – С. 115–127.

8 **Бим, И. Л.** Некоторые актуальные проблемы современного обучения иностранным языкам // «Иностранные языки в школе». – 2001. – С. 5–7.

9 **Байменова, Қ. С.** Некоторые особенности формирования коммуникативной компетенции у студентов педагогического вуза [Текст] // Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық Журнал «ULT USTAZY» – «Teacher of nation». – Астана, 2016. – 181 б.

10 **Таубаева, Ш. Т.** Жоғарғы оқу орны студенттерінің ауызша және жазбаша ғылыми тілде жазу дағдыларын қалыптастырудың мәні мен мазмұны [Текст] // Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық Журнал «ULT USTAZY» - «Teacher of nation». – Астана, 2016. – 211 б.

11 **Sysoyeva, P., Evstigneeva, I., Evstigneev, M.** The Development of Students' Discourse Skills via Modern Information and Communication Technologies. – M., 2015. – P. 115.

12 **Кочетова, Н. В.** Компьютерный дискурс и формы интернет-коммуникации [Электронный ресурс]. – http://esp-centr.sfedu.ru/documents_central/Statii/Kochetova_stat'ya_.pdf

13 **Назарбаев, Н. Ә.** «Қазақстан жолы-2050»: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ // «Егемен Қазақстан» газеті. – Астана, 2014, 17 қаңтар.

14 **Назарбаев Н. Ә.** «100 нақты қадам» – ұлт жоспары // «Егемен Қазақстан» газеті. – Астана, 2017, 14 наурыз.

15 **Абдуллаева, Р. М.** Ел болашағы күзиретті, саналы ұрпақ қолында // [Электронный ресурс]. – ҚР www.bilimnur.kz. – Алматы, 2016. – 230 б.

References

1 **Evstigneev, I. A.** Formirovanie diskursivnyh umenii studentov posredstvom sovremennyh internet-texnologii [Formation of discursive skills of students through modern Internet technologies] [Text] In Journal «Herald». – Moscow, 2013. – P. 34.

2 **Evstigneev, I. A.** Metodika razvitie diskursivnyh umenii studentov na osnove sovremennyh informacionnyh-kommunikacionnyh tehnologii [Method of developing discursive skills of students on the basis of modern information and communication technologies] [Text] : dis. ... Cand. Ped. Sciences. – Moscow, 2013. – P. 14–15. [Electronic resource]. – <http://www.mggu-sh.ru> BAK of the Russian Federation <http://vak2e.gov.ru>

3 **Popova, N. V.** K voprosu o razviti diskursivnoi kompetensii [To the issue of the development of discursive competence] [Text]. In Journal «Foreign Languages in School». – M., 2011. – P. 74–80.

4 **Gorbunova, I. V.** Funkcional'no-strategicheskii potencial anglicismov v Internet diskurse. [Functional-strategic potential of Anglicisms in the Internet

discourse] [Text] : author's abstract dis. ... Cand. Philol. Sciences. – Irkutsk, 2011. – P. 14.

5 **Ayazbayeva, M. A.** Internettegi interaktivti karym-katynastar [Interactive Communication on the Internet] [Text]. In Materials of the Scientific and Practical Conference of Students «New Kazakhstan – Competitive Youth». – Semey, 2009. – P. 487.

6 **Sysoev, P. V., Evstigneev, M. N.** Formirovanie kompetetnosti prepodovatel'ia inostrannogo yazyka v oblasti ispolzovanie informacionnyh-kommunikacionnyh tehnologii. [Formation of the competence of a foreign language teacher in the use of information and communication technologies. In «Higher education today». – 2014. – P. 59–62.

7 **Sysoev, P. V.** Blog-tehnologia v obuchenii inostrannomy yazyku. [Blog-technology in learning a foreign language]. In «Language and culture.» 2012. – P. 115–127.

8 **Bim, I. L.** Nekotorye aktual'nye problemy sovremennogo obuchenia inostrannym yazykam [Some pressing problems of modern learning of foreign languages]. In «Foreign languages in school». – 2001. – P. 5.

9 **Baymenova, K. S.** Nekotorye osobennosti formirovanie kommunikativnoi kompetencii y studentov pedagogicheskogo vuza [Some features of the formation of communication competence among students of the pedagogical university] [Text]. In Republican scientific, methodical and pedagogical Journal – «ULT USTAZY» – «Teacher of nation». – Astana, 2016. – P. 181.

10 **Taubayeva, S. T.** Zhogargy oku orny studentterinin auyzsha zhane zhazbasha gylymi tilde zhazu dagdylaryn kalypstaryudyn mani men mazmuny [The essence and content of the formation of the skills of university students writing in oral and written scientific language] [Text]. In Republican scientific, methodical and pedagogical Journal – «ULT USTAZY» – «Teacher of nation». – Astana, 2016. – P. 211.

11 **Sysoyeva, P., Evstigneeva, I., Evstigneev M.** Kazirgi zamangy aqparattyq-kommunikacialyq tehnologialardyn ko'megimen oqushylardyn diskurs dagdylaryn damytu [The Development of Students' Discourse Skills via Modern Information and Communication Technologies]. – Moscow, 2015. – P. 115.

12 **Kochetova, N. V.** Komp'iterlik diskurs zhane Internet bailansynyn nysandary [Computer Discourse and forms of Internet communication [Electronic resource]. – http://sfedu.ru/documents_central/Statii/Kochetova_stat'ya_.pdf

13 **Nazarbayev, N. A.** «Qazaqstan zholy-2050»: bir maksat, bir mudde, bir bolashak. [Kazakhstan Way-2050 : common goal, common interests, common future]. In Newspaper Egeegen-Kazakhstan. – Astana, 2014, 17 january.

14 **Nazarbayev, N. A.** «100 naqty qadam»-Ulttyk zhospar [«100 concrete steps»– National Plan. In Newspaper Egemegeen-Kazakhstan. – Astana, 2017, 14 march.

15 **Abdullayev, R. M.** El bolashagy quziretti, sanaly urpaq qolynda [The future of the country, in the hands of a competently conscious generation] [Electronic resource]. – www.bilimnur.kz. Kazakhstan. – Almaty, 2016. – P. 230.

Материал 15.12.20 баспаға түсті.

H. X. Axtaeva¹, G. K. Ismailova², B. N. Azimbaeva³

Развитие компенсаторных умений в процессе обучения иностранному языку в рамках интернет-дискурса

¹Павлодарский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;

^{2,3}Университет Шакарима,
Республика Казахстан, г. Семей.

Материал поступил в редакцию 15.12.20.

N. H. Akhtayeva¹, G. K. Ismailova², B. N. Azimbaeva³

Development of compensatory skills in the process of learning a foreign language within the framework of internet discourse

¹Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

^{2,3}Shakarim University,
Republic of Kazakhstan, Semey.

Material received on 15.12.20.

Статья предназначена для обучающихся в процессе обучения иностранному языку и развития компенсаторных умений в рамках интернет-дискурса на примере социальных сетей. Изучая коммуникативное поведение обучающихся в рамках Интернет-дискурса на примере социальных сетей, авторами выделяются ключевые проблемы и особенности развития компенсаторных умений.

Также в статье анализируются эффективность одной из наиболее актуальных проблем современной методики обучения иностранным языкам, формирование компенсаторной компетенции у обучающихся. По мнению авторов, формирование и повышение эффективности компенсаторной компетенции у обучающихся и пользователей сети

интернет порождает потребность построения методики развития компенсаторной компетенции.

Поскольку построение методики развития компенсаторных умений осуществляется в рамках Интернет-дискурса, компенсация языкового дефицита и использование различных информационно-справочных ресурсов получило социальное признание, и были активно дополнены, а также введены качественные преобразования в сферах социального развития.

Ключевые слова: компенсаторная компетенция, компенсаторные умения, Интернет-дискурс, информационные и коммуникационные технологии, социальные сети.

The article is devoted to the development of compensatory skills in the process of learning a foreign language within the framework of Internet discourse on the example of social networks. By studying the communicative behavior of students within the Framework of Internet Discourse on the example of social networks, the authors highlight the key problems and features of the development of compensatory skills.

The article considers the effectivity of one of the most pressing problems of modern method in learning foreign languages, the formation of compensatory competence among students. According to the author's opinion, the formation and efficiency of compensatory competence in students and users of the Internet creates the need to build a method of developing compensatory competence.

As the construction of the method of developing compensatory skills is carried out within the framework of Internet discourse, the compensation of language shortages and the use of various information and reference resources has received social recognition, and have been actively complemented by qualitative changes in the areas of social development.

Keywords: compensatory competence, compensatory skills, Internet discourse, information and communication technologies, social networks.

<https://doi.org/10.48081/AWGA4459>

**Е. С. Аяған, И. С. Өтебаев, Б. Е. Сабырбай,
Қ. Т. Аналбекова**

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ӘСЕРІ

Бұл мақалада бастауыш сыныптарда мектептегі баланың оқуға қызығушылығы мәселесі көптеген мамандардың көңілін аудартады, себебі, бастауыш білім – орта білімнің негізі. Сонымен бірге, бастауыш сынып, жеке тұлғаның қалыптасуында ерекше маңыз кеңінен қарастырылған.

Оқу әрекеті кезінде бастауыш мектеп оқушысы білім, іскерлік, дағдыны игеріп қана қоймай, сонымен қатар өз алдына оқу міндетін, мақсатын қоюға үйреніп, білімді қолдану және меңгеру тәсілдерін тауып, өз әрекетін бағалап, бақылайтыны анықталды.

Бастауыш мектеп жасындағылардың танымдық өрісінің дамуы. Бастауыш мектеп жасында баланың психикалық даму орталығы ерікті қалыптастыруға ауысады: ерікті есте сақтауы, зейіні, ойлауы дамиды, әрекетті ұйымдастыруы да ерікті болады. Бастауыш мектеп жасындағы жылдар бойы бала өз тәртібін, психикалық процестердің өтуін басқара алуға үйрену мәселелері талдау жасалынған. Тұлғаға бағдарлану технологиясы әр түрді деңгейлі оқыту мазмұнын оқушылардың жеке дара ерекшеліктеріне қарай бейімдеуді, оқушының даралық ерекшеліктеріне бағдарлануды көздейді. Оқушының белсенділігін қамтамасыз етеді.

Сабақ барысында мұғалімдер балаларды сұрақтар қояға, болжам құру, болжамды негіздеу және дәлеледеуге, керекті ақпаратты іздеуге үйретеді. Сөйтіп оқушыларды енжар тыңдаушылардан белсенді оқу мәселесін зерттеушілерге айналдырады. Оқу әрекеті шығармашылық болған кезде материалды игеру сапасы да көтеріледі. Бастысы, балалар оқу ережелерді жаттау емес, ең алдымен қоршаған дүниені және өзін-өзі танудағы қызықты әрі

шексіз үрдіс екенін түсінеді. Сауат ашу сабақтарында мұғалімдер өнімді оқу технологиясын қолданады, сөйтіп дұрыс оқу дағдысын қалыптастырады. Бұл технология коммуникативтік оқу дағдыларын, оқығанды талдау, өз ойын тұжырымдай білу, авторды түсіне білу, ақпараттан керектісін бөліп алу іскерлігін қалыптастыру нәтижесі сөз болады.

Кілтті сөздер: Педагогика, бастауыш, сынып, білім беру, психология, оқушылар, ерекшелік, оқыту, технология, жеке тұлға, қалыптасу, мотивтер, перспективті, түйсік, қабылдау, дағды, коммуникативтік дағды, шығармашылық.

Кіріспе

Бастауыш сыныптарда мектептегі баланың оқуға қызығушылығы мәселесі көптеген мамандардың көңілін аудартады, себебі, бастауыш білім – орта білімнің негізі. Сонымен бірге, бастауыш сынып, жеке тұлғаның қалыптасуында ерекше маңызға ие.

Регуш, балалардың танымдық белсенділігіне оның қызығушылығы, мотивациясы, қасиеті мен қабілеті әсер етеді десе, Н. П. Локалова, П. П. Борисов әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және физиологиялық факторларды басты себеп ретінде көрсетеді, ал А. М. Гельмонт, Н. И. Мурачовский, Г. И. Вергелес, Л. А. Матвеева танымдық қызығушылықты жеке бас қасиеттерімен, оқуды дұрыс ұйымдастырумен байланыстырады, Сомароф балалардың мектептегі жетістіктеріне ата-аналардың әсерінің бар екеніне мән берген, А. Л. Венгер, И. А. Акопянц, В. К. Воеводкина, Г. А. Цукерман сияқты ғалымдар танымдық процестерге көп мән берген.

Материалдар мен әдістер

Оқу әрекеті – бастауыш мектеп оқушысының жетекші әрекеті. Балалар психологиясында жетекші әрекет ретінде тұлғаның негізгі психикалық процестері мен қасиеттерін қалыптастыруда жүретін әрекет ретінде түсіндіріледі және жаста басты жаңарыстар байқалады (еркі, рефлексия, өзіндік бақылау, талдау, әрекеттің ішкі жоспары). Оқу әрекеті баланың мектептегі оқуымен жүзеге асады. Д. Б. Эльконин, айтқандай, ол өзінің жетекші қызметін қалыптасқан соң, толық жүзеге асырады. Бастауыш мектеп жасы – оқу әрекетін қарқынды қалыптастыру кезеңі [1, 153].

Оқу әрекетінің мәні ғылыми білімдерді игеруден тұрады. Бала мұғалімнің жетекшілігімен ғылыми түсініктерге сүйеніп іс жүргізе бастайды.

Д. Б. Эльконин, ғылыми түсініктерді игеруде, оқу әрекетінің нәтижесі оқушының өзін және оның дамуының өзгерісі болып табылады, – деп есейтейді. Бұл өзгерістер төмендегілерді құрайды: оқудың білім, іскерлік,

дағды деңгейінде өзгеруі; оқу әрекетінің жеке жақтарының қалыптасқандығы деңгейінде өзгеруі; тұлғаның ақыл-ой операцияларындағы, ерекшеліктеріндегі, яғни жалпы және ақыл-ой дамуы деңгейіндегі өзгерістері [2].

Оқу әрекеті – бұл жеке белсенділіктің спецификалық формасы. Ол өз құрылымы бойынша қиын және арнайы қалыптастыруды қажет етеді. Өз жұмысын орындайтын үлкен адам сияқты оқушы мыналарды білу керек: не істеу керек, не үшін істеу керек, қалай істеу керек, өз қатесін көріп, өзін бақылай және бағалай білу керек. Мектепке келетін бала мұның бәрін өз бетімен істей алмайды, яғни ол оқу әрекетін игермеген. Оқу әрекеті кезінде бастауыш мектеп оқушысы білім, іскерлік, дағдыны игеріп қана қоймай, сонымен қатар өз алдына оқу міндетін, мақсатын қоюға үйреніп, білімді қолдану және меңгеру тәсілдерін тауып, өз әрекетін бағалап, бақылайды.

Оқу әрекетінің құрылымы. Д. Б. Эльконин және В. В. Давыдов «оқу» әрекетін, оның бірнеше компоненттерінің бірлігі ретінде қарастыруға болады деген: оқу міндеттері, оқу әрекеті, өзін-өзі бақылау әрекеті өзін-өзі бағалау [3, 192].

Оқу міндетін нақты-практикалықтан ажырата білу керек (мысалы, сұрақты қоюда айырмашылық бар – оқушылардың алдына тақпақты жаттау міндеті қойылады немесе ол оны мнемикалық әдістердің көмегімен жаттайды).

Жеке міндеттерді біле отырып, оқушылар оларды шешудің жеке тәсілдерін игереді. Оқу міндеттерін оқушылар арнайы әрекеттерді орындау жолымен шешеді.

Бұл оқу әрекеттерін атап өтейік: практикалық – әріптер жазу үшін қағазды қию; ақыл-ой – арифметикалық есептерді ойында шешу, жалпылау; перцептивті объектіні зерттеу, қабылдау әрекеті (жаңа геометриялық фигурамен, суреттермен танысу); ауызша әрекет – мұғалімнің сұрағына жауап.

Ә. Д. Телегина және В. В. Габай оқу әрекетінің келесі түрлерін ұсынады:

1 Репродуктивті әрекет, оқушылардан үлгіге жақын (оқу, жазу, қайта жаңғырту т.с.с.) нәтижеге жету талап етіледі.

2 Ойлау әрекеті: себепті-ізденушілік байланысты орнату; объектіде оны құраушыларды бөліп, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу; қорытынды жасау; жалпы және маңыздысын бөлу.

3 Бақылау әрекеті: өз әрекетінің өнімін үлгімен, мақсатпен салыстыру; қатені табу; міндеттің шешілуін тексеру; өзінің және басқалардың әрекеттерінің нәтижесін бағалау.

4 Өнімді әрекет: жаңа өнімді құру – математикалық формулалар, әңгімелер, сөйлемдер, есептер ойлап табу; берілген өнімді жаңадан құру:

сұрақта есептің, сөйлемде сөздің тәртібін өзгерту, мазмұндау; жоспарланатын әрекеттер: есеп шешімін, ертегінің, болашақ әрекеттің жоспарын құру [4].

Оқушылар алғашында, өз бетімен оқу міндетін тұжырымдай және оларды шешу әрекетін орындай алмайды. Оларға үнемі мұғалімдер көмектеседі, бірақ біртіндеп оқушылардың өзі сәйкес іскерлікке ие бола бастайды (осы процесс кезінде оқу іскерлігі және өз бетімен әрекетті жүзеге асыру қалыптасады). Баланың толық оқуы, оның оқуға үйренгенде басталады.

Өзін-өзі бағалау әрекеті балаларға өз әрекетін әр түрлі кезеңдерде, оны жүзеге асыруды бағалау процесін құрайды. Өзін-өзі бағалау функциясының өте маңыздысы – жүйелілік. Өзін-өзі бағалаудың екі түрі бар:

– өткенді шолу, яғни өз әрекетінің нәтижесіне жетуді бағалау (мен дұрыс немесе бұрыс жасадым?);

– болжау, субъектінің өзіндік мүмкіндіктерін бағалау (мен бұл міндетті шеше аламын ба, әлде шеше алмаймын ба?).

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Оқу әрекетінің маңызы: алдымен ғылыми білімді игеру процесінен дағдыны (амалдар мен операциялар) және іскерлікті (білімді қолдану және табу тәсілдері) қалыптастырудан тұрады.

Оқу әрекеті бір жағынан, 6–7 жастағы балалардың мүмкіндігін және танымдық күшін ескеруден тұрады, екінші жағынан, балалардың даму деңгейін және олардың әрі қарайғы оқуға қабілетін жоғарлататын білім және дағдымен қаруландыру.

Сонымен, біріншіден оқу әрекеті. Кіші мектеп оқушыларының жетекші әрекеті ретінде, оларды жан-жақты дамытудың негізі болып табылады. Екіншіден, балаларда сауатты жазу, жақсы санау, мәнгерлеп оқу дағдысы мен іскерлігі арнайы теориялық білімдері болғанда қалыптасады. Үшіншіден, баланың оқуға деген адал қарым-қатынасы, олардың оқу әрекетін дұрыс орындау процесінде туатын, оқуға деген ынтасына, тілегіне, іскерлігіне сүйенеді.

Мұғалімнің басты міндеті – мотивация құрылымында оқудың ішкі мотивациясын жоғарылату.

Оқу мотивтерінің жіктелуі. Барлық оқу мотивтерін төмендегідей жіктеуге болады:

1 Оқу әрекетіне негізделген мотивтер:

– Оқу мазмұнымен байланысты мотивтер: оқушының жаңа фактілерді білуге, білімді меңгеруге, құбылыс мәніне енуге тырысуын ояту және т.б.

– Оқу процесінің өзімен байланысты мотивтер: оқушыда интеллектуалды белсенділігін, міндеттерді шешу процесінде кездесетін қиыншылықтарды

жеңуге тырысуын оятады, яғни баланы алынатын нәтижелермен қатар, шешу процесі қызықтырады.

2 Оқу әрекетінен тыс, байланысқан мотивтер:

– Әлеуметтік мотивтер (ата-аналар, мұғалімдер, сынып алдындағы жауапкершілік мотивтері), өзін-өзі анықтау мотивтері (болашақ үшін білімнің маңызын түсіну, болашақ жұмысқа даярлығының ынтасы).

– Кең көлемді мотивтер (жақсы баға алуға тырысуы, сыныпта алдыңғы қатарлы оқушы болуға ынтасы).

– Кері мотивтер (ата-аналар, сыныптастары тарапынан болатын көңілсіз жағдайдан қашуға тырысуы) – көңілсіз жағдайдан шығу мотивациясы.

Қорытынды

Бастауыш мектеп жасындағыларды танымдық өрісінің дамуы. Бастауыш мектеп жасында баланың психикалық даму орталығы ерікті қалыптастыруға ауысады: ерікті есте сақтауы, зейіні, ойлауы дамиды, әрекетті ұйымдастыруы да ерікті болады. Бастауыш мектеп жасындағы жылдар бойы бала өз тәртібін, психикалық процестердің өтуін басқара алуға үйренеді.

1 Түйсік және қабылдаудың дамуы. Мектептегі оқуға келгенге дейін баланың анализаторлары толығымен қалыптасады, бірақ олардың әрі қарай дамуы мектеп жасында жалғасады. Олар біркелкі дамымайды: көру өткірлігінің дамуы баяулайды. Мектепке балалар негізгі түстерді және олардың реңін ажырата алу білімдерімен келеді. Түсті сезіну ұл балаларға қарағанда, қыз балаларда басымырақ дамыған.

Мектептегі оқудың алғашқы жылында есту, сөйлеу қабілеті белсенді дамиды. Бұл балаларды оқуға үйретумен байланысты.

Бастауыш мектеп жасындағы қабылдау эмоциямен тығыз байланысты, оның жағымды эмоциясын тудыратын құбылыстар мен заттарға зейінін аударады. Яғни, бұл жаста қабылдау өте таңдамалы болады.

Кіші мектеп оқушыларының кеңістікті қабылдауы жеткіліксіз дамыған. Олар ұзындықтың негізгі өлшемдерінің анықтамаларын біледі, бірақ олардың ара-қашықтығы туралы түсініктері жоқ [5].

Бақылағыштықты дамыту өте маңызды болып табылады. Алдымен баланы қабылдаған объектіні суреттеуге үйретеді, кейін ұқсастығы мен айырмашылығын тауып, оны басқамен салыстыруға үйретеді. Ең кеш кезең – бұл заттар арасындағы қарым-қатынас пен байланысты түсіндіру.

2 Зейіннің дамуы. Бастауыш мектеп оқушысының зейіні тұрақсыз болып келеді, бала ұзақ уақыт бойы бір затқа немесе іс-әрекетке назар салып тұра алмайды. Бала зейінін тез аударады, себебі қозу тежелуден басым болады. Әдетте баланың зейіні ашық, қызықты заттарға, ғажайып құбылыстарға ауады. Балалар зейінін бір әрекеттен екінші әрекетке немесе бір объектіден екінші объектіге

аудара алмайды (бір сабақтан екінші сабаққа). Балаларда зейіннің бөлінуі әлсіз дамыған – олар бір мезетте әрекеттің бірнеше түрін орындай алмайды: тындау және жазу, оқу және түсіну және т.б. Зейіннің көлемі тар, балалардың зейінінде бірнеше объектіні сақтауы қиын. Зейіннің шоғырлануы кең, балалар өздеріне қызықты жұмысты орындай отырып, айналасына көңіл аудармайды (бірақ бұл қызықты әрекетке байланысты). Бастауыш мектеп оқушысының зейіні ырықсыз сипатта болады, бірақ балалар біртіндеп зейінін басқаруға үйренеді [6].

Мұғалім бұл жастағы балаларға алаңғасарлық қасиет тән (ол көбіне балалардың тез шаршауымен байланысты) екенін ескеруі қажет. Зейінді тұрақтандыру, ұстау тәсілдері: материал қызықты, ашық, ғажайып болу керек; материал саналы, балаға түсінікті болу керек; бала өз әрекетіне саналы қарау керек, яғни мақсат қою және оған жету; балаға өзін-өзі басқару амалдарын үйрету керек; сабақ барысында балалардың зейінін үнемі белсендіру қажет; әр түрлі әрекет түрлерін, көрнекіліктер қолдану керек; үзіліс, шамалы демалыс қажет; ырықты және ырықсыз зейінді қолдану қажет.

3 Есте сақтауды дамыту. Бастауыш мектеп оқушысының есте сақтауы үлкендердікінен ерекшеленеді. Бұл жаста есте сақтау ырықсыз сипатта болады, ол ашық түсті, қызықты заттарды, эмоционалды әшекейленген жәйттарды жақсы сақтайды. Бірақ оларда ырықты есте сақтаудың нышандары пайда болған және оқу әрекеті, материалды ырықты есте сақтауды талап етеді, негізгі басымдылық ырықсыз есте сақтаудың негізінде ырықты есте сақтаудың дамуына жасалады.

Бұл жаста механикалық есте сақтау басымырақ болады, сондықтан баланың логикалық есте сақтауын дамыту керек, ол есте сақталатын материалдың мәнін түсіну қажет. Мынаны есте сақтаған жөн: 7-8 жастағы бала бәрін сөзбе-сөз, дәлме-дәл есінде сақтауға бейім.

4 Ойлауын дамыту. Ойлаудың дамуы да бірнеше кезеңдерден өтеді. Балада сөздік-логикалық немесе түсінікті ойлауы дами бастайды. Бала түсініктерге сүйене бастайды (басында нақты, кейін абстрактілі). Бұл сабақ барысында баланың білімі мен қиялын кеңейту нәтижесінде жүреді.

Зерттеу көрсеткендей, балалардың ойлау әрекетінің қоры шексіз. Дұрыс, лайықты оқыту барысында бастауыш мектеп жасындағы балаларда ғылыми түсініктер (космос, серік (спутник), әлем және т.б.) қалыптасып, ойлауы логикалық болады.

5 Қиялының дамуы. Жүйелі оқыту балаларда қиялын дамытуға әкеледі. Қиялды дамыту екі фазадан өтеді: алғашында қиял еліктеу, қайта жаңғырту сипатында болады. Бала өз фантазиясында не көргенін, не естігенін қиялдайды; кейін бала өз бетімен образ құра бастайды, қиялы шығармашылық негізде болады. Оның образдары байып, көбейе түседі.

Мұғалімнің күнделікті жұмысының нәтижесінде қиялды дамыту келесібағыттар бойынша жүреді: басында қиял бейнелері түсініксіз, бұлдыр болады, кейін ол нақтыланып, айқындалады; алғашында қиял бейнесінде бірнеше белгілер ғана болады, ал 2-3 сыныпқа қарай көбейеді, 1-сыныпта жинақталған бейнелерді қайта жасау болмашы, ал 2-сыныпта оқушылар көбірек білім алып, білімі жалпы және жарқын болады. Балалар әңгіменің сюжетін өзгерте алады, оның мәнін түсіне отырып, шарт жасайды; басында қиялдың кез-келген бейнесі нақты затқа сүйенуді талап етеді, әрі қарай ол сөйлеуге сүйене отырып дамиды. Міне, осы оқушыға ойша жаңа образ құруға көмектеседі [7].

Шығармашылық қиял – бұл ойын әрекетінің нәтижесі, сонымен қатар балаларды құрастыру, сурет салу, ермексазбен жұмыс сабақтарында арнайы дамыту. Қиялды дамытуға көркем әдебиеттерді оқу, әңгімелеу, мазмұндау (сурет бойынша әңгіме құрастыру) көмектеседі.

6 Сөйлеудің дамуы. Сөйлеуін дамытуға жазбаша сөйлеуді меңгеру әсер етеді. Жазбаша сөйлеуде жест, интонация болмайтындықтан, ол толық дамыған болу керек, бастауыш мектеп оқушысы үшін алғашында ішкі сөйлеуден жазбаша сөйлеуге ауысу қиын болады. Бастауыш мектеп оқушысының жазбаша сөйлеуі, ауызшаға қарағанда біршама артта. Бірақ, М. Д. Цвияновичтің зерттеуінде 3-сыныпқа қарай жазбаша сөйлеу өзінің морфологиялық құрылымына қарай ауызшадан қалмайды. Жазбаша сөйлеуде үшінші сынып оқушысы (71 %) қарапайым көп таралған сөйлемді игереді. Күрделі сөйлемді игеру – 29 %, ауызша сөйлеу – 35 % құрайды [8].

Бастауыш мектеп оқушысы үшін оқылған мәтінді түсіну қиындық туғызады. Бастауыш мектеп оқушысы әлі де болса, кейіпкерлердің мінез-кұлқын, автордың оларға деген қарым-қатынасын түсінуге көмектесетін тәсілдерді білмейді. Дыбыстық талдау және синтез, тез, шапшаң оқу дағдысы, күрделі ойлау процестерінің дамуы, идеялық мазмұнды түсінуі – осының барлығы оқи білу қабілетіне әсерін тигізеді [9].

Сөйлеуді игеру, дыбыстарды дамыту бойынша жүреді – лексиканы интонация, ырғақ жағынан дамыту, оқушылардың сөйлеу әрекетін толық сезінуі.

7 Эмоционалды-еріктік өрісінің дамуы. Эмоция және сезім кіші мектеп оқушылары өмірінде үлкен маңызға ие. 7–10 жастағы балаларға жағымды эмоциялар, жарқын жүзділік, сергектік тән.

Эмоция және сезімге сипаттама: кіші мектеп оқушыларының эмоциясы және сезімі тұрақсыз. Балалардың эмоциясы жылдам пайда болып, жылдам өшеді; эмоция ырықсыз сипатта – балалар оны басқарып, ұстай алмайды және оны жасыра алмайды; эмоция және сезім импульсивті ерік процестерімен бақыланбайды, сезінбейді (сабақта отырып, өткенді есіне түсіріп күлуі мүмкін);

бастауыш мектеп жасындағы балалар басқалардың сезімі мен эмоциясын нақты қабылдамайды (қорқыныш пен ашуды шатастырады) [10].

Балаларда байқалатын сезімдерді төмендегідей бөлуге болады: мұғалімге деген сезімі (сыйлау, жақсы көру); жоғары сезімдер (интеллектуалдық); моральдық сезімдер (отбасына, жолдасына, жақын адамдарына деген сүйіспеншілігі); эстетикалық сезімдер.

Балалардың еркі әрекет (оқу, ойын) барысында дамиды. Бала мектепке келгенге дейін, еріктік қасиеттері болады, бірақ өте әлсіз дамыған. Балалар өз тәртібін бақылай алмайды, сондықтан ырықсыз әрекеттері ырықты әрекетке қарағанда басым болады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Эльконин, Д. Б. Психологические условия развивающего обучения. – М. : Знание, 1970. – 186 с.

2 Иманбекова, Б. И. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс : Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы : БС «Алишер», 2003. – Б. 136.

3 Жарықбаев, Қ. Б. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы : «Қазақ университеті», 2004. – 280 б.

4 Телегина, Э. Д., Габай, В. В. Виды учебных действий и их роль в развитии творческого мышления младших школьников // Вопросы психологии. – М., 1986. – № 1. – С. 47–53.

5 Грейс Крайг. Психология развития. – СПб. : «Питер», 2002. – С. 288.

6 Гальперин, П. Я. Психология мышления и учение о поэтапном формировании умственных действий. – М. : Просвещение, 1966. – С. 196.

7 Петровский, А. А. Возрастная и педагогическая психология. – М. : Педагогика, 1973. – 236 с.

8 Цвиянович, М. Д. Особенности письменной речи учащихся третьего класса. – Киев, 2009. – С. 120.

9 Иманбекова, Б. И. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс : Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы : БС «Алишер», 2003. – Б. 136.

10 Рамашкова, Е. И. Нескучный досуг. – М. : «Сфера», 2002. – С. 94.

References

1 Elkonin, D. B. Psychological conditions of developmental training. – М. : Znanie, 1970. – 186 p.

2 Imanbekova, B. I. Scientific and methodical work at school : Textbook. – Алматы : BS «Alisher», 2003. – P. 136.

3 **Zharykbayev, K. B.** History of Kazakh psychology. – Almaty : «Kazakh University», 2004. – 280 p.

4 **Telegina, E. D., Gabay, V.V.** Types of educational activities and their role in the development of creative thinking of young schoolchildren. In Questions of psychology. – Moscow, 1986. – № 1. – P. 47–53.

5 **Grace Craig.** Psychology of development. – St. Peterburg : «Peter», 2002. – P. 288.

6 **Galperin, P.Ya.** Psychology of thinking and teaching about the poetic formation of mental actions. – Moscow : Enlightenment, 1966. – P. 196.

7 **Petrovsky, A. A.** Age and pedagogical psychology. – Moscow : Pedagogy, 1973. – 236 p.

8 **Tsvianovich, M. D.** Features of written speech of students of the third class. – Kiev, 2009. – P. 120.

9 **Imanbekova, B. I.** Scientific and methodical work at school : Textbook. – Almaty : BS «Alisher», 2003. – B. 136.

10 **Ramashkova, E. I.** Neskuchny dosug. – Moscow : «Sphere», 2002. – P. 94.

Материал 15.12.20 баспаға түсті.

E. S. Ayagan, I. S. Utebayev, B. E. Sabyrbay, K. T. Analbekova

Влияние новых технологий обучения на психологические особенности учащихся начальной школы

Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова,
Республика Казахстан, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 15.12.20.

E. S. Ayagan, I. S. Utebayev, B. E. Sabyrbay, K. T. Analbekova

The effect of new educational technologies on the psychological features of primary school students

Academician E. A. Buketov Karaganda State University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Material received on 15.12.20.

В этой статье многих экспертов будет интересовать вопрос об интересе ребенка к начальной школе, поскольку начальное образование является основой среднего образования. В то же время, широко обсуждается важность начальной школы и личности.

В процессе обучения выяснилось, что ученик начальной школы не только изучает бизнес, но и навыки, но также учится ставить

цели и задачи обучения, находит способы применения и овладения знаниями, а также оценивает и контролирует свою деятельность.

Развитие познавательного поля в младшем школьном возрасте. В начальной школе центр психического развития ребенка превращается в добровольный: добровольная память, внимание, развитие мышления и волонтерская деятельность. В начальной школе ребенка анализируют, чтобы узнать, как он справляется со своим поведением и психическими процессами.

Личностно-ориентированная технология включает в себя адаптацию содержания различных уровней обучения к индивидуальным характеристикам учащихся и сосредоточение внимания на индивидуальных характеристиках учащихся. Обеспечивает студенческую активность. На уроке учителя учат детей задавать вопросы, делать предположения, обосновывать и доказывать прогнозы, искать необходимую им информацию. Это превратит студентов из пассивных учеников в активных учеников. Когда учебный процесс творческий, качество материала также улучшается. Самое главное, дети понимают, что чтение – это не вопрос правил, а интересный и бесконечный процесс изучения себя и окружающей среды. На уроках грамотности учителя используют эффективные технологии обучения для развития навыков грамотности. Эта технология является результатом коммуникативных навыков чтения, анализа чтения, умения формулировать идеи, понимания автора и умения извлекать информацию из информации.

Ключевые слова: педагогика, начальная школа, класс, образование, психология, учащиеся, исключение, обучение, технология, личность, образование, мотивы, перспектива, интуиция, восприятие, навыки, коммуникативные навыки, креативность.

In this article, many experts will be interested in the question of how much interest a child has in primary school, because elementary education is the basis of secondary education. At the same time, the importance of elementary school and personality is widely considered.

During the learning process it has been established that the elementary school student not only acquires knowledge, business, skills but also learns to set learning goals and objectives, find ways to apply and master knowledge, and evaluate and control his or her activity. Development of cognitive field in elementary school age. In elementary school, the child's mental development center is transformed into a voluntary one:

voluntary memory, attention, thinking develop, and volunteer activity. During the elementary school years, the child has been analyzed to learn how to handle his or her behavior and mental processes. Person-centered technology involves adapting the content of different levels of learning to the individual characteristics of students, and focusing on the individual characteristics of students. Provides student activity.

During the lesson, teaching are taught children to ask questions, to make guesses, to justify and prove predictions, to search for the information they need. This will turn students from passive learners into active learners. When the learning process is creative, the quality of the material is also enhanced. Most importantly, children understand that reading is not a matter of rules, but of an interesting and endless process of learning about themselves and the environment. In literacy classes, teachers use effective learning technology to build literacy skills. This technology is the result of communicative reading skills, reading analysis, ability to formulate ideas, understand the author and the ability to extract information from the information.

Keywords: Pedagogy, elementary, grade, education, psychology, learners, exception, teaching, technology, personality, formation, motives, perspective, intuition, perception, skills, communicative skills, creativity.

МРНТИ 27.01.45

<https://doi.org/10.48081/KHV15178>**Е. Н. Гаврилова, С. М. Сеитова**

Жетысуский университет имени И. Жансугурова,
Республика Казахстан, г. Талдыкорган

ГРАФ ЛОГИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЫ СОДЕРЖАНИЯ МАТЕМАТИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН

В статье раскрываются важные аспекты содержания математических дисциплин в ВУЗе в современных условиях. Актуализируется проблема построения как графа логической структуры математических дисциплин, так и отдельных тем направленных на совершенствование профессиональной компетентности будущих учителей математики. Приведены требования к структуре рабочей учебной программы математических дисциплин на примере Жетысуского университета имени И. Жансугурова. В статье авторы приводят результаты опроса среди преподавателей по выявлению затруднений, испытываемые при преподавании математических дисциплин и в работе со студентами педагогического профиля. Авторы предлагает способы организации учебного процесса для развития профессиональных качеств, знаний, умений и компетенций посредством построения графа логической структуры содержания математических дисциплин так и отдельных ее тем. В статье авторы привели пример построения графа логической структуры содержания темы «Модель критериального оценивания» по дисциплине «Технологии критериального оценивания» для студентов 2 курса специальности 5В010900-«Математика». Построение графа логической структуры каждой темы при преподавании математических дисциплин по программно-целевому принципу, включает значительно меньшее количество элементов, что позволит уменьшить объем изучаемого материала, не уменьшая при этом объема действительно необходимой информации.

Ключевые слова: граф логическая структура, математические дисциплины, профессиональная деятельность, технологии критериального оценивания.

Введение

В Республике Казахстан высшим учебным заведениям дана большая самостоятельность в разработке и реализации образовательных программ. При этом обоснованный выбор учебных дисциплин, а также тщательная разработка содержания соответствующих учебных дисциплин занимает важное место в реализации образовательных программ. Так как, предложенные учебные дисциплины и их содержания должны обеспечивать: высокий уровень образования, соответствующий мировому уровню; формирование профессиональных компетенции будущих специалистов, соответствующих потребностям общества, уровню современных научных исследований. Как показывают результаты исследований А. А. Вербицкого, В. И. Кагана, И. А. Сыченикова, В. П. Беспалько, Ю. Т. Татура, О. В. Долженко и других [1], в высшей школе по целому ряду направлений образовался существенный разрыв между глобальными потребностями общества и результатами образования: между профессиональной ориентацией и потребностью личности в удовлетворении разнообразных познавательных интересов; между объективными требованиями времени и общим недостаточным уровнем образованности; между современными методологическими подходами к развитым наукам и архаическим стилем их преподавания.

Проблемы подготовки будущих учителей математики и содержания учебных дисциплин отражены во многих отечественных и зарубежных исследованиях, например в работах Ю. К. Бабанского, М. В. Потоцкого, Р. Б. Альберт, И. И. Ильясова, А. М. Фридмана, И. Я. Лернера, А. Е. Абылкасымовой, А. К. Кагазбаевой, Б. Б. Баймуханова и др. [2,3,4,5].

Так Абылкасымова А. Е. отмечает что ключевой фигурой математического образования школьников является современный учитель, обладающий достаточными фундаментальными и прикладными знаниями, использующий в своей работе современные информационные технологии, а самое главное, любящий математику, умеющий решать задачи и заинтересованный в успехах своих учеников [6].

Именно поэтому математическое образование в педвузе призвано обучить будущих учителей необходимому математическому аппарату, применяемому в различных областях знаний, вооружить их системой математических методов познания окружающей действительности и обеспечить понимание научных основ школьного курса математики.

Методы и результаты исследования

Согласно изменения в приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 20 апреля 2011 года № 152 «Об утверждении

Прагматиктер маңызды мәселелерді талқылауға және ұжымдық шешімдерді әзірлеуге құлшыныспен қатыса отырып, ынтымақтастыққа оңай барады. Мінез-құлық және ойлау икемді. Қарым-қатынас дағдылары жақсы дамыған, басқа адамның орнында өзін оңай елестете алады және өз іс-әрекетінің салдарын түсіне алады.

Болашақ педагог-психологтың кәсіби маңызды қасиеттеріне өз ерекшеліктерінен нақты нәтиже алуға өте маңызды қасиет прагматикалық қасиетті қосуға болады, бұл болашақ маман дайындауда оңтайлы нәтиже алуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандардың бәрі болашақ педагог-психологты кәсіби даярлау процесінде оның кәсіби маңызды қасиеттерін дамытуға бағытталған жаңа тәсілдерді теориялық түсіну және негіздеу қажеттілігін айқын көрсетеді. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде кәсіби маңызды қасиеттері бар, олардың арасында практикаға бағдарланған прагматикалық қасиеті басым болатын болашақ педагог-психологты даярлаудың жаңа моделін жобалау қажеттілігі барған сайын өткір бола түсуде.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Профессиональная компетентность педагога-психолога, социального педагога в условиях модернизации образования [Текст] : учебно-метод. материалы / Т.А. Крылова и др. – Вологда : Вологодский институт развития образования, 2014. – 250 с.

2 **Подгорбунских, А. А.** Формирование лингвокультурной компетентности студентов педагогического вуза [Текст] : автореф. на соиск. ученой степ. канд. пед. наук : 13.00.08 – теория и методика проф. образования / Анастасия Александровна Подгорбунских. – Челябинск, 2012. – 26 с.

3 **Алексеева, Л. Ф.** Системный подход в изучении и оценке компетентности специалиста [Текст] / Л.Ф. Алексеева // Вестник Бурятского государственного университета. – 2011. – № 5. – С. 131–34.

4 **Болотов, В. А.** Система оценки качества российского образования / В. А. Болотов, Н. Ф. Ефремова. [Электронный ресурс]– Режим доступа: <http://www.den-za-dnem.ru/page.php?article=150>.

5 **Золотарева, С. С.** Оценивание профессиональных компетенций в процессе обучения студентов в педагогическом вузе [Текст] / С.С. Золотарева // Ярославский педагогический вестник. – 2014. – № 3. – Том II. – С. 116–121.

6 **Зимняя, И. А.** Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования / И. А. Зимняя // Интернет-журнал «Эйдос». [Электронный ресурс]– Режим доступа: <http://www.eidos.ru/journal/2006/0505.htm>.

7 **Плужникова, Л. А.** Развитие внутриличностной компетентности студента-психолога в вузе [Текст] : автореф. на соиск. ученой степ. канд. психол. наук : 19.00.13 – психология развития, акмеология / Лариса Алексеевна Плужникова. – Тамбов, 2011. – 25 с.

8 **Бозаджиев, В. Л.** Психолог : профессия и личность [Текст] / В. Л. Бозаджиев. – Челябинск : Издательство «Печатный двор», 2001. – 424 с.

9 **Быкова, Е. А.** Формирование представлений о профессионально-важных качествах психолога у студентов психологического факультета [Текст] : / Е. А. Быкова // Вестник КГУ им. Н. А. Некрасова. – 2015. – Том 21. – С. 122–125.

10 **Витвицкая, Л. А.** Компетентностный подход в университетском образовании [Текст] / Л. А. Витвицкая // Вестник ОГУ. – 2011. – № 11 (130). – С. 176–182.

11 **Долгова, В. И.** Инвариантность профессионально важных качеств : Монография / В. И. Долгова, В. К. Шаяхметова. [Электронный ресурс]– Режим доступа: <http://elib.cspu.ru/xmlui/handle/123456789/351>.

12 **Плахута, О. Г.** Динамика становления профессионально важных качеств практических психологов [Текст] : автореф. на соиск. ученой степ. канд. психол. наук : 19.00.03 – Психология труда, инженерная психология, эргономика / Ольга Геньевна Плахута. – М., 2013.

13 **Лодкина, Е. В.** Диагностика личностной компетентности студентов – будущих педагогов-психологов / Е. В. Лодкина, Е. В. Мирошниченко // Проблемы социально-экономического развития Сибири. – 2011. – № 3 (5). – С. 79–83. [Электронный ресурс]– Режим доступа: <http://elibrary.ru/contents.asp?issueid=1014161>.

References

1 Professional`naya kompetentnost` pedagoga-psixologa, social`nogo pedagoga v usloviyax modernizacii obrazovaniya [Tekst] : Uchebno-metod. materialy` [Professional competence of a teacher-psychologist, social pedagogue in the conditions of modernization of education] [Text] : Educational method. materials Ed. T. A. Krylova et al. – Vologda : Vologda Institute of education development, 2014. – 250 p.

2 **Podgorbunskikh, A. A.** Formirovanie lingvokul`turnoj kompetentnosti studentov pedagogicheskogo vuza [Formation of linguocultural competence of students of pedagogical higher education institution] [Text] : Author. on the map. academic step. Cand. Ped. Sciences: 13.00.08 – theory and methodology of professional education Ed. Anastasia A. Podgorbunskikh – Chelyabinsk, 2012. – 26 p.

3 **Alekseeva, L. F.** Sistemy`j podhod v izuchenii i ocenke kompetentnosti specialista [System approach in the study and assessment of specialist competence] [Text] Ed. L. F. Alekseeva. In Bulletin of the Buryat state University. – 2011. – No. 5. – P. 131–34.

4 **Bolotov, V. A.** Sistema ocenki kachestva rossijskogo obrazovaniya [System of quality assessment of Russian education] Ed. V. A. Bolotov, N. F. Efremova. – Access mode : <http://www.den-za-dnem.ru/page.php?article=150>. [Electronic resource].

5 **Zolotareva, S. S.** Ocenivanie professional'ny'x kompetencij v processe obucheniya studentov v pedagogicheskom vuze [Assessment of professional competencies in the process of teaching students in a pedagogical University [Text] Ed. S. S. Zolotareva. In Yaroslavl pedagogical Bulletin. – 2014. – No. 3. – Volume II. – P. 116–121.

6 **Zimnyaya, I. A.** Klyuchevy'e kompetencii – novaya paradigma rezul'tata obrazovaniya [Key competences – a new paradigm of the result of education Ed. I. A. Zimnyaya. In Internet-magazine «Eidos». [Electronic resource]. – Access mode: <http://www.eidos.ru/journal/2006/0505.htm>

7 **Pluzhnikova, L. A.** Razvitie vnutrichnostnoj kompetentnosti studenta-psixologa v vuze [Development of intrapersonal competence of a psychology student at a University [Text] : Author's abstract. on the map. academic step. Cand. the course of studies. Sciences : 19.00.13 – psychology of development, acmeology. Ed. Larissa A. Pluzhnikova. – Tambov, 2011. – 25 p.

8 **Bozadzhiev, V. L.** Psixolog: professiya i lichnost' [Psychologist : profession and personality] [Text]. Ed. V. L. Bozadjiev. – Chelyabinsk : publishing house «Print yard», 2001. – 424 p.

9 **Bykova, E. A.** Formirovanie predstavlenij o professional'no-vazhny'x kachestvax psixologa u studentov psixologicheskogo fakul'teta [Formation of ideas about professionally important qualities of a psychologist among students of the faculty of psychology] [Text] : Ed. E. A. Bykova. In Bulletin of the KSU named after N. A. Nekrasov. – 2015. – Volume 21. – P. 122–125.

10 **Vitvitskaya, L. A.** Kompetentnostny'j podxod v universitetskom obrazovanii [Competence approach in University education] [Text] Ed. L. A. Vitvitskaya. In OSU Bulletin. – 2011. – № 11 (130). – P. 176–182.

11 **Dolgova, V. I.** Invariantnost' professional'no vazhny'x kachestv [Invariance of professionally important qualities : Monograph Ed.V. I. Dolgova, V. K. Shayakhmetova. [Electronic resource]. – Access mode: <http://elib.cspu.ru/xmlui/handle/123456789/351>.

12 **Plakhuta, O. G.** Dinamika stanovleniya professional'no vazhny'x kachestv prakticheskix psixologov [Dynamics of formation of professionally important qualities of practical psychologists [Text] : Autoref. on the map. academic step. Cand. the course of studies. Sciences: 19.00.03 – Psychology of labour, engineering psychology, ergonomics. In Genievnna Olga Plakhuta. – Moscow, 2013.

13 **Lodkina, E. V.** Diagnostika lichnostnoj kompetentnosti studentov – budushhix pedagogov-psixologov [Diagnostics of personal competence of students-future teachers-psychologists. Ed. E. V. Lodkina, E. V. Miroshnichenko. In Problems of socio-economic development of Siberia. – 2011. – № 3 (5). – P. 79–83. [Electronic resource]. – Access Mode: <http://elibrary.ru/contents.asp?issueid=1014161>.

Материал 29.12.20 баспаға түсті.

Г. А. Куребаева

Личностные качества будущего педагога-психолога как основа его готовности к осуществлению профессиональной деятельности

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 29.12.20.

G. A. Kurebayeva

Personal qualities of future educational psychologists as the basis of their readiness for professional activity

L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 29.12.20.

В статье рассматриваются личностные качества будущих педагогов-психологов как основа их готовности к профессиональной деятельности. Ориентация на повышение качества подготовки будущих специалистов – современная стратегия высшего образования. При этом профессиональная подготовка должна быть качественной как на уровне базового образования, так и на уровне ключевых компетенций специалиста. Это особенно актуально для подготовки психологов, поскольку психологическая и педагогическая поддержка развивающегося человека является основой его основных компетенций. Вышеуказанные компетенции требуют проявления определенных качеств в профессиональной деятельности педагога-психолога. И самые важные профессиональные качества – это качества, «необходимые для успешного выполнения этой работы». По мнению исследователей, особенностями профессиональной деятельности педагога-психолога являются индивидуально-психологические особенности, формирующие личностные компетенции, основу успешного

осуществления профессиональной деятельности. Результаты их исследования позволяют получить «психологический» профиль каждого студента и определить индивидуальные особенности профессиональной компетентности педагога-психолога. Одним из важнейших профессиональных качеств будущего педагога-психолога является добавление прагматичности, что очень важно при получении конкретных результатов от своих действий, что позволяет получить оптимальные результаты в обучении будущих профессионалов.

Ключевые слова: педагог-психолог, личность, профессиональная деятельность, прагматические качества.

The article examines the personal qualities of future educational psychologists as the basis of their readiness for professional activity. Focus on improving the quality of training future specialists is a modern strategy of higher education. At the same time, vocational training should be of high quality both at the level of basic education and at the level of a specialist's key competencies. This is especially important for the training of psychologists, since psychological and pedagogical support of a developing person is the basis of his main competencies. The above competencies require the manifestation of certain qualities in the professional activity of a teacher-psychologist. And the most important professional qualities are the qualities «necessary for the successful completion of this work». According to the researchers, the peculiarities of the professional activity of a teacher-psychologist are individual psychological characteristics that form personal competencies, the basis for the successful implementation of professional activity. The results of their research make it possible to obtain a «psychological» profile of each student and to determine the individual characteristics of the professional competence of a teacher-psychologist. One of the most important professional qualities of a future teacher-psychologist is the addition of pragmatism, which is very important in obtaining concrete results from one's actions, which allows to obtain optimal results in training future professionals.

Keywords: teacher-psychologist, personality, professional activity, pragmatic qualities.

FTAMP 14.35.07

<https://doi.org/10.48081/RGYO6363>

**М. А. Кусайнова¹, З. К. Жуманбаева²,
К. С. Тлеугабылова³, А. С. Мусабекова⁴**

¹Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.;

³Қарағанды техникалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.;

^{2,4}Қарағанды Медицина университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ МАЗМҰНЫ

Мақалада ерте заманда өмір сүрген тарихи тұлғалардың мақсат еткен – ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрлерді, онегелі сөздерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, үлкенді сыйлауға, елін-жерін құрметтеуге насихаттау – ой-пікірлері теориялық тұрғыда талданады. Авторлар қазақ даласын мекендеген ру-тайпалардың ертедегі көшпенділер қауымында қалыптасқан тәрбие бағыттары анықтап, мазмұндады. Ежелгі жазбалардың тәлім-тәрбиелік көздерінің алғашқы сатысын сол қоғамда қалыптасқан және ұрпақ тәрбиесіне ықпалын тигізген өнер, кәсіп, еңбек түрлерін мәнін ашып көрсетеді. Сонымен қатар, ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын тарих қойнауында қатпарланған даналық көздерін жинақтап, құнды дүниелерін жаңғырту қазақ халқының ұлттық тәуелсіздік дәуірінде басты мақсаты екендігін көрсетеді. Ежелгі қазақ ұлтының ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, мирас болып келе жатқан көне тарихында ерекше назар аударатын педагогикалық мұрасы нәтижесін болжайды.

Кілтті сөздер: тәлім-тәрбие, ұлттық тәрбие, тәлім-тәрбие, тәрбие, ежелгі дәуір, құндылық, өзіндік таңым, рухани дүниетаным, мәдени мұра, ұлттық дәстүр, рухани қазына.

Кіріспе

Қай заманда болмасын адамзат баласының алдында тұратын ұлы мақсат-мұраттарының ең бастысы – өзінің өмірін, тәжірибесін жалғастыратын

салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Себебі, ұрпақ тәрбиесі келешегін берік ететін басты фактор болып саналады.

Алайда ұлттық дәстүрді бойымызға толық сіңірмегендіктен, бабаларымыздың тарихи тәжірибесін орынды пайдаланбағандықтан, біз тәрбие тегінен айырылудың аз-ақ алдында қалдық. Дүниетануды, өміртануды адам өзінен бастағаны жөн. Егер өз ұлтының салт-дәстүрін егжей-тегжейлі, дұрыс сезіне білмесең өзге ұлттардың да салт-дәстүрлерін құрметтей алмайсың. Олардың жан дүниесін де түсіне алмайсың. Сондықтан, ең алдымен, өркім өз ұлтының салт-дәстүрлерін жете білуі және қастерлеуі қажет.

Бүгінгі таңда көптеген ұлттар мен ұлыстардың Отанына айналған Қазақстан Республикасы өркениетті елдер қауымдастығы қатарынан өзінің лайықты орын алуын талап етіп отыр. Сондықтан, ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын тарих қойнауында қатпарланған даналық көздерін жинақтап, құнды дүниелерін жанғырту қазақ халқының ұлттық тәуелсіздік дәуірінде басты мақсаты болып келеді. Сонымен қатар, қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында аса қажеттілігі туындап, Елбасының көзқарасында «барған сайын көкейкесті сипатқа ие болып отырған» ұлттық идеяны іздестіруде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралардың мәні ерекше [1].

Зерттеу әдістері

Зерттеу мәселесіне байланысты философиялық, әлеуметтану, тарихи-этнографиялық, этнопедагогикалық, психологиялық, ғылыми-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге талдау; білім қазақ ұлтының ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, мирас болып келе жатқан көне тарихында ерекше назар аударатын педагогикалық мұрасын қарастырып, оқу және тәрбие мәселесіне теориялық тұрғыдан талдау жүргізу.

Зерттеу мәселесінің талдануы

Ұлан-байтақ Орта Азия мен Қазақстан өңірін мекен еткен ертедегі ру-тайпалар ұзақ тарихи жолында ортақ территорияда бірге өмір сүріп, көшпенділер қауымының мәдениетін өркендетуге қажетті үлесін қосты. Атап айтқанда, олар сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, алан, қыпшақ, дулат, түркеш, қарлық, оғыз т.б. Бұл тайпалардың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, экономикалық және әлеуметтік жағдайы өз заманында белгілі дәрежеде дамып, тәлім-тәрбиелік идеялардың дамуына әсерін тигізді. Жалпы ұқсастықтарына қарамастан, әр тайпа өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Сондықтан осы мәселеге келе ежелгі ру-тайпаларда тәлім-тәрбиеге әсерін тигізген мынадай негізгі қағидаларды атуға болады.

Ежелгі дәуірде қазақ жерін мекендеген көптеген ру-тайпаларда жоғары дәрежеде дамыған экономикасы болды. Қорымдар материалдарында

табылған олжалар мен көркемдік қола бұйымдар көмбелері Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның ертедегі темір дәуірінде құю техникасы мен көркемдік мәдениетінің жоғары екенін және Орта Азия мен Қазақстандағы металлургия өндірісінің ірі орталығы болғанын дәлелдейді. Экономика кәсіп, өнер түрлерінің дамуына ықпалын тигізді. Арнайы бір кәсіпті меңгерген жастарға еңбек, ақыл, эстетика тәрбиелері беріліп отырды.

Ерекше қызығушылық туындататын алтын тоғалар мен қоладан жасалған ат әбзелдеріндегі аңдардың бедерлі бейнелері, қазандар, құрбандық ыдыстары, шырағандар, еңбек құралдары, қару және ер-тұрман заттары ру-тайпалардың әлеметтік жағдайы мен мәдениетінің қарқынды дамуын айқын көрсетеді [2]. Жануарлар мен аңдардың, кейде адамның мүсінді бейнелерімен сәнделген тұрмыс заттары тәлім-тәрбиенің жан-жақты дамығанын дәріптейді; жастарды еңбекке баулу, әдемілік пен әсемдікке үйрету басты мақсат болып табылды.

Ертедегі халықтарда отбасы тәрбиесінде қалыптасатын адамгершілік, имандылық, үлкенді сыйлау негізгі тәрбие бағыттарын құрады; әке мен ананың іс-әрекеттері үл және қыз тәрбиесіне үлкен әсерін тигізіп, еңбек тәрбиесінің ең алдымен отбасынан басталғанын білдіреді. Ертедегі халықтар, соның ішінде ерекше көңіл аударатын сақ әйелдері отбасы тәрбиесімен қоса ерлермен бірдей жауға шапқаны және жас балаларды отаншылдыққа тәрбиелеуде теңдессіз үлгі-өнеге көрсеткені – жас ұрпақта елжандылық, ұлтжандылық сезімдерін қалыптастырып отырды [3].

Ежелгі тайпаларда жастар мен аға буынның байланысы тығыз сақталған. Ұстаз шеберлердің жастарға деген іс-әрекеті арқылы ұрпақ үндестігі; кәсіби мектебі дамыды. «*Шебер қолдар, жастар жасаған*» деген темір бұйымдарға балқытып жазған көне жазулар шеберлік ісіне негізінен, оқып-үйретуге оңай дағдыланатын, әрі болашақ соларға тапсырылатындықтан да жастар тартылғаны туралы хабар береді.

Алғашқы қоғамда Орталық Азияны мекендеген тайпалардың негізінде қалыптасқан бірнеше этникалық құрамдар өзінің дамыған экономикасы және мәдениетімен ерекшеленді – деп түйіндесе болады. Солардың ішінде Қаратөздің солтүстік жағасынан Қытайға дейінгі созылып жатқан Еуропамен Азияның бөліктеріне кең жайылған тайпалар *ғун* деген атпен жасаған. Ғалымдардың пікірінше, осынша кең көлемдегі жерлерді ертеден иеленген ғұндар ертедегі Орталық Азияны мекендеген сақ тайпаларының ұрпақтары болса керек [4]. Ғұндармен қатар қазақ даласын мекендегендердің бірі үйсіндер болды. Бұл тайпалар бала тәрбиесін басты мақсат етіп, жастайынан өнерге, еңбекке үйретіп отырды.

Тәрбиелік мәні зор түрлі әдет-ғұрыптар арқылы ізгілік қасиеттерді қалыптастырғанға ниеттенді. Тиімді болып отбасы, еңбек, отансүйгіштік, елжандылық тәрбие түрлері саналды. Осы тұрғыда әсіресе бесік тәрбиесін ерекше атау қажет. Жас ұрпақтың жан-жақты дамығанына туылғаннан аса көңіл бөлген халық, оған жақсы тәлім-тәрбие беруге де тырысқан. Бар өнерін салып, бесікті әсемдеуді мақсат еткен. Өнегелі тәрбие осындай жақсы қадамнан басталған. Туылған нәрестенің қасында ананың бейнесі, оған аса құрмет көрсетуді көздеген ғұндардың сана-сезімі бүгінгі күні де жалғасын тауып отыр. Бұл тәрбие жүйесінің қажетті бөлігі ғұндардың әлеуметтік жағдайын анықтайтын мал шаруашылығымен байланысты. Сондықтан аттың ертұрманын көркемдеуге жасар қызығушылықпен қараған. Мұның барлығы ежелгі ру-тайпалардың дүниетанымын, жоғары дәрежеде болған сана-сезімін көрсетеді [5].

Сақ мемлекетіндегі құқық тәрбиесінің негіздері тәлім-тәрбиелік мәні мол қағидаларда жатыр. Бұл жерде құқық қағидаларымен қатар адамгершілік, имандылық, ізгілік, ақыл-ой, еңбек тәрбиелері айқын көрінеді.

Ежелгі тайпаларда жазу өнерінің дамуы екі бағытта болды. Негізін пиктографиялық, идеографиялық сүретті, заттық жазулар қалады. Дамыған жазулар негізінде тәрбиелік құндылығы мол жазба ескерткіштер жарық көрді. Олардың көздеген мақсаты жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейтіп, ақыл, еңбек, ізгілік, эстетикалық тәрбиеге баулу болды.

Зерттеу нәтижелерін талдау

Ежелгі халықтардың жазба ескерткіштері көне дәуірде қарқынды дамыған Шумерліктер, Үнділермен байланысты болды. Бұл жазба ескерткіштерде тәрбиелік ой-пікірлер жан-жақты мәселелерді қамтыды.

Жазба мәдениетімен қатар ежелгі ру-тайпаларда ілім салалары да қарқынды дамып отырды. Күнделікті өмірден туған ілімдер астрономия, геометрия, құқық, медицина, т.б. ғылымдарының дамуына ықпалын тигізіп, негізін қалады. Ертедегі өмір сүрген тарихи тұлғалардың тәлім-тәрбиелік идеялары өте құнды, бүгінгі таңдағы педагогика ғылымының негізгі мақсаты, ұстанымдары, әдіс-тәсілдерімен үндесіп тұр.

Сақ жерінен шыққан ірі тұлғалардың қатарында грек деректерінде Ару патшаларының есімдері кездеседі. Солардың бірі массагет тайпаларының патшасы Томирис. Грек деректерінде патша ұлының есімі де аталған. (Спаргапис). Дарийдің сақтарға жорығы басталған шақта сақтар басшылары Сакеспарес, Хомаргес пен Томирисінің онаша бір жерде кеңес құрғандығы мәлім. Деректерде Томирис Сақа Тиграхауданың билеушісі ғана емес, массагеттер патшасы ретінде де көрсетілген. Демек Томирисінің тарихта аты жазылған ерлік істерінің бастауы өзінен алдын жаһанға мәлім болған Алып Ер

Тоңғаның ерлік мектебінен шыңдалып тәрбиеленгендігінен деп тұжырымдауға болады [6].

Томирисінің сөзінен аңғарылғандай сақ мемлекеті ол кезде Күнді аса құдірет тұтқан және тәңірлік дінге сенген, сондай Томирисінің өзі жеке бастың сезімі мен мүддесінен де ел мүддесін алдыңғы орынға қойған ерік-жігері аса мол тұлға екенін көрсетеді. Томирис жайында біраз деректерді ірі тарихи тұлға, ғұлама Анахарсисінің қалдырған естеліктерінен толықтырса болады. Анахарсис сақтың әйел патшасы Томирисінің замандасы болған сынды. Себебі, Анахарсисінің Лидия патшасы Крезге жазған хаты сақталған. Ал Крездің парсы патшасы Кирдің кеңесшісі болғаны жөнінде және ол кеңесін сақ патшайымы Томириспен соғысардың алдында Кирге айтқанын Геродот жазып қалдырған. Егер Лидия патшасы Крез сол Геродот жазған Крез болса, онда Анахарсис те, Томирис те тарихта болып қатар ғұмыр кешкен сынды [6].

Тарихта Анахарсисінің Крезге хаты сақталған: «Лидия патшасы, мен эллин жеріне бұл жақтың салт-дәстүрі мен мінез-құлқын үйрену үшін келдім, маған алтынның қажеті жоқ, Скифияға ақылыма ақыл қосып қайтсам деймін. Сардыға келе жатқан себебім, сенімен танысуыма көп үміт артамын». Анахарсис шет жерге байлық іздеп емес, баға жетпес рухани байлық – білім іздеп келгенін осылай паш етеді. Себебі байлық, алтын-күміс сақ жерінде де жетіп артылатын. Ал енді еркін даланың ер мінезді, дана ханшасы Томирисінің мына сөздері өзінің ұлтжандылығымен тәлімдік зор маңызға ие. Ол қулықпен құдалық жіберген жаулаушы Кирдің адамдарына былай дейді: «Келген жолдарыңызбен кері қайтыңыздар. Желегім желбіреп отырған қыз емеспін. Өңгіме менің жеке өз басым туралы болса, онда мәселе бір басқа. Мен елімнің падишасымын. Мен иілсем – елімнің иілгені. Мидиялықтардың патшасы Кир ниетінен қайтып, отанына оралсын. Қаншама құдіретті болса да, Күн-Тәңірімнің күні ертең кімді қолдап, кімге зауал әкелерін қайдан білейін. Кир көзін маған емес, менің еліме салып отыр. Ал еліме бұғау салдыртпаймын, ата-баба аруағы жатқан жерді жаттың табанына таптатқызып, қорлатпаймын. Соны есінде сақтасын» [7]. Осыдан, Томирисінің ішкі жандүниесінің күшін, ұлтжандылық психологиясын байқауға болады. Өйткені Томирис Кир патшаның оның өзіне емес, массагеттер патшалығына қызығатынын түсініп, құдалыққа елші жіберген патшаға күйеуге шығудан бас тарттады. Қулық пен ештеңе шығара алмаған Кир енді массагеттерге ашық соғыс жариялайды. Алайда Томирисінің ерлігімен ел жаудан аман қалады.

Томирисінің Кир патшасымен шайқасуы көне жазуларда көрініс тапқан. «Массагеттіктер, -дейді осы жайлы Страбон, -өздерінің басым екенін Кирге сол шайқаста көрсете білді. Томирис есімінің жайылуы Арал өңірінен Шығыс Жерорта теңізіне дейін созылады. Мамандардың пайымдауынша, Томирис

лексемасы Азия халықтары үшін өнім беру құдай атымен байланысты болған [8]. Ұлы әйел патшаның батырлығы жастарға үлгі болып, отансүйгіштік сезімге тәрбиелейді. Көне дәуірден келе жатқан аңыздарда, әдеби шығармаларда Томирис есімі тек адамгершілік, батылдық қасиеттермен танылады

Сонымен қатар, ертеде өмір сүрген Зарина тұлғасыда ерлік пен жігердің нағыз үлгісі болған. Патшалық қызмет атқарған араулардың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері сақталмасда, олар жастарды елжандылық, отансүйгіштік сезімдерге бағыттап отырғаны еш күмән келтірмейді. Әділдікті ту етіп көтерген Зарина өз күйеуі Мөрмөрге былай дейді: «Ендеше сөзімді тыңда, Мөрмөр! Ханның бұйрығы екі айтылмайды. Сен қан сасыған олжаны ойлайсың. Мен елдің іргесін бүтіндеп, береке – татулығын ойлап қанқұса боламын. Қаншама ел қырылды. Ана мен сәбидің көз жасы көлге айналды. Оның үстіне, ханзада сертінде тұрды. Сен елді арандатпа, тоқта! Әйелің емес, ханың ретінде бұйырамын сен жазаға тартыласың, – деді». Одан әрі Зарина жиылған әскербасыларына қарап: «Бүкіл бір елді қансыратып, мағынасыз соғыста құрбан болғаннан гөрі, өзін ұстай алмайтын әскербасының қазасы әлдеқайда жеңіл. Ол менің күйеуім, бірақ елімнің амандығы мен үшін одан да қымбат! – дейді [9]. Арулар қолбасшысы Заринаның бұл ісі ұлтжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін дәлелдейді.

Қорытынды

Біздің зерттеу мәселеміз аясында ертедегі қазақ жерінде қалыптасқан тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерге атақты ғұламалардың, тарихи тұлғалардың озық идеялары әсерін тигізді. Ежелгі дәуірдегі халықтардың құнды салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері, қарқынды дамыған өнер мен кәсіп түрлері жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеп, құнды біліммен қамтамасыздандырды. Сонымен қатар, халық тәлімі, жазба ескерткіштер, көрнекті тұлғалардың ой-пікірлері тиімді тәрбиенің рухани-танымдық бастау көздері болып келді. Жазу өнері, білім беретін діни мектептері ертедегі елдердің адамзат мәдениетінің ең биік шыңы болып саналды.

Ежелде қалыптасқан тәлім-тәрбиелік ой-пікірлердің тамыры ру таңбаларында жатыр. Сол заманда әр рудың таңбалары белгілі бір әріпті білдіргені., ерекше дамыған сурет жазбалары көшпенді өркениеті мәдениетінің, білім мен ғылымның жоғары деңгейін көрсетеді. Қазіргі заманға тән металлургия, астрономия, математика, дәрігерлік, медицина, құқық, пәлсапа, т.б білім салаларының негізі ерте дәуірде қаланғаны күмән келтірмейді [10].

Тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы негізінде қазақ халқы мәдениетінің түп тамыры Шумер, Ассирия, сол сияқты т.б. көне дәуірдің мәдениетінде жатқанын айқындайды. Ертедегі тас жазбалары, солардың қатарында б.д.д. III ғасырдағы үйсін елінің рухани қазынасы Талас жазба

ескерткіштері көшпенді халықтардың кең дүниетанымын, құнды тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің сол тарихи кезеңде дамығанын дәлелдейді.

Ежелде қазақ даласын мекендеген, бірнеше тайпалардан құрылған сақ, сармат, үйсін, қаңлы, массагет, ғұн, сол сияқты т.б. елдердің жоғары дәрежеде дамыған, өзіндік ерекшеліктері бар тәлім-тәрбиесі жүйелілігімен, көп қырларымен сипатталады. Ұрпақ тәрбиесінде адамгершілікті, ізгілікті, имандылықты мақсат еткен ежелгі халықтар отбасы тәрбиесінде ұл мен қыз балада жақсы қасиеттерді қалыптастыруға тырысты. Үлкенді сыйлау, ана мен әкені құрметтеу, Отанын бағалау, халқының нағыз азаматы болу, адал дос болу, т.б. салт-дәстүрге айналған құнды идеялар тәлім-тәрбиенің негізгі ұстанымын құрады.

Тарихи-генетикалы, тарихи-педагогикалық талдау көрсеткендей, ежелгі халықтарда бесік, отбасы, ақыл, салауатты өмір салты, адамгершілік, еңбек, дене шынықтыру тәрбие бағыттары, табиғат, нақыл сөз, еңбек, ойын, әдет-ғұрыптар сияқты тәрбие факторлары, балада жақсы қасиеттерді дамыту, қалыптастыру тәрбие қызметтері, үйрету, түсіндіру, жеткізу, үлгі, мадақтау, бата беру, әңгімелесу, т.б. әдіс-тәсілдері дамып, ерекше тәрбие жүйесін құрады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Назарбаев, Н. Ә. Тарих толқынында – Алматы : Атамұра, 1999. – 296 б.
- 2 Хайруш Абдрахман. Түркілер тарихы мен тағдыры. – Алматы : Дәнекер, 2002. – 160 б.
- 3 Орынбеков, М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы : Ғылым, 1996. – 168 б..
- 4 Сейталиев, Қ. Педагогика тарихы. Университеттер мен пед. институттардың пед. мамандықтарына арналған оқулық. – Алматы : Білім, 2008. – 416 б.
- 5 Абдильдин, Ж. Великая степь и мировосприятие традиционного казаха. Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы : Өнер, 2001. – Том 2. – С. 455.
- 6 Шәлекенов, У. Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. – Алматы : Қазақ университеті, 2003. – 289 б.
- 7 Келімбетов, Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы : Атамұра, 2005. – 66–67 б.
- 8 Әлемдік педагогикалық ой-сана 10-томдық 1-том /жет. Ә. Н. Көшербаева. – Алматы : Таймас, 2008. – 400 б.

9 **Kusainova, M. A., Zhapanova, R. N., Kertaeva, G. M., Zhanbyrbaeva, S. T., Alipbayeva, L. E.** Condiciones etnopedagógicas para la formación de un estilo de vida lifestyle saludable en el proceso educativo de los niños de escuela primaria [Ethno-forming pedagogical conditions in healthy educational process of younger schoolchildren]. – Retos. – 39. – 2020. – P. 488–493.

10 **Иманғали Сарбасұлы.** Мәдениеттің қалыптасу жолдары. Монографиялық зерттеулер мен толғаулар. – Астана, 2004. – 70 б.

References

1 **Nazarbayev, N. Ә.** Tarikh tolgynynda [On the wave of history]. – Almaty : Atamura, 1999. – 296 p.

2 **Khairush Abdrahman.** Tırkiler tarikhy men tafdyry [History and fate of the Turks]. – Almaty : Solder, 2002. – 160 p.

3 **Orynbekov, M.** Ezhelgi Kazakhtyk dunietyany [Worldview of the ancient Kazakh people]. – Almaty : Nauka publ., 1996. – 168 p.

4 **Seitaliev, K.** Tarihi pedagogy. University of men ped. institutetardıң ped. mamandyqtaryna arnalған оқулық [History of Pedagogy. Universities and Ped. of institutes : textbook for the specialty]. – Almaty : Bilim publ., 2008. – 416 p.

5 **Abdildin, J.** The Great Steppe and the World Perception of the Traditional Kazakh. Collected Works in five volumes [The great steppe and the worldview of the traditional Kazakh. Collected works in five volumes]. – Almaty : Oner, 2001. – Volume 2. – 455 p.

6 **Chelekenov, H.** Tırkterdın oturyshy Orkenieti [Settled civilization of the Turks]. – Almaty : Kazakh University, 2003. – 289 p.

7 **Kelimbetov, N.** Yezhelgi dauir Adebieti [Literature of ancient times]. – Almaty : Atamura publ., 2005. – P. 66–67.

8 **Alemdik pedagogicals oy-sana 10-volumes 1-volume** [World pedagogical thought Volume 10 Volume 1]. Ed. A. N. Kosherbayeva. – Almaty : Taimas publ., 2008. – 400 p.

9 **Kusainova, M. A., Zhapanova, R. N., Kertaeva, G. M., Zhanbyrbaeva, S. T., Alipbayeva, L. E.** Condiciones etnopedagógicas para la formación de un estilo de vida lifestyle saludable en el proceso educativo de los niños de escuela primaria [Ethno-forming pedagogical conditions in healthy educational process of younger schoolchildren]. – Retos. – 39. – 2020. – P. 488–493.

10 **Imangali Sarbasuly.** Madeniетtin kalyptasu zholdary. Monographsk sertteuler men tolfaular. – Astana, 2004. – 70 b.

Материал 29.12.20 баспаға түсті.

М. А. Кусайнова¹, З. К. Жуманбаева², К. С. Тлеугабылова³, А. С. Мусабекова⁴
Духовное содержание воспитательных ценностей в Древнем Казахстане

¹Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова,
Республика Казахстан, г. Караганда;

³Карагандинский технический университет,
Республика Казахстан, г. Караганда;

^{2,4}Карагандинский Медицинский университет,
Республика Казахстан, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 29.12.20.

М. А. Kusainova¹, Z. K. Zhumanbaeva², K. S. Tleugabylova³, A. S. Musabekova⁴
The spiritual content of the educational values of ancient Kazakhstan

¹Academician E. A. Buketov Karaganda University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda;

³Karaganda Technical University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda;

^{2,4}Karaganda Medical University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Material received on 29.12.20.

В статье теоретически анализируются традиции и обычаи а также нравственные слова исторических личностей, живших в древнем Казахстане которая передается из поколения в поколение, уважать старших, уважать свой народ и землю. Авторы определили и изложили направления воспитания, сформулированные в древней кочевой среде родоплеменных племен, населявших казахскую степь. Основываются на воспитательных ценностях древней письменности. Вместе с тем, главная автор подчеркивает то цель казахского народа в эпоху национальной независимости состоит в том, чтобы возродить в недрах истории источники мудрости и их ценности. Первые этапы воспитательных источников древних народов раскрывают сущность форм искусства, профессии, труда, которые сложились в данном обществе и оказали влияние на воспитание подрастающего поколения.

Ключевые слова: воспитание, национальное воспитание, воспитание, древность, ценность, самосознание, духовное мировоззрение, культурное наследие, национальные традиции, духовные ценности.

The article theoretically analyzes the traditions and customs as well as the moral words of historical figures who lived in ancient Kazakhstan, which is passed down from generation to generation, to respect the elders, to respect their people and the land. The authors identified and outlined the directions of education formulated in the ancient nomadic environment of tribes that inhabited the Kazakh steppe. They are based on the educational values of ancient writing. At the same time, the main author emphasizes that the goal of the Kazakh people in the era of national independence is to revive the sources of wisdom and their values in the bowels of history. The first stages of educational sources of ancient peoples reveal the essence of the forms of art, profession, and labor that developed in this society and influenced the upbringing of the younger generation.

Keywords: education, national education, upbringing, education, antiquity, value, self-awareness, spiritual Outlook, cultural heritage, national traditions, spiritual values .

FTAMP 03.01.17

<https://doi.org/10.48081/ZKFC5119>

Мирас Қанатұлы

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ ТАРИХЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Туризм – әлемдегі экономикалық дағдарыстарға қарамастан, жылдам дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. Қазақстан үшін туризм, елдегі жалпы ішкі өнімнің негізгі бөлігін құрайтын үлкен экономикалық күшке ие. 1991 жылдары Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан-ақ, туризм саласына да үлкен өзгерістер орын алып, туристік саланы ынталандырылатын жобалар мен заңдар жүзеге аса бастаған болатын. Ғылыми мақалада Қазақстан Республикасының дамуындағы ең негізгі факторының бірі болып табылатын туризмнің қалыптасуы және даму тарихы баяндалады. Сондай-ақ, еліміздегі туризмді дамытудың перспективалары мен негізгі бағыттары да қарастырылған. Автор Қазақстандағы туризм индустриясының қалыптасу кезеңдеріне тоқтала отырып, талдау жүргізілген.

Мақаланы жазу барысында Ресейлік және Қазақстандық зерттеушілердің еңбектері ғылыми-салыстырмалы талдау жасай отырып басшылыққа алынған.

Кілтті сөздер: Қазақстан, Туризм, ішкі туризм, экономика, мәдени мұра, экологиялық туризм.

Кіріспе

Туризм – әлемдегі экономикалық дағдарыстарға қарамастан, елдегі жалпы ішкі өнімнің едәуір бөлігін құрайтын ең жылдам дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. Дүниежүзілік туристік ұйымның деректеріне қарасақ, туризм саласы әлемдік ЖІӨ 9 % тауарлар мен көрсетілген қызметтердің әлемдік экспортының 6 % құрап отыр.

Қазақстан үшін туризм өте үлкен экономикалық күшке ие. 1991 жылдары Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан-ақ, туризм саласына да

үлкен өзгерістер орын алып, туристік саланы ынталандырылатын жобалар мен заңдар жүзеге аса бастаған болатын. Тәуелсіздігін алғанан кейінгі жаңа даму жолына түскен Қазақстан үшін ХХІ ғасырдың басы экономика саласының қайта жандану және экономикалық өсу кезеңі болды. Қазіргі таңда дүниежүзілік мәнге ие болып отырған туризм саласын экономикалық тұрғыдан ғана зерттемей, бұл саланың қалыптасу және даму тарихын кезеңдерге бөле отырып талдау жасау бүгінгі тарих ғылымы үшін де өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Зерттеу жұмысы методологиялық негізінде тарихилық әдіс-тәсілдер талаптарға сай іске асырылды. Соңғы уақыттарда қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер мен зерттеулер жүйеленіп, салыстырмалы тұрғыда сараланып берілді.

Тарихи әдіс пен тарихи таным принциптері бойынша жұмыста материал хронологиялық тәртіппен берілген. Тарихпен іргелес ғылымдардың (статистика, әлеуметтану және т.б.) әдістерін пайдалана отырып көптеген фактілік материалдар жүйеленген. Зерттеуде нақты-тарихи, салыстырмалы тарихи талдау, жинақтау және қорыту әдістері қолданылды. Жұмысты теориялық тұрғыда ашу барысында ғылыми сараптаудың объективтілігі, кешенділігі, жүйелілігі қарастырылып отырған оқиғаларға тың көзқарас тұрғысынан қарау қағидалары басшылыққа алынды.

Методологиялық негізін ашу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Методологиялық ұстаным болып, объективтілік, тұтастық және шартты дамудың көрсеткіштері негізге алынды.

Қазақстан туризмнің тарихи тамыры тереңде. Алғашқы ұйымдастырылмаған туристік саяхаттар 19 ғасырдың басында пайда болғанын көруімізге болады. Бұл кезеңде туризмнің мақсаты мен мотивтері біраз өзгеше болған және көбінесе өмірлік қажеттілікке байланысты қалыптаса бастаған болатын, атап айтқанда: қажылық сапар жасау, ем алу, сауда және білім алу мақсатында жүзеге асқандығын көруімізге болады [1].

Ал Қазақстан аумағындағы туризм саласының қалыптасу б.з.д. III мыңжылдықтағы Ұлы Жібек жолымен байланыстыруымызға толық негіз бар. Алғашқы сауда жолы арқылы халықтардың өзара мәдениет алмасуын, саяхатшылардың еңбектерінен көруімізге болады. Бұл керуен жолдарының жүйесі ежелгі және орта ғасырларда Жерорта теңізінен Қытайға дейін кесіп өткен болатын, Қазақстанның оңтүстік аймағындағы ежелгі Сауран, Тараз, Түркістан т.б қалалар сауда мен мәдени қатынастардың пайда болуы мен дамуының қайнар көздері ретінде қызмет етті. Аты аталған қалаларда

керуен сарайлар, саудагерлердің тұрақтап демалуылары үшін арнайы тұрғын үйлерде салынған болатын [2].

Әлеуметтік-экономикалық алғышарттарды ескере отырып, Қазақстан туризмнің қалыптасу тарихын бес кезеңге бөліп қарастыруымызға болады:

Бірінші кезең: ХІХ ғ дейінгі кезең - туризмнің қалыптасуының алғашқы кезеңі;

Екінші кезең: ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басы - өндіріске мамандандырылған кәсіпорындардың пайда болуы мен туристік қызметтердің ашыла бастауымен ерекшеленеді. Бұл кезеңде ХІХ ғ. Қазақстанның Ресейге қосылуымен Ресейлік зерттеушілердің басшылық етуімен ұйымдастырған ғылыми экспедициялар, географиялық қоғамдар құрыла бастаған болатын. ХІХ ғ басында Қазақстанның географиясын зерттеген Г. С. Карелин, Г. Н. Потанин, Н. А. Северцов, И. В. Мушкетов, К. И. Богданович, Л. С. Берг, П. П. Семенов-Тянь-Шанский, Н. М. Пржевальский, және қазақ саяхатшысы, әрі ғалымы Шоқан Уәлиханов туризмнің дамуына үлесін қосқан алғашқы ғалым зерттеушілердің бірі болды. Сондай-ақ осы кезеңде жергілікті және сырттан келген әуесқойлар жеке түрде немесе топ құрамында экскурсиялар, жорықтар мен серуендерді жасай бастаған болатын [3].

Жетісудың (Семиречья) алғашқы туристі Алексей Васильевич Хорошинді айтуымызға болады. А. В. Хорошин Әле Алатауына саяхат жасап, 1875 жылы Талғар шыңына көтеріліп, 12 050 фут биіктікке жете алды. Кейінірек, 20 ғасырдың басында тау туризмінің рөлі жоғарылап, осындай таулы аймақтарға медициналық шипажай нысандары салына бастады [4].

Үшінші кезең: ХХ ғасырдың басы – 1940 екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі әлеуметтік туризмнің қалыптастыру кезеңі. Бұл кезеңде Алматының таулы (Верный) аумағы туристер үшін алғашқы қызметін бастаған. Атап айтсақ: 1930 жылы Алматы пошта және телеграф жұмысшылары Ф. Л. Савинаның басшылығымен Алматы – Медеу – Көкжайлау– Үлкен Алматы көлі бағыты бойынша 16 адамнан тұратын алғашқы туристер жүріп өткен болатын. 1931 жылдың қаңтар айында В. М. Зиминнің басшылығымен: Алматы – Ұзынағаш – Қордай асуы бағыты бойынша туристердің алғашқы қысқы жорығын өткізген. Осы жылы Жетісу губерниясында он адамнан тұратын Бүкілодақтық туризм және экскурсия еріктілер ұйымы құрылды.

1936 жылы 50 орындық Алматы маңында «Горельник» туристік базасы құрылған болатын. 1938 жылы ағаш рет 200-ге жуық адамның қатысуымен Көкжайлауда туристік ауқымды іс шара өткізілді. Алайда, екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты туристік нысандар уақытша өз жұмысын тоқтатқан болатын [5].


Төртінші кезең: Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі бұқаралық туризм, туризм индустриясының салааралық ретінде қалыптасуы кезеңі. Бұл кезеңде КСРО кезеңінде турист санының жоғарлап, туристік қызмет сапасының жақсарғанын көруімізге болады. Оған басты себеп, белгілі бір деңгейде жұмыс уақытының қысқаруы, өндіріс жүйесінің дамуымен сипатталады. Бұл кезеңде халықаралық туризм дами бастады. Қазақстандықтардың да шет мемлекетке саяхаттап шыға бастағанын көруімізге болады.

1956 жылы КСРО-на алғаш рет 25 шетелдік саяхаттаушылар (туристер) келген болатын. Сонымен қатар, 1969 ж. «Одақтағы туризм мен экскурсияны одан әрі дамыту туралы» туралы шешімнің шығарылуы туризмді дамытуға қуатты серпін берген болатын. Бұл кезеңде Қазақстанда туристік және экскурсиялық жаңа аймақтық кеңестер, экскурсиялар пайда бола бастады. Туристік және экскурсиялық агенттіктер өз жұмысын бастаған болатын. Республикадағы туризмнің материалдық базасын салу және жабдықтау, туристік орталықтар мен мейрамханалар, кинотеатрлары және басқа да мәдени қонақ үйлер ашыла бастаған болатын [2].

Бұл кезеңде туризм саласының экономикалық жағы қарастырылмады. Сол кезеңдегі КСРО-ның жабық саясат жүргізуіне байланысты виза алу мәселесі, шекаралардың жабық болуы қиындық туғызған болатын. Сол себепті бұл кезеңде барынша ішкі туризм, яғни Одақтас Республикалар арасындағы туризм айтарлықтай жақсы дамығанын көруімізге болады.

КСРО арасында басты туристік нысандар Ресейдің тарихи қалалары мен Орталық Азия, Қырымның және Балтық елдерінің тарихи орталықтары болды, Қазақстанның табиғи туристік орындарына келушілер саны өте аз болды. Туризм саласында жеткілікті деңгейде туристік орындарға жарнама жасалмауынан Қазақстан аумағы тек экономикалық, шикізаттың орталығы болып қала берді.

Бесінші кезең: Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуынан кейінгі туризм саласының даму кезеңі болып табылады (Сурет 1).



Ескерту: Сурет автордың басшылығымен құрастырылған.

Сурет 1 – Қазақстандағы туризм саласының қалыптасуының бес кезеңі

1990-жылдары Қазақстанда коммерциялық туризм дами бастады. Алматы, кейін басқа қалаларда, туристерді шетелге жіберетін туристік фирмалар пайда болды. Туристік фирмаларды бұрын туризммен айналыспаған кең қалталы азаматтар басқарғандығынан, олар туристерді лайықты сапаны сақтап қабылдай алмады [6].

Туризмнің қиын жағдайының себебінің бірі республикамызда кәсіби дайындығы бар мамандардың жетіспеуі еді. Оларды даярлайтын Қазақстанда бір де бір мамандандырылған оқу орны болмады.

Туризмнің материалдық-техникалық базасы лайықты дамымаған, туристерге қызмет көрсететін көлік нашар күйде, туризмнің құқықтық құжаттары халықаралық нормаларға сәйкес келмеді. Оның өзінде осының барлығы туризм дамуын тежейтін себептердің толық тізімі емес. Туризмнің басқарушы билігінің өзіндік туризмге көңіл бөлмеуі жөнінде мынадай мәліметтерді алға тартсақ та жеткілікті: 1989 жылы 5282 адам қатысқан 569 категориялық жорықтар өткізілсе, 1991 жылы 1744 турист қатысқан тек 221 жорық жасалған [6].

1990 жылы 25 қазан Қазақстан Республикасының егемендік декларациясының қабылдануымен экономиканың жаңа кезең басталғандай болды. Тәуелсіздік алған Қазақстанда 1991 жылдан туризм саласы дамудың

жаңа сатысына көшті. 1991 жылы тамыз айында Туризм министрлігі құрылды.

Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алғанан кейін туристік қызметті реттеудің негізі және тарихи жаңғырту және халықтың мәдени мұрасы туралы» шаралары қабылдана бастады.

Елдегі туризмнің дамуы реттеле бастағанын төмендегі тарихи оқиғалардан көруімізге болады:

1 Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 3 шілдеде № 1508-ХІІ «Туризм туралы» заңы қабылданған болатын;

2 Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен:

2.1 «Түркітілдес мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясын іске асыру туралы,

ЮНЕСКО мен Дүниежүзілік даму ұйымының жобасы Қазақстандағы Ұлы Жібек жолындағы туристік инфрақұрылым» 1997 жылғы 30 сәуірдегі No 3476 туралы жарлығы;

2.2 1998 жылғы 27 ақпандағы No 3859 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасы туралы» негізінде Жібек жолының тарихи орталықтарын сақтау және түркітілдес мемлекеттердің мәдени мұрасы тұрақты дамыту, инфрақұрылым құру туризм» туралы жарлықтары негізінде айтулы іс шаралар қолға алына бастаған болатын [7]. Осы құжаттардың қабылдануы Қазақстанның туризм нарығының дамуына оң әсерін тигізген болатын.

Қазақстан туризм индустриясының дамуындағы шешуші факторлардың бірі 1993 жылы БҰҰ-ның Дүниежүзілік Туризм Ұйымына Қазақстан Республикасының мүшелікке өтуі болды. Осы негізде біршама туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастық келісімдерге қол қойылған болатын. Сондай-ақ, осы жылы туризм индустриясын дамытуға арналған ұлттық бағдарлама қабылданған болатын.

Егеменді Қазақстанда туристік мамандарды даярлау үдерісі де 1992 жылдан бастап қолға алына бастады. 1992 жылы екі ЖОО-нда туризм факультеті («Тұран» университеті) және география-экология факультетінің жанында туризм бөлімшесі (Абай атындағы педагогикалық университеті) ашылды. Сәл кейінірек осындай бөлімшелер мен факультеттер еліміздің басқа да ЖОО-нда: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де, Абылайхан атындағы Халықаралық қатынастар және халықаралық тілдер Қазақ мемлекеттік университетінде, Спорт және Туризм академиясында және т.б. ашыла бастады [6; 7 б.].

1993 жылдың 17 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президенті № 1460 «Қазақстан Республикасы Жастар, туризм мен спорт министрлігін құру

туралы» жарғысын шығарды. Осы жарғыға сәйкес Министрлер Кабинеті 1994 жылы 10 қаңтарда Министрлік туралы қағидаларды бекіту жөніндегі № 49 қаулысын жариялады. Осы қағидалар бойынша Министрліктің Орталық аппараты 117 қызметкерден тұратын болды. Министрліктің жанынан Қазақстан Республикасының Туризм басқармасы құрылды. Басқарманың басқару құрамына басқарма бастығы, оның орынбасары, туризмді ұйымдастыру мен дамыту бөлімдері, 4 бас және 4 жетекші маман кірді [6].

1991 жылға дейін Қазақстанда туризммен тек 3 ұйым айналысқан («Қазақ Республикалық туризм және экскурсиялық кеңесі», «Интурист», ХЖТТ¹«Спутник»), 1994 жылы Қазақстанда 589 туристік ұйым тіркелген.

1992-1994 жылы турист болып шет мемлекетке кеткендер саны төрт есеге өскенін көруімізге болады. Мысалы, 1992 жылы республикадан 233 990 адам кеткен болса, сәйкесінше 1994 жылы бұл көрсеткіш 700 492 дейін жоғарлаған. Республикаға келген туристер саны да бұл кезеңде 2 есеге өскенін көруімізге болады. 1992 жылы Қазақстан аймағына 236 044 шетелдік туристер қабылданса, ал 1994 жылы сәйкесінше 450 718 турист келгендігі туралы дерек бар [8].

Халықаралық туризмнің қарқынды өсуіне шетелдік инвесторлар үшін жүргізілген трансформациялар, негізінен визалық режимнің жеңілдеуі, Қазақстан шекараларының ашылуы бірінші кезекте ықпал етті. Бұл кезеңдегі шетелдік туристердің басым бөлігі Қазақстанға іс-сапарлармен келгендігін көруге болады, бұл процесс республикадағы инвестициялық белсенділіктің артуымен байланысты.

Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың екінші кезеңі 1995-1999 жылдар аралығы болып табылады.

Бұл кезеңде туризмдегі экономикалық трансформацияның екінші кезеңіне өтуімен, туризм саласының мемлекеттік реттеуден өткендігін байқауымызға болады. Бұл кезең республика аумағына келетін турист санын күрт төмендеуімен сипатталады.

Осы кезеңде 7 мемлекетпен туризм саласында халықаралық ынтымақтастық туралы келісімшарттар жасалған болатын. Атап айтсақ:

Қазақстан Республикасы мен Иран Республикасы арасында;

Қазақстан Республикасы мен Пәкістан Республикасы арасында;

Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт министрлігі мен Молдова Республикасы арасында;

ТМД елдері арасында туризм саласындағы ынтымақтастық туралы Ашхабад келісімі;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы мәдениет, денсаулық сақтау, ғылым, білім, туризм және спорт саласындағы ынтымақтастықты тереңдету туралы

Қазақстан Республикасы Жастар, туризм және спорт министрлігі мен Қырғыз Республикасының Туризм және спорт комитеті арасында;
Қазақстан Республикасы Жастар, туризм және спорт министрлік мен Венгр Республикасының өнеркәсіп мен сауданы дамыту
Туралы келісімшарттар жасалынған болатын [5].

1998 жылы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің N 3850 «Ұлы Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өрлету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұралар сабақтастығын дамыту тұжырымдамасы» жалпы туризм дамуының стратегиясы жасалды [9].

Сондай-ақ 1998 жылы Берлиндегі Халықаралық туристік биржада Қазақстанның туристік компаниялары таныстылған болатын [5, 19 б.].

specialists for enterprises – social partners, reveals the conceptual foundations of building a dual system of vocational education in college. In addition, the article presents the experience of using dual education in the system of technical and vocational education. The article emphasizes that the dual system is based on the training of personnel necessary for production, the assumption of costs for the period of their training, the alignment of training and practice.

Keywords: dual training, educational process, project, vocational education, practice, traditional education, enterprise.

<https://doi.org/10.48081/RJNK5177>

К. Б. Мукамаева

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Жоғары оқу орындарындағы интернационалдандыру – бұл әр түрлі іс-әрекеттерді қамтитын күрделі процесс. Білім беру жүйесі бүкіл әлемде адам өмірінің барлық саласында болып жатқан интеграция үрдісіне қатысады. Қазақстан жоғары оқу орындарының интернационализациясы үрдісіне ерекше көңіл бөліп, білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларын нығайтуға жағымды жағдай жасауда. Бұл мақалада өңірлік университеттің білім алушыларының академиялық ұтқырлық бағдарламасының қалай жүзеге асырылатындығы, бағдарламаның аймақтық университеттегі интернационалдандыру үрдісіне әсерін зерттеу қарастырылады. Мақала деректері бағдарламада қатысқан білім алушыларға арнайы дайындалған сауалнама арқылы жиналды. Сауалнамада қатысушылар саны 98 адамды құрады. Бұл жұмыста деректерді талдау жұмыстары SPSS статистикалық бағдарламаның көмегімен жүзеге асырылды. Бағдарламаның аймақтық университетте жүзеге асыру және оны болашақта қалай жақсартуға болатындығы туралы қатысушылардың пікірін білу мақаланың негізгі мақсаты бола отыра, қатысушылардың субъективті пікірін ала отырып, бағдарламаны жақсарту жолдары да белгіленген. Академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру үрдістерін стратегиялық басқару жүйесін жетілдіру мақсатында университетті интернационалдандыру үрдісінің негізгі факторы ретінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдау орынды болып көрінеді.

Кілтті сөздер: Интернационализация, білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы, жоғарғы білім, шетелдік білім.

Кіріспе

Білім беруді интернационалдандыру бүгінде әлемнің барлық елдерінің білім беру саясатының маңызды компоненттерінің біріне айналуға. Интернационалдандыру үрдісі қарқынды дамып келе жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени және академиялық факторлардың арқасында дамуда. Бұл факторлардың жиынтығы континентке, елге және университетке байланысты әртүрлі формаларға ие. Интернационализация үрдісі жоғары білімге әсер ететін және 21 ғасырдың мәселелерін шешуге негізделген маңызды күштердің бірі ретінде қарастырылады [Knight, 2008]. 2020 жылдың қыркүйегінде Президент Тоқаев еліміздің жаңа экономикалық бағыты жеті негізгі қағидаға негізделуі керек деген халыққа жолдауын жариялады. Жолдаудың бесінші қағидасы адам капиталын дамытуға, сапалы білім берудің жаңа түріне инвестиция салуға қатысты [Тоқаев, 2020]. Қазақстан Республикасы, Орталық Азия елі, жоғары білімнің интернационалдануына басымдық береді және сонымен қатар білім беру үрдісін модернизациялау, білім беру бағдарламаларында құзыреттілік моделін қолдану есебінен интернационалдану үдерістеріне; студенттердің ұтқырлық бағдарламаларын нығайтуға, ақпараттық технологиялардың рөлін арттыруға, көптілділікті дамытуға және әлемдік білім беру үрдістеріне сәйкес оқу-әдістемелік базаны жетілдіруге барабар жауап береді [ҚР БЖҒМ, 2018].

Білім беру жүйесі бүкіл әлемде адам өмірінің барлық саласында болып жатқан интеграция үрдісіне қатысады. Барлық елдер интеграциялық үрдістерге қатысады және интернационалдандыру әртүрлі іс-шаралар арқылы қалыптасады, осыған орай, жоғары білімді интернационалдандырумен байланысты негізгі түрлерінің бірі білім алушылардың академиялық ұтқырлығы болып табылады. Бұл жұмыстың мақсаты білім алушылардың «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасының қалай жүзеге асырылатындығын, оның аймақтық университеттегі интернационалдандыру үрдісіне әсерін зерттеу және талдау болып табылады.

Материалдар мен әдістер

ЖОО-ға қатысты интернационализация тұжырымдамасы зерттеушілер арасында талқыланады және жоғары білімді интернационалау туралы ең жиі қолданылатын анықтамаларын Найт береді [1993, 2003, 2004]. «Интернационализация - халықаралық өлшемдерді білім ордасының оқу, зерттеу, қызмет көрсету және университеттің қызмет көрсету функцияларына енгізу үрдісі» деп ең танымал және жалпы қабылданған үрдістік көзқарасын берген [Найт, 1993: 7, 2008]. ЖОО-ны интернационалдандыру жөніндегі стратегиялық басқару көзқарасын Рудзки [1995: 421] келтіреді, ол үрдістің әр түрлі бөліктері арасындағы қатынастар тұрғысынан

интернационалдандырудың мақсаты мен бағытын мағыналы тұтастыққа бөледі: «барлық университеттердің анықтаушы сипаты болып оқыту мен ғылыми зерттеулерде жетістікке жету мақсатында ұйымдастырушылық өзгерістер, оқу бағдарламаларындағы жаңашылдық, кадрларды дамыту және студенттердің ұтқырлығы табылады» деп анықтама берген.

Кресвелл [Кресвелл, 2009] мәлімдегендей, конструктивизм немесе әлеуметтік конструктивизм адамдар әлемді түсінуге ұмтылған кезде көбінесе интерпретативизммен үйлеседі. Бұл жұмыстың мақсаты зерттелетін тақырып бойынша қатысушылардың пікіріне байланысты және соған орай негізделеді. Нәтижесінде зерттеу интерпретациялық парадигмаға көбірек сүйенеді, өйткені ол университеттегі жеке білім алушыларды зерттеуге және олардың әлемін субъективті түсінуге бағытталған. Зерттеуде әдіснамалық тұрғыдан бағдарламаға қатысушылар, атап айтқанда білім алушылар зерттеу бірлігі болып табылады. Іріктеу процедурасын мақсатты формадағы ықтималды іріктеу ретінде сипаттауға болады [Коэн және т.б., 2011], ол арнайы мәселе бойынша терең білімі бар адамдарға қол жеткізуге арналған [Болл, 1990]. Университеттің бағдарламада қатысқан ұтқыр білімалушылары өз тәжірибелерімен бөлісе отырып, тиісті мәлімет бере алады. Жұмыс деректері сауалнама арқылы жиналды. Зерттеу үлгісіне академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысқан аймақтық университеттің білім алушылары кірді. Сауалнамада қатысушылар саны 98 адам. Барлық сауалнамалар орыс тілінде толтырылды.

Зерттеуде сандық мәліметтердің артықшылығы бар; оларда нәтижелерді графиктер, кестелер және диаграммалар түрінде нақты көрсете алатын сандар беріледі [Денскобм, 2003]. Компьютерлік бағдарламалық жасақтама бұл үрдіске көмектесе алатындығы белгілі; статистикалық пакеттер зерттеушіге деректерді топтастыруға және қайта топтастыруға көмектесетін статистикалық талдау жүргізуге мүмкіндік береді [Денскобм, 2003]. Деректер сипаттамалық статистиканы қолдана отырып талданды және өңделді. Статистикалық талдауға көмектесетін бірқатар бағдарламалар бар, бұл жобадан барлық деректерді талдау жұмыстары SPSS статистикалық бағдарламаның көмегімен жүзеге асырылды.

Нәтижелер және талқылау

Сипаттамалық статистика студенттік іріктеудің демографиялық компоненттерін сипаттау үшін қолданылды және 1-кестеде қатысушылардың әр тобы үшін егжей-тегжейлі мәліметтер келтірілген. Көрсетілген демографиялық ақпарат сауалнамалардан жиналды. Бұл зерттеуге тоқсан сегіз білім алушылар қатысты, олардың ішінде бакалавр 75 (76,5 %) және магистр 23 (23,5 %) қатысушыны құрады. Олардың 32-і (33,7 %) ерлер, 66-

сы (67,3 %) әйелдер. 98 қатысушының 97-сі (99 %) бағдарламаға бірінші рет қатысты, ал бір студент (1,0 %) екінші рет қатысты. 1-кестеде көрсетілген гендерлік демографиялық деректерді зерттеу әйелдердің зерттеуге қатысуы жоғары екенін көрсетті.

Кесте 1 – Гендерлік демографиялық деректер

Жынысы	Сауалнама	
	Жиілік	%
Әйел	66	67,3
Ер	32	32,7
Барлығы	98	100

Қатысушылардың демографиялық ақпаратына қосымша жасы туралы мәліметтер де енгізілді. Білім алушылар 17 мен 32 жас аралығында болды. Қатысушылардың көпшілігі бакалавр деңгейінен болғандықтан, қатысушылардың 67,3 %-ы 17 мен 20 жас аралығында болды. Елімізде адамдар, әдетте, мектепті бітіргеннен кейін жоғары білімді игеруге баратынын атап өту маңызды, өйткені үздіксіз білім алу өмірлік әлеуметтенудің міндетті кезеңі болып табылады. Қатысушылардың білім деңгейін зерттеу деректер көзі бойынша бакалавриат деңгейіндегі студенттердің (76,53 %) ұтқырлық бағдарламасын пайдаланған ең үлкен топ екенін көрсетті.

ҚР Білім және Ғылым Министрлігі білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасына мемлекеттік бюджет есебінен жіберілетін қатысушыларға басым бағыттар тізбесі белгіленген, тізімге Еуро одағының, АҚШ және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері кіреді. Жалпы, зерттеуге білім алушылар оқыған 11 ел қатысты (кесте 2). Польшада (40,8 %) және Чехияда (28,6 %) ұтқыр студенттердің үлесі өте жоғары.

Кесте 2 – Қабылдаушы елдер

Қабылдаушы ел	Жиілік	%	Қабылдаушы ел	Жиілік	%
Чехия	28	28,6	Испания	10	10,2
Польша	40	40,8	Австрия	2	2,0
Германия	1	1,0	Малайзия	2	2,0
Латвия	4	4,1	Греция	1	1,0
Литва	1	1,0	Қытай	1	1,0
Ресей Федерациясы	8	8,2	Барлығы: 11 ел	98	100,0

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы басқа елдегі оқу кезеңін өкімшілік тұрғыдан жеңіл болуына және жіберуші университеттің академиялық қолдауына бағытталған. Сондықтан, ұтқырлық алдында бағдарламаға қатысу шарттары, дайындықты қамтамасыз ету және дайындық шаралары әрқашан маңызды мәселе болып табылады. Өкімшілік және академиялық көмек бағдарламаны іске асырудың негізгі факторы ретінде қарастырылады. Бұл зерттеу білім алушылардың аймақтық университетте «академиялық ұтқырлық» бағдарламасын қалай жүзеге асыратынын зерттеуге және талдауға бағытталғандықтан бірнеше тұжырымдама арқылы қатысушылардың өздерінің оқу орны көрсеткен дайындық пен қолдау туралы өз пікірлерін білдіруі сұралды. Алынған деректер білім алушылардың 100 %-ы жіберуші университетте қатысу шарттары әділ, ашық және қол жетімді екенін, және барлық қатысушылар 100 %-ы шетелде оқу және виза алу үшін құжаттарды дайындау кезінде жіберуші университеттен толық қолдау алғанын хабарлады. Шет тілін меңгеруге келетін болсақ, қатысушылардың 90,8 %-ы шетелде оқу үшін ағылшын тілін меңгерудің тиісті деңгейін растады, тек қатысушылардың 9,2 %-ы ағылшын тілін меңгеру деңгейіне күмән келтірді.

Ұтқырлық білім алушы болудың басты талаптарының бірі-семестрлік оқу аяқталғаннан кейін өз университетіне оралуы, және шетелде оқу кезінде алған барлық пәндер мен кредиттер қабылданып, есептелуі. Үрдістің бірқалыпты өтуі үшін, ұтқырлық кезеңі басталар алдында қатысушылар оқыту туралы келісімді толтырады, келісімде пәндер мен кредиттер көрсетіледі. Сонымен қатар, қатысушылар жеке оқу жоспарын дайындайды, жоспарда барлық таңдалған пәндер көрсетілген, бұл құжат өткен пәндерді оңай қабылдап есептеуге кепілдік береді.

Бағдарламаны іске асыру туралы толығырақ ақпарат алу үшін қатысушылардан таңдалған пәндердің саны оқу жоспарымен анықталғаны және ол жеке оқу бағдарламасына сәйкес келетіндігі сұралды. Қатысушылардың жауаптары бойынша 96 (98 %) білім алушы барлық таңдалған пәндер олардың оқу бағдарламасына және жеке оқу жоспарына сәйкес келетіндігімен толық келісетіндігін мәлімдеді, тек 2 студент (2 %) тұжырымдамаға қатысты жауап беру қиындық тударғанын мәлімдеді.

Алынған мәліметтер студенттердің айтуынша, қатысушылардың 88,78 % (87) өткен пәндердің пайдалылығы мен сәйкестігін растайды, алайда респонденттердің 11,22 % (11) тұжырыммен келіспейді немесе бұл тұжырымға күмән мен сенімсіздік танытады. Ұсынылған мәліметтерден, қатысушылардың 88,8 %-ы шетелде болған кезде қол жеткізген оқу жетістіктерін толық қабылдап, қайта есептегенін растады, қатысушылардың

11,2 %-ы оқыған курстарды ішінара қабылдап, есептегенін көрсетті, білім алушылардың 72,45 %-ы оқыған пәндер мен алынған кредиттердің толық қамтылғанын және 27,55 %-ы ішінара қамтылғанын растады.

Қабылдаушы университеттің білім алушылардың шетелдік оқу кезінде қолдауы маңызды рөл атқарады. Қатысушылардың қабылдаушы университет туралы пікірін білу пайдалы болды, сондықтан келесі «Зерттеу барысында қабылдаушы университеттен толық қолдау алдыңыз ба?» сұрағы ұтқырлықтан кейін сауалнамаға енгізіліп, қабылдаушы университет туралы ақпаратты қамтыды. Көптеген серіктес университеттер білім алушыларға оқу басында көмек беріп, шет елде бейімделу кезеңінен кедергісіз өтуі үшін шетелдік студенттерге достар жүйесін (buddy system) ұйымдастырады. Деректер көрсеткендей, қатысушылар негізінен қабылдаушы университеттерден құнды қолдау алды, қатысушылардың 82,65 % толық қолдау көрсеткендігін, 16,33 % ішінара және тек 1,02 % қабылдаушы университеттің қолдауының жоқтығын көрсетті. Статистика көрсеткендей, көптеген қабылдаушы университеттер оқу кезінде шетелдік білім алушыларға қамқорлық жасайды, бұл шетелдік білім алушылар санының көбеюіне көмектесіп, өз ықпалын тигізеді.

Сауалнамада студенттерге академиялық ұтқырлық бағдарламасының үш оң және үш теріс тәжірибесін атауы ұсынылды. Бұл сұрақтар студенттер үшін ең құнды және қызықты тақырыптарды анықтауға бағытталған. Ашық жауаптар кейіннен нәтижелермен кодталды және жауаптардан негізгі тақырыптар ұсынылды. Жалпы тенденция ретінде қатысушылар бірінші оң аспект үшін тілді жақсарту; кәсіби қабілеттерін арттыру; жаңа достармен танысу; жеке даму; жаңа мәдени тәжірибе; шетелдік академиялық ортада жұмыс тәжірибесін зерттеу сияқты алты аспектіні атап өтті. Нәтижесінде 23,71 % құраған шет тілін жетілдіру тақырыбы бірінші орынға шықты, кәсіби қабілеттерін арттыру – 22,68 % сәл төмен позицияға ие болды. Қатысушылармен көрсетілген ең жағымды үш аспектінің ішінен барлық жағымды аспектілерді есептеу туралы шешім қабылданды. Статистикалық талдаудан алынған есептеулер көрсеткендей, қатысушылар үшін ең жағымды үш аспектілерге жатқандар-саяхаттау мүмкіндігі – 58,6 %, жаңа достармен/адамдармен танысу – 54,11 % және 41,86 % шет тілін білу дағдыларын жетілдіру.

Қатысушылардың ұтқырлық кезеңінің ең жағымсыз аспектілерін талдау нәтижелері 11 аспектіден тұратын екі жағымсыз аспектілерді анықтады. Қатысушылардың 58,6 %-ы ұтқырлық кезеңінде теріс аспект жоқ деп жауап берді, бірақ бейімделу қиындықтары 14,3 % құрады, бұл барлық қатысушылардың пікірінше ұтқырлықтың ең жағымсыз аспектісі. Статистикалық деректер көрсетіп отырғандай, қатысушылар үшін ең жағымсыз аспектілердің үштігіне бейімделу қиындықтары – 14,3 %, ата-

аналар мен туыстардан алыс тұру қиындықтары – 9,2 % және тұрудың қымбат жағдайлары – 9 % кірді.

Қатысушылар негізінен академиялық ұтқырлық бағдарламасының артықшылықтары ретінде шетелде оқудың құнды тәжірибе екенін қарастырады. Қатысушылардың 14,3 %-ы бейімделудің қиындықтарын ұтқырлықтың ең жағымсыз жағы ретінде көрсетті, ал сұралған қатысушылардың тек 8,2 %-ы пәндердің академиялық деңгейі тым жоғары және академиялық интеграцияда қиындықтар болғанын хабарлады. Үйге деген сағыныш (9,2 %) немесе қымбат өмір сүру жағдайлары (9,0 %) туралы жиі айтылды.

Жалпы, қатысушылар шетелде оқу кезеңін өте жақсы бағалайды. Қатысушылардың өте жоғары пайызы (97,96 %) шетелде оқығанды ұнатқандықтарын айтты, ал бірнеше қатысушы (2,04 %) жауаптарында келісім де, келіспеушілік те білдірген жоқ. Қатысушылардың қанағаттану деңгейі бойынша 90 білім алушы (91,84 %) өте жоғары қанағаттанушылық білдіргенін, тек 8 білім алушы (8,16 %) қанағаттанғанын айтты. Жалпы алғанда, деректер қатысушылардың шетелде оқу тәжірибесін жоғары бағалайтындығын, тіпті барлық қатысушылар өздерінің достарына академиялық ұтқырлық тәжірибесін ұсынатындығын атап өтті.

Сауалнаманың тағы бір маңызды тақырыбы бағдарламаны аймақтық университетте жүзеге асыру туралы және оны болашақта қалай жақсартуға болатындығы туралы қатысушылардың пікірін білу туралы пікірі болды. Сол себепті: «Сіздің ойыңызша, халықаралық ынтымақтастыққа жауапты бөлімшенің өз университетіндегі жұмысын қалай жақсартуға болады?» деген сұрақ қойылды.

Нәтижелер бағдарлама туралы жақсы пікірлерге қарамастан, аймақтық университетте бағдарламаны жүзеге асыруды жақсарту үшін үлкен жұмыс атқарылуы керек екенін көрсетеді, бұл аймақтағы жоғары білімнің одан әрі интернационализациясына ықпал етеді. Атап айтқанда: Қазақстан Республикасының геосаяси жағдайын ескере отырып, шетелдік әріптес жоғары оқу орындарының тізімін кеңейту (42,8 %), тек Батыстың ғана емес, Шығыс елдерінің де тәжірибесіне жүгіну; бағдарламаның бұрынғы қатысушыларын (25,51 %) қолжетімді коммуникация құралдары арқылы академиялық ұтқырлық идеяларын ілгерілету үшін ақпараттық іс-шараларға тарту (25,51 %); ұтқырлыққа дейін, оқу кезінде және одан кейін бағдарламаға қатысуға дайындық кезінде ақпараттық құлақтандыруды және қолдауды одан әрі жүйелеу (21,43 %); бағдарлама туралы іс-шаралар форматын кеңейту деген ұсыныстар берілді.

Елімізде «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасын қалай жақсартуға болады?» деген сауалға шетелдік университеттерді тығыз серіктестікке

тарту; студенттер үшін шетелде оқу мүмкіндіктерін кеңейту; қатысушылар үшін гранттық орындыр санын көбейту; ұтқырлық мүмкіндіктері туралы көбірек жарнама жасау; білім беру жүйесін жетілдіру; ұтқырлық кезінде қаржыландыруды немесе шәкіртақыны ұлғайту, қосымша қаржылық қолдау жасау; шетелде оқуға дайындық кезінде ақпараттық қолдауды ұйымдастыру; құжат айналымын төмендету деген сегіз тақырып ұсынылды. Қатысушылардың 26,5 %-ы шетелде оқу мүмкіндіктерінің кеңеюін, қатысушылардың 25,5 %-ы шәкіртақы санының артуын және 22 %-ы ұтқырлық кезеңінде қаржыландыруды көбейту және қаржылық қолдау мәселесін көтерді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері аймақтық университетте бағдарламаның қалай іске асырылып жатқанын көрсетті және қатысушылар бағдарламаны жетілдіру жолдарын да көрсете білді. Қатысушылар академиялық ұтқырлық бағдарламасының кезеңі жарқын сәттерге толы жағымды тәжірибе екенін атап өтті. Қатысушылар шетел университеттерінде алған шетелде оқу тәжірибесіне және жаңа дағдылардың дамуына риза болды. Ұсынылған нәтижелер аймақтық университет қатысушыларының академиялық, жеке және әлеуметтік тәжірибесінің дәлелдерін толықтырады. Сонымен, академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асырудағы стратегиялық басқару жүйесін жетілдіру үшін, өңірлік университетте білім алушылардың академиялық ұтқырлығын жақсартуға қатысты бірқатар шаралар қабылдау орынды болып көрінеді.

Зерттеуден алынған нәтижелер бойынша білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасын жетілдіру және дамытуға арналған көптеген ұсыныстар анықталды. Аймақтық университетте бағдарламаны жетілдіру бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалды: қаржыландырудың ұлғаюы, серіктес университеттердің географиясын кеңейту және қатысушыларға қосымша алдын-ала дайындық курстарын ұсыну деген жақсартуға арналған үш тақырып қозғалды. Осыған орай, біріншіден, қатысушыларға академиялық ұтқырлық бағдарламасы басталғанға дейін қолдау көрсету үшін дайындық курсын әзірлеу қажет. Бұл курстар аймақтық университеттегі академиялық ұтқырлық бағдарламасының негізін құрайды және жергілікті университетке қатысушыларды шетелде оқудан не күтілетіні туралы алдын-ала хабардар етуге мүмкіндік береді. Екіншіден, білім алушылар таңдау мүмкіндігіне ие болуы үшін университет әр түрлі елдерден құралған серіктес университеттер тізімін кеңейту қажет. Алайда, ҚР БЖҒМ тарапынан да шектеу бар, өйткені мемлекеттік бюджеттен білім алушылар оқуға бара алатын басым елдер тізімі бекітілген. Өңірлік университет

ұтқырлық бағдарламасына мемлекеттік бюджетті күтіп қана қоймай, қосымша халықаралық бағдарламаларды ұсынып, білім алушыларға жаңа мүмкіндіктерді табу қажеттілігі бар. Сонымен қатар, білім алушылардың ұтқырлық бағдарламасын қамтитын ұйымдарды орнату туралы ұсыныс айтылды, қатысушылар оқу бітіргеннен кейін ұйымға жұмысқа орналасып, ұйымның жұмысы арқылы ұтқырлық бағдарламасына оң үлес қоса алады.

Бұл зерттеудің мақсаты – академиялық ұтқырлықтың университеттегі, яғни бағдарламаның аймақтық университетте қазіргі жағдайын түсіну болды. Қатысушылар жауаптарынан академиялық ұтқырлық бағдарламасы регламентте белгіленген барлық параметрлер мен шарттарға сәйкес келетіндігі туралы кең келісімге қол жеткізілді. Бухарест коммюникесі студенттердің ұтқырлығы үшін кедергілерді жоюдың маңыздылығын атап өтеді. ECTS-ті қабылдау қатысушылардың академиялық ұтқырлығына қатысты ұйымдық құрылымның маңызды аспектісі. Кредиттерді толық қайта есептеу-аймақтық университетте кең таралған тәжірибе. Аймақтық университетте білім алушылар ұтқырлығының жалпы саны 5 %-дан төмен (шамамен 1 % немесе 1 %-дан төмен), және 20 %-ға жету мақсаты нақты көрсетілген уақытта қол жетімді емес болып көрінеді.

Әр түрлі университеттерде қолданылатын интернационализацияға деген көзқарастар сияқты интернационализацияның қазіргі ұлттық және институционалдық айырмашылықтары үнемі өзгеріп отырады. Осылайша, интернационализацияның әмбебап моделі жоқ деп қорытынды жасауға болады, өйткені әр университет өзінің қажеттіліктеріне және тіпті мүмкіндіктеріне байланысты өз моделін жасай алады. Интернационализация жоғары білім мен оның даму стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады деген қорытынды жасауға болады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Knight, J.** Higher Education in turmoil : the changing world of internationalisation. – Rotterdam Netherlands : Sense. – 2008.

2 **Тоқаев, Қ.** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – 2020 ж. 1 қыркүйек.

3 Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі. Интернационализация стратегиясын жүзеге асыру. Әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2018.

4 **Knight, J.** «Internationalisation : Management Strategies and Issues». – International Education Magazine. – CBIE, Ottawa. – vol. 9. – No 1. – 1993.

5 **Knight, J.** Updating the definition of internationalization. International Higher Education. – 33(Fall). – 2003. – P. 260–273.

6 **Knight, J.** Internationalisation remodeled: Definition, approaches, and rationales. Journal of Studies in International Education. – 8. – 2004. – P. 5–31.

7 **Rudzki, R.** ‘The Application of a Strategic Management Model to the Internationalization of Higher Education Institutions’. Higher Education. – 29(4). – 1995. – P. 421–441.

8 **Creswell, J. W.** Research Design: Qualitative, Quantitative, and Mixed Methods Approaches. 3rd ed. Thousand Oaks. – California : Sage, 2009.

9 **Cohen, L., Manion, L. and Morrison, K.** Research Methods in Education. 7th ed. – London : Routledge, 2011.

10 **Ball, S. J.** Politics and Policy Making in Education: Exploration in Policy Sociology. – London : Routledge, 1990.

11 **Denscombe, M.** The Good Research Guide: For Small-Scale Research Projects 2nd ed. – Maidenhead : Open University Press, 2003.

Материал 29.12.20 баспаға түсті.

К. Б. Мукаатаева

Академическая мобильность обучающихся как фактор интернационализации высшего образования

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, Павлодар.
Материал поступил в редакцию 29.12.20.

К. В. Mukatayeva

Students` academic mobility as a factor of the internationalisation of higher education

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 29.12.20.

Интернационализация высшего образования – это сложный процесс, который включает в себя множество видов деятельности. Система образования участвует в процессе интеграции во всех сферах жизни человека во всем мире. Казахские университеты уделяют особое внимание процессу интернационализации и создают благоприятные условия для усиления программ академической мобильности обучающихся. В статье рассматривается реализация

программы академической мобильности обучающихся регионального вуза, и ее влияние на процесс интернационализации регионального вуза. Данные статьи были собраны с помощью специально подготовленной анкеты для студентов, участвующих в программе. Количество респондентов составило 98 человек. В работе анализ данных проводился с использованием статистической программы SPSS. Основная цель статьи – узнать мнение участников о реализации программы в региональном университете и способах ее улучшения в будущем, а также выявить пути улучшения программы с учетом субъективных мнений участников. В целях совершенствования системы стратегического управления процессом реализации программы академической мобильности как ключевого фактора процесса интернационализации вуза представляется целесообразным принять комплекс мер по повышению академической мобильности обучающихся.

Ключевые слова: Интернационализация, программа академической мобильности обучающихся, высшее образование, зарубежное образование.

The internationalisation of higher education is a complex process that involves many activities. The education system participates in the process of integration in all spheres of human life around the world. Kazakhstani universities pay special attention to the process of internationalisation and create favorable conditions for strengthening student academic mobility programs. The article discusses the implementation of the students academic mobility program, the impact of the program on the process of internationalisation of a regional university. This article was prepared using a specially prepared questionnaire for students participating in the program. The number of respondents – 98 students. In this work, data analysis was performed using the SPSS statistical program. The main purpose of the article is to find out the opinions of the participants about the implementation of the program at the regional university and ways to improve it in the future, as well as to identify ways to improve the program, taking into account the subjective opinions of the participants. In order to improve the system of strategic management of the process of implementing the program of academic mobility as a key factor in the process of internationalisation of the university, it seems appropriate to take a set of measures to increase the academic mobility of students.

Keywords: Internationalisation, students' academic mobility program, higher education, foreign university.

FTAMP 14.18.41

<https://doi.org/10.48081/OUUV3033>**К. К. Мукашева**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘНДЕРІНІҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Бұл мақалада автор қазақ халқының ерекше мәні бар әнінің ролін ашады: жан дүниесі, шынайылығы арқасында ол адамдардың жан дүниесіне терең әсер етеді, Отанын, халқын, табиғатын сүюге үйретеді, музыкалық-поэтикалық талғамды дамытады. Халық әні-бұл өнердің өзіндік түрі ғана емес, бұл қоғамдық сананың ерекше формасы және халықтың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі.

Халықтың музыкалық мәдениетінің негізі – ән. Әннің жандануы әрқашан халықтық музыкалық өзіндік сананың басталуымен сәйкес келеді. Әнде оқигалар, фактілер, күнделікті шындық құбылыстары айқын және әр түрлі көрінеді. Әндерден халық шығармашылығының өкілдері музыкалық ырғақ ережелерін, көңіл-күйді дамытады, белгілі бір этникалық топқа тән ерекше музыка осы мәліметтерге негізделген.

Кілтті сөздер: салт әндері, тұрмыс-салт, зерттеушілер, халық педагогикасы, дәстүр.

Кіріспе

Қазақ халқының әуен өнер – дүйім жұртшылыққа жағымды әсер етіп, әр адамға күш-қуат сыйлап келді, толғау, терме, нақыл әндері және үйлену, еңбек, шаруашылық, кәсіп болып жіктеледі. Қазақ әндерінің қай жанрын алмасақ та, өнегелі өсиет арқылы, ізгілікті мейірбандыққа, татулық пен бірлікке, адамгершілікке, байсалды мінез-құлыққа, сикырлы ақылдылыққа насихаттап отырады. Сонымен бірге, қазақ халқының тарихын, өмір сүру тіршілігінің сан қилылығын, қоғамдық көзқарастарын, ақыл-ойының жиынтығын танытады. Әннің бұл түрлерін тұрмыс-салт жырларынан туғандығы жайлы зерттеушілер өз зерттеулерінде дәлелдеген. Қазақ халқының әуендік шығармашылығы өзінің саңғасырлар бойындағы дамуында әуен тілінің бейнелеу құрамы жағынан негізінен, екі бағытта

вокалдық және аспаптық әуен түрінде қалыптасты. Бірінші – терме сарынды және кең тынысты созып айтатын шалқымалы әннің түрлері де, екіншісі – домбыра, қобыз және басқа үрлеп ойнайтын аспаптарда орындалатын, көбінесе, белгілі бір оқиғаға байланысты болып келетін күйлер [1].

Нәтижелер және талқылау

Кеңес өкіметіне дейінгі дәуірдегі қазақ қоғамындағы рухани өмірінің маңызы белгілі ауыз екі әуен мәдениетінің, дұрыс жағдайларда қалыптасуы, сондай-ақ, көшпелі өмір және ауыл тұрмысының көптеген тұрақты дәстүрлері халық әуен өнері қайраткерлерінің бірнеше түрін қалыптастырды. Олар – акындар, жыршы-жыраулар, әншілер мен өлеңшілер, күйшілер мен ертекішілер, сықақшылар және басқалары. Әдетте, олар көбінесе өзінің негізгі өнеріне қоса басқа да бірнеше өнердің иесі болды. Кеңес өкіметіне дейінгі қазақ әуенінің зерттеушілері өз еңбектерінде әуендік фольклордың өміршеңдігін баяндағанымен, халық өнерінің кәсіби қайраткерлері туралы аз да, сирек жазылды. Ал, төменде аттары аталған бірнеше әншілер мен күйшілер, халық әуенінің көптеген классикалық шығармаларының авторлары 19 ғасырда өмір сүргендері анық. Олар: Құрманғазы Сағырбаев (1806–1879), Дәулеткерей Шығаев (1820–1887), Біржан сал Қожағұлов (1832–1894), Мұхит Мералиев (1847–1918), Абай Құнанбаев (1845–1904), Жаяу Мұса Байжанов (1835–1929), Тәттімбет Қазанғалов (1815–1862), Ықылас Дүкенов (1843–1916) және басқалары. Олардың шығармалары халықтың рухани мүддесіне сай келген сүйікті шығармалары болды, бірақ олардың жиналуы және жазылынып алынуы тек кеңес өкіметі кезінде ғана жүзеге асырылды. Жиырмасыншы жылдары Орта Азия және Қазақстанның, әуендік фольклорын жинауға ерекше ықыласын көрсетті [2].

Белгілі әуен зерттеушісі әрі жинаушысы А. В. Затаевич қазақ даласын аралап, жүріп, екі мыңға жуық ән-күйлер жазылды. А. В. Затаевич «Қазақ халқының мың әні», 1931 жылы «Қазақтың бес жүз әні мен күйлері» бұл күнде де тарихи маңызы зор еңбектері бар. М. Горький, А. Затаевичтің еңбегін жоғары бағалай келіп, қазақтың ән-күйлері болашақ композиторлар үшін еңбектерінің қайнар көзі екенін дәлелдеген. Басылым ерекшелігі – мұнда көптеген белгілі халық әндерінің сөздері табылып, жазылған. А. Затаевич бастаған үлкен істі отызыншы жылдары Д. Мацуцин, Б. Ерзакович, Е. Брусиловский, А. Жұбанов, Л. Хамиди бертін, М. Төлебаевтың жалғастырып, ән-күйлерді нотаға түсті. Қазақ Республикасы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, өнертану ғылымының докторы, республикаға еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор, әуен зерттеушісі, профессор Б. Ерзакович өзінің бар күш жігерін табиғи қабілетін қазақ әуенінің өнеріне жұмсауды мақсат етті. Б. Г. Ерзакович аз уақыт ішінде бес жүзге жуық ән-күй

жазып, оның екі жүзден аса әуенін әншілердің фортепианоның сүйемелімен айтуына өңдеді. Ол осымен ғана тоқталып қоймай, халық әншілерін бұдан да көп жинап алу мақсатымен республика облыстарына сапарға шықты. Сөйтіп, ол Семей, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола және Қарағанды облыстарын аралап шығып, қазынасына 2500-ден астам ән мен күүді нотаға түсірді, біразын радио таспаларға жазып берді. Б. Г. Ерзаковичтің өзі жинақтаған қазақтың ән мен күй туындыларына, оның орындаушыларына алғаш рет толық сипаттама бергендігін ерекше атап айтқан жөн [4].

Экспедиция кезінде халықпен қоян-қолтық араласа жүрген Б. Г. Ерзакович қазақ әуенінің Кенен Әзірбаев, Естай Беркімбаев, Шәкір Әбенев, Қали Байжанов, Жүсіпбек Елебеков секілді аса дарынды өкілдерімен де тығыз қарым-қатынаста болды. Атақты Естай ауылында болған сәтінде былай әңгімелеген: «Табиғатында өте байсалды, өз әндерімен өзге авторлардың әндерін салмақты саздылықпен шырқайтын Естай әйгілі «Қорланды» орындағанда бөлекше толқып кетеді. Тіпті радиоға жазу кезінде де әннің шарықтай шырқалатын тұстарында көзіне жас түсті. Тегі, жас шағында қалың мал төлей алмай сүйіктісімен айырылған жан трагедиясы оны өмір бойы толқытып өтсе керек». Б. Г. Ерзакович отызыншы жылдардың өзіндік өзі жинақтаған көптеген халық әндерін әуендік аспаптар сүйемелінде орындауға өңдеді. Мұндай әндер сол кезде радиодан көп орындалып айтылды. Ал елуінші жылдардан бастап оларды жүйелі түрде зерттеу басталды. Зерттеуші ғалымның терең білімінің арқасында дүниеге келген «Қазақ халқының ән мәдениеті» монографиясы, «Қазақ совет халық әндері» атты әуендік-этнографиялық жинағы шығарылды. Б. Г. Ерзаковичтің Ахмет Жұбанов және Мәриям Ахметовамен бірлесіп жазған «Советтік қазақ музыкасы» деген еңбегі Қазақ ССР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды [1].

Тұрмыс-салт әндері адам баласының өмірге келіп ержетіп, есеюі, қаза болуы сияқты елеулі кезеңдерге, уақиғаларға байланысты туды. Нәрестенің өмірге келуі, әр шаңырақты қуанышқа толтырып, шілдехана жасалып, ат қойылады. Кіндігі түскен баланы 5-6 күннен соң бесікке салып, түрлі ырым-жоралғылар жасалған. Ал бесікке салынған баланың өсіп жетілуінде бесік жырларының тәрбиелік маңызы зор. Бесікке салынған бөбек анасының сүйіспеншілікке толы, жанға жағымды нәзік әуеніне балқып, төтті ұйқыға кетеді. Бесік жырларының құрылымы қарапайым болғанымен, сазы жан тебірентер мамыражай, әрі көркем болып, жас сәбидің нерв жүйелеріне, жалпы психикасына жағымды әсер етеді, көңіл-күйін орнықтырады. Ананың бесіктегі нәрестесін уата отырып айтқан игі тілектері, болашаққа деген жақсы үміттерін сүтімен, әлдиімен ерте бастан-ақ құлағына құйылып ер жетеді. Балалар мен жастардың әндері көшпелі өмір сүрген халықтың

күнделікті тіршілігіне байланысты туындаған. Балалардың өздеріне қоршаған табиғаттағы жан-жануарлармен, құстардың дыбысын, іс-әрекеттерін қызық көріп бейнелегендері «Асау мәстек», «Қоғый гөк», «Соқыр теке» және сол сияқты түрлі ойын элементтерінде кездесіп отырады. Осы ойындардың әндері де бала табиғатына сай, ойнақы, көңілді, ширақ болып келуі олардың әуендік-эстетикалық қабілеттерімен, мөнерлеп ән салу дағдыларын дамытуға септігін тигізіп отырған. Ал «Қамажай» сияқты жастардың ауыл арасындағы той-томалақ, алтыбақан және басқа ойындарында айтылатын әндері оларды әсерге бөлеп, әнге деген ынта-ықыласын қанағаттандырып, сүйіспеншілігін арттырды. Балалар мен жастар әндерінің бәріне тән ерекшеліктері олардың, ойнақылығы, эмоциялық көңіл күйінің көтеріңкілігі, дидактикалық мән мағынасы күнделікті оқу тәрбие жұмыстарында пайдалануға өте қолайлы жағдай жасаған. Еңбек, шаруашылық, кәсіп әндері мазмұны жағынан бірнеше түрге бөлінеді және тақырыбы мен поэтикалық орындалатын еңбек, шаруашылық түріне байланысты.

Қазақ халқының негізгі кәсіпшілігі төрт түлік малмен байланысты болғандықтан, оның өмір тіршілігінде үлкен орын алады. Халық төрт түлік малды құт санаған және Шопан ата – қойдың, Жылқышы ата – жылқының, Сексек ата – ешкінің, Ойсыл қара - түйенің, Зеңгі баба – сиырдың пірі ұғынып табынған. Аңшылық, саяткерлік әндері жігіттің арманы болған жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы, сұлу қызға деген ғашықтық сезім арқау болып, мінсіз сұлулық, шынайы мөлдір сезім, жан-жануар, табиғат сұлулығын дәріптейді. Егіншілік әндері Наурыз мерекесіне байланысты тақырып елеулі орын алды. Сабантой кезінде «Кеусен», «Ат жел» сияқты әндер айтылған. Жұмысшы әндері Қарағанды, Қарсақпай, Жезқазған, Риддер шахталары мен рудниктері иелерінің зорлық-зомбылығы, жұмыскердің ауыр еңбектері, көрген меңхаты тақырыптары арқау болған. Оған «Ауыр еңбек астында», «Ақшамды бермей қойды ғой» тәрізді әндерін жатқызамыз [4].

Үйлену әндері – қазақ халқының от басының тағдырына, жас буынның өсіп, мұрат-мақсатына жетуіне, арман-қайғысына ортақ әндері. Әдет-ғұрыпқа байланысты бұл әндердің өзі жар-жар, сынсу, қоштасу, жұбату, беташар, той бастар түрінде айтылады. Халықпен бірге жасасып, өркендеп келе жатқан бай салт-дәстүрінің ішіндегі өмірі – келін түсіру той-томалағы. Бұл жоралғы халқымыздың қадір қасиетін, өнеге өрісін, тұрмыс тіршілігін сонымен қоса адамгершілік-этикалық қағидаларын танытады. Халықтың педагогикалық шарттары мен талаптары беташарда мол көрініс беріледі. Жаңа түскен келінге тойдың ең көңілді кезінде өнеге түрінде айтылған. Беташар әдетте «Келін, келін келіп тұр, келін үйге кіріп тұр» деп басталып, келінге келген үйі мен

бүкіл ауылдың адамдарын таныстырып, олардың өмірдегі, ауыл арасындағы алатын орны мен беделі, мінез ерекшелігі әзіл мен нақыл сөздермен айтылады.

Ұлыс күндері еңбекпен тығыз байланысты әндер айтылған. Қазақ халқы ұлыс күнін «жыл басы» санайды. Бұл күндері жастар ойын-сауық құрып, қарт-қариялар еңбек адамдарына бата берген. Наурыз мейрамы күндері жарапазан айтылады. Жарапазан «Шахарзабан» – парсы тілінде шахар кезуші, тақыр, күлдіргі ақын деген ұғым. Бізде ол үй арасында кезіп жүріп ән айтушы болмақ. «Тұсында келіп тұрмыз ақтап қана, жарапазан айтамыз мақтап қана» – деген жолдарға қарағанда, оны кейде жұптасып та айтатын болады. Жарапазан халық поэзиясының дәстүрінде жасалып мақтау ниеттестік, кейде әзіл - күлкіде болады. Бірде жыр, бірде қара өлең түрінде айтылып, басы хикаялау, мақтау, аяғы – алғыс, бата болып байқалады. Сый-сияпат көрсетпеген үй иелерінің бетіне салық қылып аямай сынайды. Жаназалау әндері – тарихи оқиғаларға, адам қазасына байланысты туындап, ел аузында сақталған естірту, көңіл айту, жоқтау сияқты салт әндері. Мұнда жеке адамның немесе бүкіл бір елдің көңіл-күйлерінің сан алуан толқыны бар. Жерімен, елімен, жарық дүниемен қоштасу әндері ел басына түскен ауыр күндерге байланысты туған. Оның өлген адамның тірі күнін де айтқан өсиеті түрінде кездесетін әндер [5].

Тұрмыс-салт жырларының бұл арнасын біз мұң-шер өлеңдері деп те айтамыз. Адамның көңіл-күйін, өмір құбылыстарын терең толғайтын жаназалау әндерінің тәрбиелік мәні бар әндер. Нақлиялы әндер қатарына, мысал, алғыс – бата, тілек, әндері кіреді. Бұл әндерде халық педагогикасының ең құнды жинақтары бар. Салт дәстүрлердің сәнін мәнін арттыра түсетін ән үлгілері – бата – тілек әндері. Шынайы халықтық сипатқа бөленген, бірақ кез-келген жайға арналып айтыла бермейтін бата – тілектің қарапайым тәрбиелік, тағлымдық мәнінің орасан зор екендігін оның өн бойындағы, ой ұшқырлығын, ақыл-парасатты, өмірлік тәрбиені, кемелдік пен көсемдікті шешендік пен шеберлікті байқауға болады. Ол өзі – терең философиялық астарымен ерекшеленіп тұрады. Күн шуақты болсын, Көлің суатты болсын! Қонысың өрісті болсын, Еккенің жемісті болсын! – деген бірер шумақтың өзінде көңілге көп жайды тиіп, оның халық тіршілігіндегі, тұрмысындағы орны мен рухани салмағын толық түсінгендей боламыз [6].

Нақлият әндерде аса бағалы дидактикалық бай тағлымдық қазына жатыр, қоғамдағы адам өмірін бағыттайтын жақсылық пен жамандықтың, әсемдік пен парықсыздықтың, моральдық, этикалық ұғымдарды жырлаған. Нақлият әндерінің бір түрі – мысал әндері. Оларда аллегория түрінде ақыл – кеңес, мораль мәселелері айтылады. Сондықтан халық жыршыларының шығармаларында параллелизм, астарлап айту, символикалар жиі кездеседі. Ақын-жырлар ән-жұмбақтардың екі түрде: біреуіне де жұмбақтай отырып,

қолма-қол жауабын беріп отырса, екіншісінде, халықтың өзі шешімін табуға арнап айтқан. Мысалы, ән жұмбақтарда салыстырмалы метаформалар мен антитездер көптеп кездеседі. Қиял ғажайып әндердің қатарына аңыз-әндері, өтірік өлеңдері де жатады. Олардың сюжеттік мазмұны әр түрлі болғанымен, негізінен халық өмірінен алынады. Қарапайым адамдардың болашаққа деген үміт – арманы, бақыт пен шыншылдық, ақиқат туралы сенімі арқау болып ән соңында дидактикалық ой-тұжырым мен байқаулар жасалып отырады.

Сатиралық-юморлық әндер ақын-жазушылардың орындауында халық тұрмысындағы келенсіздікпен күресте айбынды қаруға болады. Халық жаршылығы күні бүгінге дейін юморлық, әзіл-қалжың, әжуа әндерді шығарып келеді. Сан қилы әндерде жақсы әзіл, сын, сарказм, ирония кезігеді. Құрбы құрдастарына арналған достық шарждар, табыстары мен жетістіктеріне, олардың кәсіптік және мінездеріндегі кейбір қасиеттеріне тоқталады. Халық ақындарының ішінде өте көп таралған сатиралық әндерде адамдардың ақылы тарлығы, тәрбиесіндегі сорақы мінездерін аямай әжуалаған. Арсыз жалқаулықты, арсыздықты тамаша өткір теңеулермен шенеп-мінеген. Мыскылдың ең шарқау шегі – сарказм екені белгілі. Өткір сатиралық әндер Сүйінбай мен Бахардың, Баймағамбет сұлтанның қыздары мен әйелін мақта дегенде айтқан Шернияздың ирониялық әндерін жатқызуға болады. Сондай-ақ антитезге Т. Ізтілеуовтың, К. Тәкежановтың диалог, монолог түріндегі әзіл-қалжың, сатиралық әндерін атауға болады. Сатиралық әндер әрдайым кемшіліктермен күресу құралы ретінде өзінің қарапайымдылығы және стилінің айқындығымен, идеялық мазмұнының тереңдігі мен оқу-тәрбие жұмысының аса пәрменді құрал болмақ, әрі олардың азаматтық, қоғамдық мотивтермен, отансүйгіштік идеялармен үнемі байып отыруы жастар тәрбиесінде кеңінен пайдалануға кең жол ашады [6].

Қорытынды

Тарихи уақиғаларды суреттеу әндері халықтың тағдырына байланысты өмірлік маңызы бар көптеген оқиғаларды үлкен көркемдік дәрежеде бейнелеп отырған. Тарихи әндердің бір түрі – шежіре әндер, терме түрінде ата-бабаларымыздың тарихи шежіресін тарату мақсатында өмірге келгендер. Шежіре әуендерде ірі уақиғалар суреттелмегенімен, айбынды аталарымыздың кімдер екенін, кім-кімнен тарайтындығын анық көруге болады. Сонымен, тарихи әндер қазақ әуенінің үлкен бір бөлігін құрайды, тақырыптарының идеялық мазмұны күшті, халық есінен өткендегі тарихи жайлар үміт қалмай, ұл-қыздарымызды елін-жерін сүюге, ұлтжандылыққа тәрбиелеуге маңызы зор. Әлеуметтік – теңсіздік әндерінің тақырыптары қазақтың ән жанрларының әр түрлерінде көрініс тапқан. Олар әсіресе еңбек тақырыптарындағы сонымен бірге сатиралық әндерде көп кездеседі. Халық еңбектерінде демократиялық

бағыттарының дамуында болып, негізгі тақырыбында әлеуметтік мәселе басты орын алады. Өзінің құрылымы жағынан әлеуметтік – теңсіздік әндер лирикалық әндерге жақын болғанымен, өзінің мақсаттылығымен, интонациясының қаһарлығымен, мелодиясының айшықтылығымен және сергек те ширақ ырғағымен, кең диапазонымен ерекшеленеді. Ертедегі халық сүйген жанрдың бірі – эпикалық жырлар [7].

Эпос-идеялық, көркем мәні және композициялық құрлысы жағынан әуендік – поэтикалық фольклордың ең күрделі, ең ірі жанры. Өйткені оның негізінде халық тарихындағы қиялы-қилы кезеңдер, халық тағдырына байланысты ірі мәселелер алынған. Эпостарда қанатты философиялық сөздер жиі ұшырасады. Батырлар жырында кездесетін афоризмдер елге үлгі боларлықтай ерлік істі, қаһармандықты бейнелесе, ғашықтық жырларындағы қанатты сөздер, жырдың ішкі мазмұнына сай әр алуан лирикалық сезімдерге құрылған. Бұған Асан, Қазтұрған, Бұхар жыраулардан бастап, Махамбет, Базар жырау, Нұрым, Майлықожа, Нұралы, Жамбыл, Мұрын, Тұрмағамбет секілді сөз жүйріктерінің туындыларынан мол мысал келтіруге болады. Терменің ұлы міндеті – елге ізгі ұғымдарды тарату, халықты тарихтың тағылымы арқылы рухани жетілдіру, әрі эстетикалық ләззат беру. Терме өнерінің көркемдігі кемел, ғибараттылық қуанышы мол, асқақ та әдемі. Ерекше сүйкімді тыңдаушының құлағын елітіп, жүрегін билейтін сазы, әуені, өздеріне лайық мақамы мен ырғағы бар. Өзінің халыққа ерекше ұнамдылығымен, ғасырдың көркемдік даналығын таза қалпында бүгінгі қауымға жеткізуге мүмкіндігі молдығымен, өткен өмірдің ең жүрек жарды өсиетін, ата-бабалардың өмір сабағын, дүниетанымдылық құбылыстарға берген батасын, үміті мен арманын айта алатындығымен, терме өнері – рухани байлығымыздың, мәдениетіміздің заңды мұрагері. Жас буынды парасатқа, биік адамгершілік, сергектік, әдептілік, ата-бабаның үлгі-өсиетін, қағидасын қадір тұту кең ойлап үйренушілік, дүниетанымдық рухында тәрбиелеуде қызметі ерекше [8].

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Ахметова, М.** Ән өнері және уақыт. – Алматы : Өнер, 1993. – 195 б.
- 2 **Ахметова, М., Жұбанов, А., Ерзакович, Б.** Советтік қазақ музыкасы. – Алматы : Ғылым, 1995. – 348 б.
- 3 **Ерзакович, Г., Қоспақов, З.** Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. – Алматы, 1986. – 233 б.
- 4 **Жұбанов, А.** Ән-күй сапары. – Алматы, 1976. – 164 б.
- 5 **Балтабаев, М.** Қазақ халқының музыкасы және студент жастар. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 152 б.

- 6 Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан. – Алматы, 1992. – 224 б.
 7 **Жұбанов, А.** Ән-күй сапары. – Алматы, 1976. – 164 б.
 8 **Балтабаев, М.** Қазақ халқының музыкасы және студент жастар. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 152 б.
 9 Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан. – Алматы, 1992. – 224 б.
 10 **Байділдаев, Ө.** Қанатты өнер. – Алматы : Жазушы, 1973. – 175 б.
 11 **Балтабаев, М.** Қазақ халқының музыкасы және студент жастар. – Алматы, 2011.

References

- 1 **Ahmetova, M.** Án óneri jáne ýaqyt [Song art and time]. – Almaty : Art, 1993. – 195 p.
 2 **Ahmetova, M., Jubanov, A., Erzakovich, B.** Sovettik qazaq múzykasy [Soviet Kazakh music]. – Almaty : Nauka publ., 1995. – 348 p.
 3 **Erzakovich, G., Qospaqov, Z.** Qazaq múzyka fólklorynyń tarihnamasy [Historiography of Kazakh musical folklore]. – Almaty, 1986. – 233 p.
 4 **Jubanov, A.** Án-kúy sapary [Song and Kui trip]. – Almaty, 1976. – 164 p.
 5 **Baltabaev, M.** Qazaq halqynyń múzykasy jáne stýdent jastar [Kazakh folk music and student youth]. – Almaty : Native language, 1991. – 152 p.
 6 Qazaq halqynyń tálim-tárбие tarihyнан [From the history of teaching and upbringing of the Kazakh people]. – Almaty, 1992. – 224 p.
 7 **Jubanov, A.** Án-kúy sapary [Song and Kui trip]. – Almaty, 1976. – 164 p.
 8 **Baltabaev, M.** Qazaq halqynyń múzykasy jáne stýdent jastar [Kazakh folk music and student youth]. – Almaty : Native language, 1991. – 152 p.
 9 Qazaq halqynyń tálim-tárбие tarihyнан [From the history of teaching and upbringing of the Kazakh people]. – Almaty, 1992. – 224 p.
 10 **Baidildaev, Ó.** Qanatty óner [Winged art]. – Almaty : Zhazushy, 1973. – 175 p.
 11 **Baltabaev, M.** Qazaq halqynyń múzykasy jáne stýdent jastar [Kazakh folk music and student youth]. – Almaty, 2011.

Материал 29.12.20 баспаға түсті.

К. К. Мукашева

Педагогические основы традиционных песен казахского народа

Торайғыров университет,
 Республика Казахстан, г. Павлодар.
 Материал поступил в редакцию 29.12.20.

К. К. Mukasheva

Pedagogical bases of traditional songs of the Kazakh people

Toraighyrov University,
 Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
 Material received on 29.12.20.

В данной статье автор раскрывает роль народной казахской песни, которая имеет исключительное значение: благодаря задушевности, искренности, она глубоко воздействует на душу людей, учит любить свою Родину, народ, природу, развивает музыкально-поэтический вкус. Песенное народное творчество – не просто своеобразный вид искусства, это особая форма общественного сознания и неотъемлемый компонент повседневного быта народа.

Основой музыкальной культуры любого народа является песня. Возрождение песни всегда совпадает с началом народного музыкального самосознания. В песне ярко и многообразно отражены события, факты, явления повседневной действительности. Представители народного творчества из песен вырабатывают правила музыкального ритма, лада, на этих данных основывается своеобразная музыка, присущая определенному этносу.

Ключевые слова: обрядовые песни, быт, исследователи, народная педагогика, традиции.

In this article, the author reveals the role of the Kazakh folk song, which is of exceptional importance: thanks to its sincerity, it deeply affects the soul of people, teaches them to love their Homeland, people, nature, develops musical and poetic taste. Song folk art is not just a kind of art, it is a special form of public consciousness and an integral component of everyday life of the people.

The basis of the musical culture of any nation is a song. The revival of a song always coincides with the beginning of folk musical consciousness. The song vividly and variously reflects events, facts, and phenomena of everyday reality. Representatives of folk art from songs develop rules of musical rhythm, fret, on these data the original music inherent in a certain ethnic group is based.

Keywords: ritual songs, everyday life, researchers, folk pedagogy, traditions.

<https://doi.org/10.48081/IFFH2601>

С. А. Муликова, М. К. Абдақимова, С. К. Кенжебаева

Қарағандық экономикалық университет Қазпотребсоюзы,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды

РЕАЛИЗАЦИЯ ТЕХНОЛОГИИ ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В УНИВЕРСИТЕТЕ

- 9 **Гончарова, В. Г.** Комплексное медико-психолого-педагогическое сопровождение лиц с ограниченными возможностями здоровья в условиях непрерывного инклюзивного образования [Электронный ресурс]: Монография / В. Г. Гончарова, В. Г. Подопригора, С. И. Гончарова. – Электрон., текстовые данные. – Красноярск : Сибирский федеральный университет, 2014. – 248 с.

10 **Ворошнина, О. Р.** Клинико-психолого-педагогическое сопровождение детей с ограниченными возможностями здоровья и их семей в условиях общего (инклюзивного и интегрированного) и специального образования [Электронный ресурс] : учебник / О. Р. Ворошнина, А. А. Наумов, Т. Э. Токаева. – Электрон., текстовые данные. – Пермь : Пермский государственный гуманитарно-педагогический университет, 2015. – 204 с.

References

- 1 World report on disability [Electronic resource]. – URL: https://www.who.int/disabilities/world_report/2011/ru/
- 2 **Hafizullina, I. N.** Formation of inclusive competence of future teachers in the process of professional training: Diss. Cand. PED. nauk. – Astrakhan, 2008. – 213 p.
- 3 **Nazarova, N. M.** Problems and prospects of training psychological and pedagogical personnel to work in the system of special education for people with disabilities [Text] / N. M. Nazarova // Innovations in Russian education. Special (correctional) education. – M., 1999. – P. 128–134.
- 4 **Mitina, L. M.** To the Psychologist about the teacher. Personal and professional development of teachers: psychological content, diagnostics, technology, correctional and developmental programs [Text] / L. M. Mitina. – Moscow : MGPPU, 2010. – 386 p.
- 5 **Khitryuk, V. V.** Methods of diagnostics and monitoring of inclusive readiness of teachers [Text] / V. V. Khitryuk, I. N. Sимаeva // Bulletin of the Surgut state pedagogical University. – 2014. – No. 1. – P. 104–108.
- 6 **Makarov, Yu. A.** Problems of tolerance research as a personal and professional quality and ways to solve them [Text] / Yu. A. Makarov // Bulletin of Saint Petersburg University. Series 12. Psychology, sociology, and pedagogy. – 2008. – No. 3. – P. 388–393.
- 7 **Makarov, Yu. A.** Personality of the teacher and method of diagnostics of tolerance in the professional pedagogical environment [Text] / Yu. A. Makarov // Almanac of modern science and education. – Tambov, 2011. – No. 5. – P. 108v111.
- 8 **Semyonova, L. E.** Psychological well-being of subjects of inclusive education [Electronic resource]: educational and methodological guide / L. E. Semyonova. – The electron, the text data. – Saratov : Higher education, 2019. – 84 p.
- 9 **Goncharova, V. G.** Complex medical, psychological and pedagogical support of persons with disabilities in conditions of continuous inclusive education :

Monograph7. [Electronic resource]. Eds. V. G. Goncharova, V. G. Podoprighora, S. I. Goncharova. – The electronic, the text data. – Krasnoyarsk : Siberian Federal University, 2014. – 248 p.

10 **Voroshnina, O. R.** Clinical, psychological and pedagogical support of children with disabilities and their families in general (inclusive and integrated) and special education. Textbook [Electronic resource]. – Eds. O. R. Voroshnina, A. A. Naumov, T. E. Tokaeva. – The electronic, the text data. – Perm : Perm state Humanitarian and Pedagogical University, 2015. – 204 p.

Материал поступил в редакцию 29.12.20.

М. П. Шакарманова, Г. Т. Тусупбекова

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыратын педагогтердің уәждемесін талдау

Инновациялық Еуразия университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
Материал 29.12.20 баспаға түсті.

M. P. Shakarmanova, G. T. Tusupbekova

Analysis of motivation of teachers organizing inclusive education

Innovative Eurasian University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 29.12.20.

Қазіргі білім беру реформалары контекстінде инклюзивті білім беруді енгізу туралы мәселе туындады, бұл мүмкіндігі шектеулі балалардың балабақшаларда, мектепте және жоғары оқу орындарында дені сау құрдастарымен бірге білім алуын көздейді. Осыған байланысты балалардың денсаулық жағдайы мен әлеуметтік жағдайына қарамастан дамуын қамтамасыз ететін білім беру қызметтері жүйесін құру мәселелері ерекше маңызға ие. Күн тәртібінде білім беру мекемесінің түрі мен түрін таңдау құқығын бере отырып, балаларды оқытудың ұйымдастырушылық нысандарын кеңейту мәселелері тұр. Осының барлығы инклюзивті білім беру жүйесіне енгізілген педагогтердің қызметіне қойылатын жоғары талаптарды негіздейді. Негізгі талаптар бейімділіктері мен қабілеттеріне, даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін шектеуге қарамастан, барлық балаларды оқытуға дайындығы мен қабілетін жетілдіруге бағытталған.

Кілтті сөздер: инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі балалар (ДМШ), мотивациялық-құндылық дайындығы.

In the context of modern educational reforms the question up about introduction of inclusive education, that supposes the receipts of education children with limit possibilities of health (LPH) in kindergartens, school and institutions together with healthy coevals. In this connection the special meaningfulness is acquired by the questions of creation of the system of educational services, providing development of children regardless of the state of their health and social position. On an order-paper the problems of expansion of organizational forms of educating of children stand with the grant of right for a type selection and type of educational establishment. All this condition stipulates enhanceable requirements to activity of the teachers plugged in the system of inclusive education. The basis requirements are directed perfection of readiness and ability to teach all and singular children, without depending on their inclinations and capabilities, features of development and limitation of possibilities.

Keywords: inclusive education, children with limit possibilities of health (LPH), motivation-valued readiness.

<https://doi.org/10.48081/PSPF7830>

С. К. Шалабаев

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар

СТУДЕНЧЕСКОЕ САМОУПРАВЛЕНИЕ КАК ФАКТОР ОПТИМИЗАЦИИ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА В УСЛОВИЯХ УНИВЕРСИТЕТА

В своем развитии любое государство должно делать акцент на активную молодежь. Только она способна коренным образом внести улучшения в развития страны. В настоящее время в Республике Казахстан вопросам студенческого самоуправления не уделено внимания, законодательно не регламентирован механизм взаимодействия студентов с администрацией учебного заведения. Кроме того, в статье освещаются некоторые вопросы, связанные с конкретной проблематикой студенческого коллективного самоуправления в Казахстане. Отмечено существование целого ряда типичных нарушений норм законодательства о студенческом самоуправлении: отчисления, восстановления, переводе студентов с контракта на бюджет или наоборот, заселения и выселения из общежития без согласия органа студенческого самоуправления, назначения должностных лиц, ответственных за работу со студентами, без участия студенческих представителей. Так же в статье проанализирован зарубежный опыт студенческого коллективного самоуправления, определены организационные и правовые факторы, сформулированы выводы и рекомендации относительно перспектив развития студенческого самоуправления в Казахстане. Отмечено, что Казахстану необходима активизация деятельности студенческого совета при Министерстве образования и науки РК в части разъяснительной работы среди студентов о возможности студенческого самоуправления и новейшем зарубежном опыте в этой сфере.

Ключевые слова: студенчество, самоуправление, государственное управление, совет молодежи, студенческий совет, коллективное самоуправление.

Введение

Мир сегодня претерпевает коренные изменения, которые касаются различных аспектов развития государств.

Трансформируются модели международных отношений, подходы к решению внутренних задач и достижения экономического успеха. Меняется мировоззрение отдельных людей, их мотивация и, как следствие, меняется мировоззрение и мотивация целого общества.

Государство, определяя пути становления и развития общества ориентируется, в первую очередь, на молодежь, потенциал и знания которой могут стать залогом прогрессивного развития государства.

Организация жизнедеятельности молодежи требует непосредственного воздействия на нее и взаимодействия с ней. Развитие казахстанского демократического государства будет эффективным только при активном участии молодежи в процессах создания государства, в том числе и на государственном уровне.

Объект исследования: Общественные отношения, возникающие в процессе студенческого самоуправления.

Предмет исследования: студенческое самоуправление в учебных заведениях.

Цель статьи: Учитывая вышесказанное, целью данной статьи является освещение общих аспектов студенческого самоуправления в учебных заведениях Казахстана, а также выработке рекомендаций по совершенствованию законодательных основ.

Задачи:

- проанализировать законодательство РК, регламентирующее деятельность по самоуправлению студентов;
- изучить международный опыт взаимодействия студентов с администрацией ВУЗа;
- выработать рекомендации и предложения по совершенствованию студенческого самоуправления.

В результате анализа последних исследований в области государственного управления можно говорить о том, что, хотя большое количество научных работ посвящается молодежи, все же существуют проблемы в этом ракурсе. Проблемы, которые волнуют молодежь, следует решать как на государственном, так и на местном уровнях, непосредственно привлекая ее к решению поставленных задач.

Методы и результаты исследования

Исследованию проблем молодежи, привлечению ее к процессам создания государства уделено внимание в значительном количестве

работ отечественных ученых. Среди современных казахстанских ученых следует выделить труды таких исследователей, как (Б. А. Абдыкаримова, А. Р. Анасова, Р. И. Бурганова, Т. Г. Галиева, В. В. Егорова, А. Ж. Исмаилова, З. У. Кенесарина, А. Н. Тесленко, Т. К. Туркенова и др. Среди современных зарубежных исследователей проблемам реализации государственной молодежной политики, роли молодежи в процессах можно выделить работы Ю. Волкова, В. Добренькова, И. Ильинского, А. Ковалевой, В. Лукова, И. Савченко П. Шаповалова и др.

Студенческое самоуправление на европейских просторах не является новым феноменом, достигая своими корнями еще во времена возникновения первых средневековых университетов. Уже тогда наиболее способные студенты привлекались к выполнению отдельных административных функций, а также к преподаванию в качестве помощников профессоров [1]. Недаром университеты считаются своеобразной моделью гражданского общества и в этом плане предшествовали современному типу европейской цивилизации [2].

В нынешней Европе студенты принимают довольно активное участие в деятельности своего учебного заведения. Такое коллективное, солидарное участие рассматривается руководством учебных заведений и функционерами системы образования не просто как дополнительная гарантия адекватности образовательных услуг требованиям их реципиентов (студентов и работодателей), но и как существенный фактор социализации молодежи, рост ее политической и правовой культуры и общественной активности, который позволяет студентам на практике ознакомиться с функционированием учебного заведения (за участие в подготовке и принятии определенных решений в рамках ВУЗа) и системой представительной демократии (на примере выборных органов студенческого самоуправления).

Зато в Казахстане функционирования институтов студенческого самоуправления достаточно малоэффективно, причем как для решения собственно студенческих проблем, так и с точки зрения оптимизации учебного процесса. Одной из важнейших препятствий остается почти полная зависимость студенческих самоуправляющихся институтов (студенческого самоуправления, профсоюзов, профессиональных и общественных объединений, университетских СМИ и т.п.) от администрации вуза.

Таким образом, с учетом необходимости обеспечения поступательного развития высшего образования в Казахстане, проблема слабости института студенческого самоуправления требует оперативного решения. Тем более, что студенческое самоуправление признано одним из приоритетов для Казахстана в сфере управления университетами в рамках образовательной

программы ЕС «TEMPUS» [3]. Актуальность развития студенческого самоуправления как важного фактора в системе высшего образования последовательно отмечается и в других документах международного уровня, в частности, в коммюнике Всемирной конференции по высшему образованию «Новая динамика высшего образования и науки для социального изменения и развития» (ЮНЕСКО, Париж, 5-8 июля 2009), где прямо говорится об «обеспечении активного участия студентов в академической жизни, со свободой выражения и правом организации» [4].

Основным нормативно-правовым актом, регулировавшим деятельность органов студенческого самоуправления в Казахстане, являлся Закон РК от 7 июня 1999 г. № 390 «О высшем образовании», утративший силу в настоящее время, в котором четко регламентировалась деятельность по студенческому самоуправлению. Между тем в принятом Законе Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» данная деятельность утрачена, что является недопустимым с точки зрения эффективности образовательного процесса [5].

На уровне же учебных заведений студенческое самоуправление регулируется:

1) Уставом высшего учебного заведения (принимается высшим коллегиальным органом общественного самоуправления ВУЗов – общим собранием (конференцией) трудового коллектива, включая выборных представителей из числа лиц, обучающихся в высшем учебном заведении – по представлению Ученого совета ВУЗа)

2) Положением о студенческом самоуправлении в вузах (принимается высшим органом студенческого самоуправления ВУЗов – общим собранием (конференцией) лиц, обучающихся в вузах, – и утверждается высшим коллегиальным органом общественного самоуправления ВУЗов)

3) актами самих органов студенческого самоуправления, принятыми в соответствии с законодательством РК и приведенных выше документов.

Необходимо привести в соответствие действующее законодательство РК об образовании в сфере студенческого самоуправления. Так, в ныне действующем ЗРК «Об образовании», студенческое самоуправление в Казахстане на уровне студенческой группы, факультета, общежития, высшего учебного заведения не регламентировано. Кроме того, в зависимости от контингента студентов, типа и специфики высшего учебного заведения, студенческое самоуправление не осуществляется на уровне курса, специальности, студенческого городка, структурных подразделений высшего учебного заведения. Налицо методологическая непоследовательность и

даже определенная законодательная недоработка в части студенческого самоуправления [5].

Существует целый ряд типичных нарушений норм законодательства о студенческом самоуправлении: отчисления, восстановлении, переводе студентов с контракта на бюджет или наоборот, заселения и выселения из общежития без согласия органа студенческого самоуправления; назначения должностных лиц, ответственных за работу со студентами, без участия студенческих представителей [7].

В этом контексте очевидна необходимость в обеспечении надлежащего контроля со стороны Министерства образования и науки РК за деятельностью вузов в части обеспечения прав студенческого самоуправления с привлечением к юридической ответственности лиц, виновных в нарушениях требований законодательства в этой сфере.

Существенной проблемой остается пассивность, инертность, индифферентность студенческого сообщества в отношении многих актуальных проблем студенческого самоуправления. Отчасти это может объясняться недостаточной информированностью студентов о возможностях студенческого самоуправления. Сейчас далеко не все студенты осознают, каким образом студенческое самоуправление может улучшить их положение или решить конкретные проблемы [8].

То же самое касается представителей администраций вузов и органов государственного управления. Несмотря на то, что в последние годы в среде функционеров системы высшего образования уделяется определенное внимание вопросам развития студенческого самоуправления, часть из них склонны видеть в органах этого самоуправления не полноправных партнеров, совместно с которыми можно решать университетские или даже некоторые отраслевые проблемы, а своих «антагонистов».

В то же время, зарубежный опыт убедительно доказывает: эффективное функционирование студенческого самоуправления как организационной структуры оказывает существенное положительное влияние не только на качество образовательных услуг и управления высшим учебным заведением, но и имеет организационно-педагогический эффект, когда студенты в реальном партнерстве с администрацией вуза в пределах прав, предоставленных им законом, в значительной степени несут и солидарную ответственность за происходящее в учебном заведении [9].

Таким образом, студенческое самоуправление способствует прямой заинтересованности студентов в высоком качестве образовательных услуг, росте рейтинга и авторитета ВУЗа, а значит – положительно влияет на

академическую успеваемость и оптимизацию учебного процесса в высшем учебном заведении в целом.

Некоторые государства уделяют этим вопросам столь серьезное внимание, что даже определяют их в качестве национальных приоритетов. Например, в Малайзии повышение уровня академической успеваемости учащихся и студентов признано одним из семи ключевых сфер, которые важны для граждан, и включено в Государственную программу трансформации - правительственного комплексного плана преобразований, направленного на приобретение Малайзией статуса государства с развитой экономикой до 2025 года. Это вполне оправдано еще и потому, Малайзия уделяет огромное значение качеству образования и подготовке квалифицированных специалистов [10].

Учитывая вышеуказанное, можно утверждать, что от того, насколько будет осознана необходимость в эффективной системе студенческого самоуправления в Казахстане, во многом зависит успешность дальнейшей интеграции нашего государства в европейское и мировое научно-образовательное пространство.

Важно также обеспечить надлежащую материальную базу деятельности органов студенческого самоуправления. Речь идет о необходимости введения нормы в Закон РК «Об образовании», по обеспечению финансирования со стороны высшего учебного заведения в размере не менее 0,5% средств специального фонда ВУЗа и оказанию содействия со стороны руководства вуза по созданию надлежащих условий для деятельности органов студенческого самоуправления. Это касается, в частности, предоставление помещения, мебели, оргтехники, обеспечение телефонной связью, постоянным доступом к сети Интернет, отведение мест для установки информационных стендов и тому подобное. Нужно также создавать возможности для привлечения средств из других источников. Здесь может быть полезным опыт ФРГ, где государство вкладывает большие финансовые ресурсы для обеспечения студенческих сообществ.

Выводы

Следует признать, что через административные меры, невозможно добиться эффективного студенческого самоуправления. Так как это проявление собственной инициативы студентов. Государство лишь должно выступать посредником для реализации данных идей.

Использование всех возможностей студенческого самоуправления в соответствии с действующим законодательством позволит:

1) наладить эффективное сотрудничество между администрацией ВУЗа и студентами по широкому спектру вопросов;

2) создать дополнительные условия для роста качества подготовки специалистов в системе профессионального образования в Казахстане;

3) обеспечить дальнейшую интеграцию национальной образовательной системы в европейское и мировое образовательное пространство.

Достижения указанных целей требует осуществления следующих шагов:

– введение норм по студенческому самоуправлению в Закон РК «Об образовании» с их четкими формулировками, обеспечения их адекватности современным европейским и мировым практикам;

– усиление контроля со стороны Министерства образования и науки РК за выполнением администрациями вузов норм Закона РК «Об образовании»;

– активизации деятельности студенческого совета при Министерстве образования и науки РК в части разъяснительной работы среди студентов о возможности студенческого самоуправления и новейшем зарубежном опыте в этой сфере, в т. ч. через инициирование различных проектов и программ обмена опытом с европейскими и мировыми вузами заведениями.

Список использованных источников

1 **Савченко, С. В.** Проблемы студенческого самоуправления в измерении социальной педагогики / Савченко С. В. // Социальная педагогика : теория и практика. – 2015. – № 4. – С. 4–10.

2 **Тарасов, Т. М.** Развитие студенческого самоуправления как направление государственной поддержки молодежи в Казахстане / Т. Н. Тарасов // Государственное управление и местное самоуправление. Сборник научных трудов. – 2010. – Вып. 4 (7). – С. 183–191.

3 Новая динамика высшего образования и науки для социального изменения и развития : Коммюнике // Всемирная конференция по высшему образованию, ЮНЕСКО, Париж, 5-8 июля 2009 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: online.zakon.kz

4 Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.07.2020 г.) [Электронный ресурс]. – Режим доступа: online.zakon.kz

5 Студенческое самоуправление в других странах // Общественная инициатива «Студенческая защита» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.studzahyst.org>.

6 Вхождение национальной системы высшего образования в европейское пространство высшего образования и научного исследования : мониторинг. исслед. – М. : Таксон, 2018. – С. 46.

7 Студенческое самоуправление в других странах // Общественная инициатива «Студенческая защита» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.studzahyst.org>.

8 **Акиншина, И. Б.** Студенческое самоуправление в вузах Германии : традиции, опыт, модели : Монография / И. Б. Акиншина, И. Ф. Исаев. – Белгород : ИД «Белгород» НИУ «БелГУ», 2014. – 176 с.

9 **Сидорова, А.** Основы студенческого самоуправления / А. Сидорова // Вестник высшей школы. – 2015. – № 2. – С. 34–36.

10 **Пономарев, А. В.** «Зарубежный опыт развития студенческого самоуправления» / А. В. Пономарев, М. А. Бердников // Студенчество : Диалоги о воспитании. – 2017. – № 3. – С. 16–17.

References

1 **Savchenko, S. V.** Problemy studencheskogo samoupravleniya v izmerenii social'noj pedagogiki [Problems of student self-government in the measurement of social pedagogy]. Ed. Savchenko S. V. In Social'naya pedagogika: teoriya i praktika. Social pedagogy : theory and practice]. – 2015. – No. 4. – P. 4–10.

2 **Tarasov, T. M.** Razvitie studencheskogo samoupravleniya kak napravlenie gosudarstvennoj podderzhki molodezhi v Kazahstane [Development of student self-government as a direction of state support for youth in Kazakhstan]. Ed. T. N. Tarasov. In State management and local self-government. Collection of proceedings. – 2010. – Issue 4 (7). – P. 183–191.

3 Novaya dinamika vysshego obrazovaniya i nauki dlya social'nogo izmeneniya i razvitiya: Kommyunike [New dynamics of higher education and science for social change and development : Communique In Vsemirnaya konferenciya po vysshemu obrazovaniyu. World conference on higher education]. UNESCO, Paris, 5-8 July 2009 [Electronic resource]. – Mode of access: online.zakon.kz.

4 Zakon Respubliki Kazahstan ot 27 iyulya 2007 goda № 319-III «Ob obrazovanii» (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 07.07.2020 g.) [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 27, 2007 No. 319-III «On education» (with amendments and additions as of 07.07.2020)] [Electronic resource]. – Mode of access: online.zakon.kz

5 Studencheskoe samoupravlenie v drugih stranah [Student self-government in other countries]. In Obshchestvennaya iniciativa «Studencheskaya zashchita» [Public initiative «Student protection»] [Electronic resource]. – Mode of access: <http://www.studzahyst.org>.]

6 Vhozhdenie nacional'noj sistemy vysshego obrazovaniya v evropejskoe prostranstvo vysshego obrazovaniya i nauchnogo issledovaniya: monitoring. issled. [Integration of the national higher education system into the European higher education and research area: monitoring. research]. – Moscow : Taxon, 2018. – P. 46.

7 Studencheskoe samoupravlenie v drugih stranah [Student self-government in other countries]. In Obshchestvennaya iniciativa «Studencheskaya zashchita» [Public initiative «Student protection»] [Electronic resource]. – <http://www.studzahyst.org>.

8 **Akinshina, I. B.** Studencheskoe samoupravlenie v vuzah Germanii : tradicii, opyt, modeli : Monografiya / [Student self-government in German universities: traditions, experience, models : monograph]. Eds. I. B. Akinshina, I. F. Isaev. –Belgorod : «Belgorod» publishing house of the national research. University «BelSU», 2014. – 176 p.

9 **Sidorova, A.** Osnovy studencheskogo samoupravleniya / [Fundamentals of student self-government]. Ed. A. Sidorova. In Bulletin of higher education. – 2015. – No. 2. – P. 34–36

10 **Ponomarev, A. V.** «Zarubezhnyj opyt razvitiya studencheskogo samoupravleniya» [«Foreign experience in the development of student self-government»]. Eds. A. V. Ponomarev, M. A. Berdnikov. In Studentship : Dialogues about education. – 2017. – No. 3. – P. 16–17.

Материал поступил в редакцию 29.12.20.

C. Қ. Шалабаев

Студенттік өзін-өзі басқару университет жағдайында оқу процесін оңтайландыру факторы ретінде

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
Материал 29.12.20 баспаға түсті.

S. Shalabayev

Student self-government as a factor of optimization of the educational process in the university environment

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 29.12.20.

Кез келген мемлекет өз дамуында белсенді жастарға баса назар аударуы тиіс. Тек ол ғана елдің дамуына түбегейлі өзгерістер енгізе алады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында студенттік өзін-өзі басқару мәселелеріне көңіл бөлінбейді, студенттердің оқу орнының әкімшілігімен өзара іс-қимыл тетігі заңнамалық тұрғыдан реттелмеген. Сонымен қатар, мақалада Қазақстандағы студенттік ұжымдық өзін-өзі басқарудың нақты проблематикасына байланысты кейбір мәселелер баяндалады. Студенттік өзін-өзі басқару туралы заңнама нормаларының бірқатар типтік бұзушылықтарының болуы атап өтілді: оқудан шығару, қалпына келтіру, студенттерді келісім-шарттан бюджетке ауыстыру немесе керісінше, студенттік өзін-өзі басқару органының келісімінсіз жатақханадан шығару және шығару, студенттермен жұмыс істеуге жауапты лауазымды тұлғаларды студенттік өкілдердің қатысуынсыз тағайындау. Сондай-ақ, мақалада студенттік ұжымдық өзін-өзі басқарудың шетелдік тәжірибесі талданып, ұйымдастырушылық және құқықтық факторлар айқындалды, Қазақстандағы студенттік өзін-өзі басқарудың даму перспективаларына қатысты тұжырымдар мен ұсынымдар жасалды. Қазақстанға студенттік өзін-өзі басқару мүмкіндігі және осы саладағы шетелдік жаңа тәжірибе туралы студенттер арасында түсіндіру жұмыстары бөлігінде ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы студенттік кеңестің қызметін жандандыру қажет екендігі атап өтілді.

Кілтті сөздер: студенттер, өзін-өзі басқару, мемлекеттік басқару, жастар кеңесі, студенттер кеңесі, ұжымдық өзін-өзі басқару.

In its development, any state should focus on active youth. Only it is capable of radically making improvements to the country's development. Currently, the Republic of Kazakhstan does not pay attention to the issues of student self-government, and the mechanism of interaction between students and the administration of an educational institution is not regulated by law. In addition, the article highlights some issues related to the specific problems of student collective self-government in Kazakhstan. There are a number of typical violations of the legislation on student self-government: expulsion, reinstatement, transfer of students from the contract to the budget or vice versa, settlement and eviction from the hostel without the consent of the student self-government body, appointment of officials responsible for working with students, without the participation of student

representatives. The article also analyzes the international experience of student collective self-government, identifies organizational and legal factors, and formulates conclusions and recommendations on the prospects for the development of student self-government in Kazakhstan. It was noted that Kazakhstan needs to activate the activities of the Student Council under the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan in terms of explanatory work among students about the possibility of student self-government and the latest foreign experience in this field.

Keywords: students, self-government, public administration, Youth Council, Student Council, collective self-government.

FTAMP14.07.09

<https://doi.org/10.48081/YHRK1563>**Ә. О. Ыбырайым¹, Д. Д. Байдалиев²**

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.;

²М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ӘУЛИЕАТА ӨҢІРІНДЕГІ ОҚУ-АҒАРТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

Берілген мақалада Қазақтың кең-байтақ өлкесінде білім мен ғылымның пайда болып, даму тарихы да өзінің ілкі бастауларын сонау ерте замандардан алады. Қазақстан жерінде, әсіресе, оның отырықшы аудандарында орта ғасырдың өзінде көптеген мектептер соның ішінде мұсылманша бастауыш оқу орны мен медреселер, діни білім беретін ортадан жоғары оқу орындары жұмыс істей бастағаны туралы тұжырымдалған.

Ұлы Жібек жолы ғасырлар бойы Әулиеата өңірінде әлемдік тіршіліктің күретамырларына айналып, тек сауда-саттық ғана емес, мәдениет пен ілім-білімнің, оқу-ағарту ісінің қайнар көзі болды. Әулиеата өңірінде мұсылманша білім беретін мектептердің нақты саны мен олардың құрылысы мен жабдықталуы туралы деректер ғылыми әдебиеттерде толыққанды кездесе бермейді. Оның себебі, мұндай мектептерді ашу үшін патша әкімшілігінен арнайы рұқсаты қажет болатын. Ал мұндай рұқсат қағазды алудың машақаты мен әуре-сарсаңы көп болғандықтан ауылдық жерлерде молдалар көбінесе өз қалауларына діни бағыттағы мектептер ашып алды және олары арнай санақтар мен есепке тіркемеген болатын.

Мақалада авторлар Жамбыл облысы құрылғанға дейінгі кезеңдердегі Әулиеата өңіріндегі оқу-ағарту жүйесінің даму тарихы мен ондағы мәселелерге талдаулар жасаған. Оқу-ағарту жүйесінің дамуына үлес қосқан тұлғалар мен зиялылардың еңбектеріне де ғылыми сипаттама берілген.

Кілтті сөздер: Әулиеата, медресе, мектеп, оқу-ағарту, білім беру, балалар

Кіріспе

Ерте замандардан бастап-ақ халқымыз ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Бала дүниеге келгеннен бастап оның дұрыс өсіп, дене бітімі мен ақыл-ойының жетілуіне дейін үлкен көңіл бөлгендігі белгілі.

Қазақ топырағынан шыққан көкірегі ояу, көзі ашық ойшыл азаматтарымыз бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке мұра етіп қалдырып, кейінгі ұрпақтарын өнер, білімге, оқуға үндеген.

Баланы оқуға, білім алуға тәрбиелеу мәселесін ерте кезден бастап-ақ адамзат баласы қара сөзбен жеткізе білсе, ғұламалар мен ғалымдар өздерінің шығармаларына арқау еткен.

Рухани байлығымыздың алтын діңгегі саналған Әулиеата өңіріндегі оқу-ағарту жүйесі де өз бастауын тереңнен алады.

Зерттеудің нысаны: Оқу-ағарту жүйесінің дамуы

Зерттеудің пәні: Әулиеата өңіріндегі оқу-ағарту жүйесі

Мақсаты: Қазақ халқы ерте замандардан бастап-ақ өз ұрпағын білімді де сауатты етіп тәрбиелеуге аса мән берген. Бізге жеткен нақыл және мысалдардан осы мәселенің өзектілігін бағамдаймыз. Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиялық мақаласында туған жер тарихына аса мән берген болатын. Осы орайда Әулиеата өңіріндегі білім мен ғылымның, оқу-ағарту жүйесінің дамуына ғылыми негізде сипаттама беру қажеттілігі туындап отыр.

Міндеттері:

– Әулиеата өңіріндегі XIX ғасырдың соңына дейінгі кезеңдердегі оқу-ағарту жүйесінің тарихына ғылыми сипаттама беру;

– XX ғасырдың басындағы ең алғаш ашылған мектептер мен ондағы мәселелерге талдулар жасау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Соңғы жылдары жекелеген өңірлердің түрлі салаларын зерттеуге аса мән беріліп осы бағытта түрлі ғылыми әдебиеттер мен мақалалар жарық көріп келеді. Кеңес үкіметі тұсында қазақ даласындағы байырғы оқу - ағарту жүйесінің тиімділігін зерттеуге, ұтымды тұстарын дәлелдеуге шектеулер қойылған. Өйткені бұл мәселенің өзіндік себебі де бар болатын. Осы орайда Әулиеата өңіріндегі оқу-ағарту жүйесінің дамуы мен ондағы мәселелерді талдау педагогика мен тарих саласында құндылыққа ие.

Қазақ халқының педагогикалық тарихы сонау ерте замандардан-ақ бастау алған. Өркениетке жетудің негізі болған оқу-ағарту жүйесін тиімді жолға қоя білген елдер, өз даму жолына түсіп, күллі әлемге мәдениетімен, әдебиетімен, ғылымымен танылғаны тарихымыздан белгілі.

Отырар қаласынан шыққан атақты оқымысты ғалым Әл-Фараби, Түркістан өлкесінен шыққан Яссауи, қазақ халқының тарихының негізін қалаушы М. Х. Дулати, аты әлемге әйгілі Ж. Баласағұн, М. Қашқари өз жұртын үнемі білім алуға шақырып отырған.

Тағылымды тарихы мен өрелі мәдениеті ерте кезеңдерден-ақ талайлардың таңдайын қақтырып, тамсандырған Жамбыл өңірінде оқу-білім ісінің пайда болып, даму тарихы да өзінің ілкі бастауларын сонау ерте замандардан алады. Ортағасырлық Тараз, Исфиджаб, Сайрам, Түркістан, Отырар, т.б. қалаларында көптеген мектептер (мұсылманша бастауыш оқу орны) іргелі медреселер, діни білім беретін ортадан жоғары оқу орындары жұмыс істей бастағаны және олардың саны 84-ке жеткендігі көрсетілсе, бір ғана Баласағұн қаласында 40 мешіт, 20 медресе болғаны туралы деректер бар [1, 24].

Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, Қарлұқ қағанаты тұсында Тараз қаласынан 40 шақырым қашықтықта орналасқан Ақыртас керуен сарайында алғаш рет оқу білім ордалары бой көтеріп, балаларды өнер, білімге тәрбиелеуге үлес қосқан екен.

Проф. Ә.Дербісәлінің дерегі бойынша өз бастауын VII-VIII ғасырлардан алатын еліміздегі медреселердің ішінде оқу бөлімшелері құжыра, қархана, дәрсіхана деп аталған. Өрбір ірі медреселерде кітапханалар жұмыс істеген. Медреселерде дәріс беретін оқытушылар «абыз» (хафиз), «ахун», «молда», «хазірет», одан жоғары «мударис» (оқытушы, ұстаз) деп аталады. Ал оқушыларды «шәкірт», «талиб әл-илм» (ғылым ізденуші) дейтін болған [1, 312].

Медреселер өзінің білім беру, оқу дәрежесіне қарай төрт басқышқа бөлінеді.

– Бастауыш медресе. Оны ибтидая (бастауыш) деп атайды. Оқу мерзімі – 4 жыл.

– Рушдия, оқу мерзімі – 3 жыл.

– Иғдадия – жоғары оқуға дайындық, оқу мерзімі – 3 жыл.

– Ғалия, мұнда жоғары білім береді. Оқу мерзімі – 3 жыл.

Ғалияны бітірген шәкірттерге «абыз», «молда», «халфе» немесе «мударис» деген атақ беріледі. Медреселерде жалпы оқу мерзімі 12–13 жылға созылады [1, 312].

Отаршылдық идеологияның негізінде Кеңес өкіметі орнағанға дейін тек Жамбыл өңірінде ғана емес, күллі Қазақ жерінде халықтың 98,5 пайызы сауатсыз, білімсіз – деп санамызға сіңірді.

Сол кездің өзінде қазіргі Талас ауданындағы Үшарал, Ойық, Тамды елді мекендерінде елдің сауатын ашқан оқу орындары болғаны туралы деректер де жетерлік.

Тараз қаласында алғашқы сауат ашу мектебі Түркістан генерал-губернаторы К. П. фон Кауфманның бұйрығына сәйкес 1876 жылы ашылып, 1879 жылы екі сыныптық қалалық училище, 1905 жылы ол үш сыныптық болып қайта құрылды. 1911 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша ол жерде 80 оқушы білім алса, оның 64 орыс, 1 еврей, 15 магометандық болған (Бұл қазіргі таңда Пушкин көшесі №15, Әлихан Бөкейханов атындағы №1 гимназия) [2, 43].

Аталмыш заң бойынша, әрбір діни мектептерде, орыс тілін білмейтін молдалардан басқа татар тілін білетін орыс оқытушысы болуы керек еді және мұсылман балаларының мектептерге оқуға түсудегі басты мақсаты орыс тілінде сөйлеуді үйретуді қамтамасыз ету туралы атап көрсетілген. Әулиеата өңіріндегі оның бір ғана мысалын келтіре кетейік.

Патшалық Ресей тұсында Т. Рысқұлов ауданына қарасты Қарақыстақ ауылының маңында «Заездной двор» деп аталып кеткен пошта бекетіне 1885 жылы екі сыныптық шіркеу мектебі ашылып, оған Меркі приставының хатшысы Григорий Чаранов мұғалім әрі меңгеруші болып тағайындалған екен. Әрине, православ шіркеуі тіліне балаларын оқытуға жергілікті халықтың құлқы болмағандығы айтпаса да белгілі болатын (Бұл мектеп 1920 жылы бастауыш білім беретін үлгіде қайта құрылып, 1939 жетіжылдыққа толықтай ауыстырылады).

Түркістан генерал-губернаторы К. П. фон Кауфман түземдік мектептер ашу мәселесін қолға алып, онда дәріс беретін оқытушыларды даярлау үшін 1879 жылы Ташкент қаласында мұғалімдер семинариясын ашты. Бұл семинарияға орыс балаларымен қатар қазақ балалары да қабылданды. Осы кезеңде Сырдария мен Жетісу облыстарындағы білім беру жүйесін қадағалап отыру Түркістан генерал-губернаторлығына тапсырылған болатын [3, 96].

Тараз қаласында 1879 жылы қыз балаларға арналған бір жылдық, ал 1892 жылы – ер балаларға арналған приходтық училище ашылды. Қалада орыс-түземдік мектебі 1895 жылы ашылған болатын. Мұнда негізінен жергілікті халықтың балалары білім алған. Өкінішке орай осы кезеңдегі орыс-түземдік мектептің оқыту жүйесі мен тарихына қатысты мәліметтер сақталмаған.

Әулиеата қаласында 1883 жылы Қойгелді батырдың ұрпағы Керімбай Бұралқыұлы болыстың бастамасымен мешіт салдырып, орыс-бұратана мектебін ашады. Қазақ балалары үшін алғаш Аса интернаты салынып, онда 51 бала білім алды (Бұл білім ошағына 1992 жылдан бастап Керімбайдың есімі берілді).

Қоқан хандығына қарсы көтерілген қазақ руларын басқарған күллі Жетісу аймағына аты мәлім белгілі шешен, би Ноғайбай Дәулетбақұлы алқаш рет Қордай ауданына қарасты Сұлутөрте қазақ балаларына арнап мектеп ашқызып, тәлім-тәрбие берген. Оның халқына жасаған ерекше еңбегін ескере келе, жергілікті халық Қордай ауданынан көше атын беріп, Қарасу ауданына еңселі күмбезді орнатты.

1897 жылы Меркі ауданында алғашқы қазақ-орыс түземдік бастауыш мектебі ашылған болатын. Атақты мемлекет қайраткері, ұлт зиялысы Т. Рысқұлов әкесі Рысқұл 1904 жылы озбырлығы мен әділетсіздігі үшін Саймасай Үшкемпіров атты болысты атып өлтіргені үшін Сахалинге 10 жылға сотталып кеткенінде Тұрардың – «Қырғызбаев» деген жалған фамилиямен нағашыларының қолында осы мектепте оқыған болатын.

Жазушы К. Баялиевтың дерегі бойынша, 1897 жылы халық санағы бойынша Әулиеатада 11 мың 700 адам тұрды. Аш-жалаңаштық, сауатсыздық жайлаған қалада 1907 жылы мемлекет бөлген барлық қаржының 63,2 проценті полиция мен әкімшілік орындарын ұстауға жаратылса, ал халық ағарту ісіне 0,8 проценті ғана жұмсалды. Сол кездегі Әулиеата уезінде қазақтардың екі проценті ғана хат таныған. Қаладағы үш шіркеу мен 21 мешітте оқу негізінен діни сарында жүргізілді. Мұнда дәулеттілердің балалары сауат ашқан [4, 10].

XX ғасыр Қазақ жерінде мұсылман мектебі мен медреселер жайында мағлұмат берген «Қазақстан», «Қазақ» және «Айқап» сияқты мерзімді басылымдар болды.

XX ғасырдың басындағы Әулиеата қаласы мен оның маңында мекендеген халықтардың ұлттық құрамы мен мешіт-медреселердегі оқыту жүйесі туралы М.Кәшімов «Айқап» журналының 1912 жылғы 1-ші нөміріндегі «Әулиеата хабарлары» атты мақаласында: «Әулиеата қаласының маңайында қазақ-қырғыз, қалада тұрушылардың көбірегі сарт болып, саудагер ноғайлар да бар. Бұрынғы жылдарға қарағанда осы уақытта орыстар да көбейіп келеді. Әулиеата шаһарында ресми 2-3 махалла мешіт пен Ликин ер һәм қыз балаларға арналған бір ғана мектеп болса да медресе жоқ. Медресе емесінде салынған болса да оқудан бос қалып, қаңырап тұр. Мешіт медресеге тиісті ақшаны ишан, хазреттер ішіп-жеп рахаттанып жатыр» – олардың озбырлығы туралы айтып кеткен болатын.

«Айқап» журналының, қазіргі тілмен айтсақ, арнайы тілшісі қызметін атқарған М.Кәшімов өз хабарламасында сол кездегі қаладағы оқу ісінің жағдайы туралы «Әулиеатада оқу жалғыз-ақ бір ноғай мақалласында бар. Ол жерде жетпістей бала оқытылып жатыр. Уфадағы медресе Ғалиядан Ысмағұл Юнісі деген мұғалім алдырған...» – десе, сол мешіт-мектептердің

қаржыландырылуы, кімдердің нақты көмектескендігі туралы: «Бұл мешіт, мектепке арналған қаражат жоқ болса да өзара ынтымақтықпен жәрдемдесіп, тәрбиелеп тұр. Өте қарасушылар: Сыражалдин, Ахметжан, Ысмағұл, Шәріпалдин деген адамдар. Бұлардан басқалар да қолдарынан келгенше қарап тұрмайды. Медресеге Хайсын Бигиев деген адам әр уақыт жамиғат жасап, медресенің кем-кетігін қарап тұрады» – деп сол кездегі оқу ісіне қатысты деректерді келтірген болатын.

«Айқап» журналы арқылы қазақ зиялыларының бірі Мұстақым Малдыбаев, Әулиеатадағы мұсылман мектеп-медреселерінде қазақ тілінде жазылған кітаптардың жоқтығынан «Татар әдебиеті», «Татар матбуғатын» амалсыз оқытып жатқандығын, қазақ балалары бастапқы кезде татар тілін түсінбесе де оқи-оқи бұл кітаптарды да меңгеріп кететіндіктерін, қазақ тілінде жазылған кітаптар болса құп көретіндігін айта келе, сол кітаптарды жазатын қазақ оқытушыларын даярлау турасында ұсынысын білдірген [5, 348].

1900 жылы Петербург қаласынан басып шығарылған «Үлкен энциклопедияда» Әулиеата өңірінің әлеуметтік-экономикалық ахуалына қысқаша мәлімет беріп, мұнда үлкен қоғамдық бақша, шіркеу екі приходтық училище болғандығын жазады. Оның бірі – ерлерге арналған болса, екіншісі – әйелдерге арналғандығы көрсетіліп, орыс-түземдік мектебі мен қолөнер сыныптары болғандығы көрсетілген.

Ресей патшасы Петергоф резиденциясында 13.06.1884 жылы қол қойып бекіткен «О церковно-приходских школах» ережесі негізімен қазіргі Нұрлыкент (бұрынғы Бурнооктябрьск) селосында 1904 жылы діни бағыттағы үшжылдық «Бурненская мужская церковно-приходская школа» мектебі ашылып, онда 20 оқушымен сабақ бастаған (Бұл Жуалы өңіріндегі білім ордасы қазіргі Ломоносов атындағы мектеп) [6].

Сол жылдары осы ауылдың бір кәсіпкері өз қаражатымен үш бөлмеден тұратын кең мектеп ғимаратын салып, оқытатын мұғалім болмағандықтан, оны да өзі іздеп тапқан. Мектептің екі бөлмесіне мұғалімнің отбасын кіргізген де сауып ішетін сиыры мен қой-ешкісін алып беріп, жалақысын да төлеп отырған. Ауылдағы мектеп пен шіркеу салу ісін жүзеге асырған сол кездегі аумаққа аты белгілі Николай Иванов деген кісі екен.

Жамбыл өңірінде алғашқы сауат ашу мектебін салғандардың қатарында Қалабаев Дербісәлінің қызметі ерекше. Ол Ақбұлым, Жасөркен, Тараз қаласының қант зауыты бөлігі, қазіргі Байзақ, Түймекент, шығыста Т. Рысқұлов ауданына қарасты Қайыңды ауылы аймақтарына дейін болыс болып, өз қаражатынан 1910 жылдары кішігірім медресе ашып, Қазан қаласынан араб тілін білетін молда алдырып, балаларды оқыта бастайды (1918 жылы сол медресе бастауыш мектеп болып ашылған).

XX ғасырдың басында, яғни 1913 жылғы дерек бойынша Әулиеатадағы шіркеу жанынан ашылған үш приходтық мектебінде білім алушы барлығы 250 оқушы болса, мұсылман дініндегі мешіт-медреселерде 150 бала оқыған. Бұл кездегі деректер бойынша жергілікті халықтың саны 19 мың адамды құраған. Ал қалада бар болғаны сауатты 24 оқытушы болған және де олардың айлық жалақылары 7 рубльді құраған.

1915 жылы Әулиеата уезі қарайтын Түркістан өлкесінің бюджеті 25 млн рубль болса, оның 575 мыңы ғана, яғни 2,3 % ғана оқу-ағарту саласына арналған болатын. Бөлінген қаржы жан басына шаққанда 13-26 тиыннан ғана келетін еді. Кейбір қалалар бойынша әр адамға 2 тиыннан ғана тиетін еді. Жалпы еліміз бойынша білімге жұмсалған қаржы 1913 жылы бір адамға шаққанда 40 тиыннан аспаған [7, 25].

Аталмыш мектеп қазіргі кезде Меркі ауданы Сармолдаев ауылдық округіндегі Рысқұлов көшесінің бойында күйдірілген кірпіштен, бір этажды, іші көлденеңінен оқу және тұрғын үй бөлімі болып екіге бөлінген қалпында сақталып, бүгінге жеткен. Деректерге сүйенетін болсақ, мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов бұл мектепте 1907-10 жылдары оқып, білім алған.

Жамбыл өңіріндегі Түркістанның генерал-губернаторы Н. И. Гродековтың атымен Талас өзенінің шұрайлы жеріндегі елдімекен 1916 жылы «Гродеково» селосы болып өзгертілген «Солдатское» селосының негізі 1903 жылы қалыптасты. Осы жерде де 1908 жылы патша генералы шіркеу салдырып, 1916 жылы «Приходская школа» атанған мектеп ашады [8, 65].

XX ғасырдың басындағы Мойынқұм өңіріндегі мәдени-ағарту істері жайлы архивтік деректер аз. Дегенмен Гуляевка селосында 1927 жылы қызыл кірпішпен салынған екі-үш кластық бастауыш орыс мектебі пайдалануға берілген екен. Бұрынғы Жамбыл атындағы совхоздың орталығындағы Көпсек елдімекеніндегі мектепте Қосанов Тінәш, Ынталы аумағындағы мектепте Тоғайбай Билібаев, Асан Құлжанов деген мұғалімдер төте жазуды кедей жастарына үйреткен.

Мойынқұм ауданындағы осы күнгі Құмөзек ауылының орталығынан 7-8 шақырым шығысында «Бұралқы тамы» деген жерде ең алғашқы бастауыш мектеп ашылып, онда 13 бала (арасында ересектер де бар) оқып, білім алған. Оның алғашқы мұғалімі Сейтқасым Көлбаев деген шала сауатты кісі болған деген деректер бар. Қазіргі Айдарлы ауылының орталығында да 1927–1926 жылдары бастауыш мектеп болған. Оның алғашқы мұғалімдері Тоқпақбай Тобағабылов, Бөкен Аманов деген кісілер болған. Қазіргі Талдыөзек ауылының «Шорман аралы» деп аталатын жерінде халық жиі қоныстанғандықтан бұрынғы мешітті 1927 жылы мектепке айналдырып, онда 30 шақты бала оқыған. Қазіргі Мойынқұм

ауылының Ернарар участогіндегі елді мекенде сол жылы бастауыш мектеп ашылып, онда Елшібаев деген кісі ұстаздық еткен [9, 52].

1928 жылы 3 қыркүйекте ұйымдастырылған Талас ауданында атқару комитетінің сессиясы өткізіліп, сонда бірнеше бөлімдердің, оның ішінде оқу бөлімінің де құрылғаны мәлім етілді. Оқу бөлімінің меңгерушілігіне Ш.Жанкелдин (атақты революционер, Қазақ өлкесінің тұңғыш дала комиссары Әліби Жанкелдиннің туысы) тағайындалды. Алғашында Қызыл отау, Жұмысшы-шаруа мектебі, сауатсыздықты жаппай жою мектебі түрінде оқу орындары ашылды [10, 25].

1934–1935 жылдары оқу саласын қайта құруға байланысты ауданда жеті жылдық мектептер есіктерін айқара аша бастады. Мысалы, ондай мектептер Үшарал, Тамды, Қызылжар елді мекендерде ашылған. Ұлы Отан соғысының алдында Шолақтау ауылының алғашқы қазығы қағыла бастағанынан-ақ білім беруге мән берілген еді.

1930 жылы тамыз айында Республикада жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру туралы үкімет қаулысы қабылданды. Осыдан кейін еліміздің басқа өңірлері секілді Әулиеатада да бастауыш білім беру науқаны кең ауқымда жүре бастаған болатын.

1939 жылғы 14 қазанда өз алдына Жамбыл облысы құрылған болатын. Осы кезден бастап оқу-ағарту жүйесінде де біршама жаңартулар орын алды. Бұл деректердің барлығы архивтерде сақталған. Алдағы уақытта бұл мәселе төңірегінде де терең ізденістер болатындығына сенеміз.

Қорытынды

Қорытындылай келе айтарымыз, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың басшылығымен туған өлкені тану мәселесіне мемлекеттік деңгейде мән беріп отырған тұста зерттеу тақырыбы өзіндік құндылыққа ие.

